

Төлепбекова С. Қ., Аманжолов А. И.,  
Жылқайдарова А. М.



Жаратылыстану-математика бағытындағы жалпы білім  
беретін мектептің 10-сынып оқушыларына арналған оқулық









*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі ұсынған*



АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ  
2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 26.8 я73  
Т 65

## Шартты белгілер

-  – қосымша ақпаратпен жұмыс
-  – сарамаңдық жұмыс
-  – зертте
-  – сызба түрінде бейнеле
-  – картамен жұмыс
-  – менің көзқарасым
-  – өзіңді тексер
-  – топтық жұмыс

*Ғылыми кеңесші – география ғылымының докторы, профессор  
О. Б. Мазбаев*

**Төлепбекова С. Қ.**

**Т 65 ГЕОГРАФИЯ: Оқулық. 2-бөлім.** Жаратылыстану-математика бағытындағы жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларына арналған / С. Қ. Төлепбекова, А. И. Аманжолов, А. М. Жылқайдарова – Алматы: АЛМАТЫ-КІТАП БАСПАСЫ, 2019. – 192 бет, суретті

ISBN 978-601-01-3810-0 (жалпы)

2-бөлім – 192 бет

ISBN 978-601-01-3811-7

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 26.8 я73

ISBN 978-601-01-3811-7 (2-бөлім)  
ISBN 978-601-01-3810-0 (жалпы)

© Төлепбекова С. Қ., Аманжолов А. И.,  
Жылқайдарова А. М., 2019  
© «АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ» ЖШС, 2019

## Құрметті оқушым!

**4-бөлім. «Геоэкономика»** жаңа геоэкономика ғылымының негіздерімен таныстырады. Дүниежүзілік шаруа-шылықты ұйымдастырудың аумақтық түрткіжайттары туралы, дүниежүзі елдерінің құрылымы мен аумақтық шаруашылық үлгісі туралы, экономикалық көрсеткіштері, экономикалық дамуы туралы ұғым береді.

**5-бөлім. «Геосаясат»** бөлімінде геосаясат негіздерін: оның өзектілігін, дүниежүзілік геосаяси кеңістікті, мемлекеттік аумақтың морфологиясын оқып-үйренесің. Географиялық түрткіжайттардың геосаясатқа әсерін зерттеп, олардың қызметі, қалыптасу процесі тұрғысынан мемлекеттік шегараларға талдау жасайсың. Қазақстанның мемлекеттік шегарасын нығайту бойынша шешімдер қабылдайсың.

**6-бөлім. «Елтану».** Бұл бөлім дүниежүзі аймақтарын зерттеп, елдерді салыстыру әдісін үйретеді. Елдерді салыстыруда қолданылатын көрсеткіштерді, елдердің әлеуметтік, экономикалық, геосаяси аспектілері бойынша индекстері мен рейтингісі есебі әдістемесін меңгересің.

**7-бөлім. «Адамзаттың жаһандық мәселелері».** Бұл бөлімде аумақтық жаһандық мәселелердің пайда болу критерийлерін, себептерін, салдарларын анықтаудың классификациясын жасай аласың.

Бұл оқулықтың интернет желісіндегі [oriq.kz](http://oriq.kz) арнайы оқу платформасында электронды нұсқасы бар. Ноутбук, компьютер, планшет және смартфондарды пайдаланып, электронды оқулықпен жұмыс істей бересің. Оқу анағұрлым қолайлы болатынына сенімдіміз.

Электронды оқулықтар қызықты материалдармен үнемі толықтырылып отырады. Әр сабақта тақырыпқа сай сурет, сызба, аудио және бейнематериалдар берілген. Тапсырмаларды дұрыс орындағаныңды бірден тексеруге де мүмкіндігің бар. Оқу барысында электронды оқулықтар сенімді көмекшің болып, білім алуды барынша қызықты етеді. Жаңа технологиялар әлеміне қош келдің!

Сәттілік тілейміз!

## МАЗМҰНЫ

### 4 бөлім

### ГЕОЭКОНОМИКА

#### 4.1 ГЕОЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІ

#### ГЕОЭКОНОМИКАНЫҢ ЗЕРТТЕУ ПӘНІ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

65-66. Геоэкономика теориясының негізгі жағдайы .....	7
67-68. Аймақтағы елдерге экономикалық, геоэкономикалық дамудың әсері .....	11
69-70. Дүниежүзілік шаруашылық салаларының орналасуы .....	14
71-72. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы мен түрлері .....	21
73-74. Дүниежүзілік шаруашылықтың үлгілері .....	27
75-76. Дүниежүзінің экономикалық жағынан дамыған елдерінің жіктелуі .....	31
77. Экономикалық жағынан дамыған елдер .....	38
78. Қазақстан Республикасының шаруашылық құрылымы .....	44

#### ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

79-80. Зерттеудің түрлі әдістерін қолдану .....	47
81. Картографиялық зерттеу әдістерін қолдану .....	49

#### ГЕОИНФОРМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

82-83. Microsoft Excel бағдарламасын пайдаланатын географиялық деректер базасын құру .....	50
84. Ақпаратты коммуникациялық технологияда графикалық реттеу .....	52

### 5 бөлім

### ГЕОСАЯСАТ

#### 5.1 ГЕОСАЯСАТ НЕГІЗДЕРІ

#### ГЕОСАЯСАТТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

85. Геосаясаттың мақсаты, міндеттері мен зерттеу пәні .....	55
86. Геосаясаттың негізгі санаттары .....	59
87. Геосаясаттың негізгі нысандары мен субъектілері .....	62

88. Геосаяси ықпал етудің негізгі құралдары .....	68
89. Дүниежүзілік геосаяси кеңістік .....	71
90. Геосаясат және географиялық түрткіжайттар .....	76
91. Мемлекеттің морфологиялық ерекшелігі .....	79
92-93. Мемлекеттер аумағының морфологиялық ерекшеліктері мен үлгілері .....	82
94-95. Мемлекеттік шегара .....	86
96-97. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегарасының қалыптасуы .....	90
98-99. Түрлі зерттеу әдістерін қолдану .....	96
100-101. Картографиялық зерттеу әдістерін қолдану.....	98

### 5.2 ГЕОИНФОРМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

102-103. Microsoft Excel бағдарламасының көмегімен географиялық деректер базасын құру .....	100
104-105. Дүниежүзінің геосаяси және геоэкономикалық географиясы .....	103

## 6 БӨЛІМ ЕЛТАНУ

### 6.1 КЕШЕНДІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАСТЫРУ

106. Дүниежүзін түрлі белгілері бойынша физикалық-географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық және геосаяси аудандарға бөлу .....	105
107. Тарихи-географиялық аудандастырудың кешенді географиялық үлгісі .....	111
108. Дүниежүзінің тарихи-географиялық аймағының шығармашылық нысаны, олардың құрамы мен ерекшеліктері, географиялық сипаттамасы .....	116

### 6.2 ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІ

#### САЛЫСТЫРМАЛЫ ЕЛТАНУ

109. Дүниежүзінің елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер .....	120
110-111. Дүниежүзінің елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштердің бірін есептеу әдісі .....	125
112-113. Көрсеткіштердің бірі бойынша дүниежүзі елдерінің рейтингісі .....	129

114-115. Дүниежүзі елдерінің рейтингісі мен индекстерінің сипаттамасы. Көрсеткіштердің жиынтығы бойынша анықталған дүниежүзі елдерінің рейтингісін графикалық түрде көрсету .....	132
---	-----

### **ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ**

116-117. Зерттеудің түрлі әдістерін қолдану .....	137
118-119. Зерттеудің сандық әдістері. Елтану .....	141
120-121. Картографиялық зерттеу әдістерін қолдану ....	145

## **7 БӨЛІМ**

### **АДАМЗАТТЫҢ ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

#### **7.1 ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ**

122-123. Жаһандық мәселелердің географиялық аспектілері .....	150
124-125. Жаһандық мәселелердің себептері мен салдары .....	155
126-127. Жаһандық мәселелердің жалпыгеографиялық әдістері. Зерттеу әдістерінің түрлері .....	160
128-129. Жаһандық мәселелердің сандық әдістері .....	163
130. Жаһандық мәселелердің аумақтық көріністері .....	167
131. Жаһандық мәселелерді аудандастыру әдістері .....	171
132-133. Жаһандық мәселелердің картографиялық әдістері .....	174
134. Жаһандық мәселелердің статистикалық деректерін талдау .....	176
135-136. Power Point бағдарламасы .....	178
Қосымша .....	181
Глоссарий .....	187

## 4-БӨЛІМ. ГЕОЭКОНОМИКА

### 4.1 ГЕОЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІ

#### ГЕОЭКОНОМИКАНЫҢ ЗЕРТТЕУ ПӘНІ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

65-66

#### Геоэкономика теориясының негізгі жағдайы

##### Оқу мақсаты:

- Геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін түсіндіру
- Геоэкономиканың негізгі санаттарын түсіндіру

#### ГЕОЭКОНОМИКА • ӘСЕР ЕТУ ОРТАСЫ • ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕРЖАВАЛАР

##### 1. Геоэкономика

*Геоэкономика* – ішкі және сыртқы ізденістердің әсерінен көпөлшемді коммуникациялық кеңістікте, нақты орын мен әлеуметтік уақытта өмірдің сапасын қамтамасыз ететін экономикалық даму стратегиясы туралы ғылым. Көптеген зерттеушілер геоэкономикадағы дүниежүзі шаруашылығы процестері, ең алдымен, геосаяси процестер арқылы зерттелетінін айтады. Геоэкономика түсінігін француз тарихшысы Фернандо Броделем «Әлеуметтік ағза ретінде мемлекетті дамыту» атты еңбегінде қарастырды. Ф. Ратцель, Р. Челлен, Х. Маккиндер, А. Мэхэн, С. Коэн «Мемлекеттің геостратегиясы» еңбегінде теллуро мен талассократиеге түсінік берді (22-сызба).

*Геоэкономика* – мемлекеттің негізінен ішкі саясатын географиялық түрткіжайттармен анықтайтын саяси концепция.

##### Негізгі идеясы:

- аумақты бақылау
- әскери
- экономикалық
- коммуникациялық
- демографиялық
- ақпараттық

##### Геосаяси түрткіжайттар:

- географиялық
- саяси
- экономикалық
- әскери
- экологиялық
- демографиялық
- тарихи-мәдени

##### «Жүйелік теория әлемі»

Фернандо Броделем  
«Мемлекетті әлеуметтік ағза ретінде дамыту»  
(Ф. Ратцель, Р. Челлен)  
«Мемлекеттің геостратегиясы»  
«Теллура және талассократие»  
(Х. Маккиндер, А. Мэхэн, С. Коэн)

##### Негізгі түсініктер

«әсер ету ортасы»  
«дүниежүзілік державалар»

22-сызба. Геоэкономиканың негізгі бағыттары

## 2. Геоэкономиканың негізгі санаттары

1. Геоэкономика нақты жағдайда осы түрткіжайттардың үйлесімін талдай отырып, халықтың өмір сүру деңгейі, елдің өндірістік ахуалы, стратегиялық қор, басқа елдермен экономикалық байланыстағы экономикалық түрткіжайттарға басымдық береді.

2. Геосаяси және геоэкономикалық түрткіжайттарды есепке алу елдің дамуы мен ұлттық-мемлекеттік көзқарасының қажеттілігіне жауап беретін ел стратегиясын анықтауға негіз. Геоэкономикалық саясаттың негізгі идеясы – дүниежүзілік нарықта ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай туғызу.

*Геосаяси және геоэкономикалық түрткіжайттар елдің стратегиясын анықтау кезінде неге ескерілуі тиіс?*

Заманауи геоэкономика:

- географиялық кеңістік пен экономиканың байланысын, шаруашылық жұмыстың түрлері мен заңдылықтарына климаттық және ландшафттық ерекшеліктердің әсерін;

- дүниежүзілік саясаттағы жаһандық, геоэкономикалық қақтығыстар ауқымын;

- жаһандық экономика жағдайында мемлекеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін көтеру стратегиясын;

- саяси, экономикалық, геосаяси мәселелерді зерттейді.

Тиісінше, геоэкономикалық мақсаттар мемлекеттің геосаяси негізінде халықаралық қатынастарда өз беделін қорғай алады. Геоэкономика елдің немесе аймақтың кеңістіктегі жағдайымен, оның табиғи ресурстарымен, климаттық жағдайымен байланысты түрлі экономикалық, демографиялық, экологиялық түрткіжайттарын талдайды. Оларға дүниежүзілік шаруашылықтағы дүниежүзілік еңбек бөлісі, халықаралық қатынастардағы саясат пен экономиканың өзара байланысы әсер етеді. Геоэкономика анықтамасында геосаяси қатынастың бейімділігі, мемлекетті дамыту тұрғысынан қажетті болатын аймақтарға әсері қарастырылады.

Геоэкономиканы зерттеу пәніне тек мемлекеттік, аймақтық білімді дамыту процестерімен қатар шынайы халықаралық құрылымдар – экономикалық, қаржылық және трансұлттық корпорациялардың, еркін экономикалық аймақтардың интеграциялық бірлестіктері мен геосаяси субъектілер жатады.



3. Дүниежүзілік державалар – геосаяси тұрғыда күшті, жеке аймақтардың саясатына немесе әлемдік саясатқа ықпал ете алатын елдер. Дүниежүзілік державалар – супердержавалар және аймақтық державалар болып бөлінеді.

**Ықпал ету аясы** – бір мемлекеттің өз шегарасынан тысқары жатқан аймаққа мәдени, әскери, экономикалық және саяси жағынан әсер ету аймағы.

*Дүниежүзілік державалар дүниежүзілік экономикаға неліктен әсер етеді?*

### 3. Геоэкономикалық зерттеулер

Геоэкономикалық зерттеулерде ұлттық блоктарды анықтау үшін басқа да қатынастар қолданылады. Соның ішінде дүниежүзін ауқатты Солтүстік пен кедей Оңтүстікке; христиандық Батыс пен мұсылмандық Шығыс; американдық (НАФТА мен Оңтүстік Америка); еуропалық (Еуропалық Одақ) және тынықмұхиттық (Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань) геоэкономикалық кеңістіктерге бөледі. Геоэкономикалық стратегия – экономикалық әдістермен саяси мақсатқа жету қабілеті.

Геоэкономикалық зерттеулерге ұқсас түрлерін дүниежүзілік экономика, экономикалық география сияқты ғылымдар да жүргізеді.

*Қалай ойлайсың, ұлттық блоктар дүниежүзілік қауымдастыққа әсер ете ме?*

### Қызық ақпарат!

**Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы** 2001 жылы Қытай, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстан көшбасшылары негізінде құрылды.

Бірнеше типті аумақтарды бақылайтын мемлекеттер үлкен саяси, экономикалық мүмкіндіктерге ие, себебі әлеуметтік сын-қатерлерге көп мөлшерде қарсы тұруға мәжбүр болуынан басқа елдермен салыстырғанда олар мықты болуы тиіс.



### Өзіңді тексер

1. «Геоэкономика» дегеніміз не?
2. Геоэкономиканың негізін салған кім?
3. Қандай интеграциялық одақтарды білесің? Олар геоэкономикаға қалай әсер етті?
4. Әртүрлі елдің геоэкономикасына мысал келтір (екі мысал).



### Картамен жұмыс

1. 1-қосымша мен төмендегі нұсқаулықты қолданып, менталды карта (сабақтың тақырыбы) құрастыр:
  - 1) Парақ қағаз алып, ортасына бір сөзбен картаға арналған негізгі тақырыпты жаз.
  - 2) Орталық тақырыптан бұтақтар сал, оларға онымен байланысты түйін сөздерді орналастыр.
  - 3) Салынған бұтақтарға тақырып ашылмайынша, түйін сөзді бұтақшаларды қоса отырып картаны кеңейтуді жалғастыр.
  - 4) Қорытынды жаса.

## ГЕОЭКОНОМИКАНЫҢ ЗЕРТТЕУ ПӘНІ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

67-68

Аймақтағы елдерге экономикалық,  
геоэкономикалық дамудың әсері**Оқу мақсаты:**

- Геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықтарды анықтау
- Елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлін анықтау (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ • ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢАДАНДЫРУ

**1. Экономикалық география**

Экономикалық география табиғи-экологиялық жағдаймен тығыз байланыстағы өндірістік күштің орналасуы мен дамуын зерттейді. Кеңістіктің бірыңғай деңгейі бойынша экономикалық географияда мына деңгейлерді көрсетуге болады:

- локализация (локалды деңгей);
- аймақтану (аймақтық деңгей);
- елтану (ұлттық деңгей, шетел географиясы);
- жаһандандыру (жаһандық деңгей, дүниежүзілік шаруашылық географиясы).

Меңгерудің бірыңғай нысандары бойынша (салалық құрылым) былайша бөлінеді:

- табиғи ресурстар мен табиғатты қолдану географиясы;
- жергілікті халық географиясы;
- шаруашылық географиясы;
- басқару және инфрақұрылым географиясы;
- коммерциялық география;
- гуманитарлық география;
- саяси-әлеуметтік география.

Экономикалық географияда қолданбалы мәселелерді шешуге байланысты мынадай жеке бағыттарды атап көрсетеді:

- аймақтық жоспарлау;
- кәсіпорындарды орналастыру;
- аймақтық дамыту;
- геосаясат және геоэкономика;
- инновациялар диффузиясы, т.б.

Қорыта келгенде, экономикалық география бір мезгілде географияның, экономиканың элементтерін үйлестіре алады. Географиялық ғылым бола отырып, ол зерттеулерде жалпыгеографиялық қатынастар мен әдістерді қолданып, жоғарыда аталған тармақтармен контексте жұмыс жасайды.

## 2. Жаһандандыру

Дүниежүзілік экономиканы жаһандандыру процесі жаһандануға ықпал ететін негізгі геэкономикалық түрткіжайт болып отыр.

**Дүниежүзілік экономиканы жаһандандыру** – капитал, тауарлар мен қызметтер, ақпараттардың еркін айналымындағы идеялардың кедергісіз таралуы, дүниежүзілік кеңістіктің тұтас аймаққа енуі. Деңгейі әртүрлі мемлекеттердің күш-қуаты әртүрлі экономикасының бір-бірімен байланысы күн санап нығайып келеді. Осы процестердің негізінде көптеген елдің экономикалық, саяси өміріндегі либерализация жатыр. Бұл біртұтас дүниежүзілік экономикалық, ақпараттық, коммуникациялық, сондай-ақ мәдени кеңістікті қалыптастыру үшін мүмкіндіктер ашады.

Қазақстанда барлық мемлекеттермен, әсіресе көршілес елдермен достық қатынастағы *көпвекторлы саясатты ұстанады*. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Азиядағы шапшаң дамып жатқан ел. Кейбір өнеркәсіптік салалардың экономикалық потенциалының өсуі мен қызмет көрсету, құрылыс, сауданың дамуына байланысты Қазақстан Республикасының экономикасы ұзақ уақыт бойы нық қадаммен дамып келеді.

Қазақстан Республикасы – табиғи қазбаларының мол қоры бар дамыған мемлекет. Қазақстан үкіметі экономиканың нарықтық үлгісін құруда. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономикаға өту экономиканы кең масштабта мемлекеттік реттеуді қажет етеді, яғни, барлық қоғамдық өндіріс салаларында нарықты реттеп отырады. Мұндай реттеу экономикалық та, әкімшілік те әдістермен жүзеге асады. Оларды қарама-қарсы қоймай, керісінше, экономиканың қазіргі жағдайында әкімшілік реттеу шынайы даму талаптарына қаншалықты жауап беретінімен үйлесім табуы қажет. Қазақстанның нарықтық экономикасының үлгілік кескіні осылай салынады. Қазақстандық нарық – бір жағынан мықты мемлекеттік реттеуші саясаттың аралас экономикасына, тұрғындардың әлеуметтік бөлігіне жеткілікті қолдауды қамтамасыз етуге, екінші жағынан әлеуметтік нарықтық шаруашылық процестеріне, олардың нақты көрсетілген антитоталитарлық бағыттылығына сүйенеді. Экономикалық үлгілердің елге тиімді жақтарын үйлестірген жағдайда ғана осындай мақсатқа жетуге болады.

Қалай ойлайсың, соңғы уақытта Қазақстанның экономикасы не себептен қарқынды дамып келеді? «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты қабылдануының әсері бар ма?

### Қызық ақпарат!

Қазақстанның «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты – дүниежүзінің дамыған 30 елінің қатарына кіру жолындағы жаһандық қадам.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың  
Қазақстан халқына жолдауынан

Бұл – экономикалық саясатты кеңейтіп, геэкономикалық қатынастарды күшейтуге көмектеседі. Елдің геосаяси жағдайы (елдің географиялық және саяси жағдайы түрткіжайттарының жиынтық әрекеті, саяси құрылыс ерекшеліктері) көршілес елдермен қарым-қатынасты болжау үшін маңызды.



### Өзіңді тексер

1. Қазақстанның геэкономикалық жағдайына баға бер. 26-кестені толтыр. Әр ұстанымдағы «+» пен «-» есептеп, қорытындысын шығар.

26-кесте

№	Көршілес елдер	Шегара ретіндегі табиғи шептер «+», «-»	Саяси достар «+», «-»	Экономикалық серіктестер «+», «-»	Шегараның шиеленістілігі, шешілмеген жер дауы «+», «-»

2. Теңіздік және құрлықтық шегара бойынша көршілес елдерді жаз, оларды кескін картаға белгіле. Атласты пайдаланып, шегарадан өтетін географиялық нысандарды тап (таулар, өзендер, т.б.).



### Картамен жұмыс

1. Қазақстанның геэкономикалық жағдайының ерекшеліктері туралы қысқаша аналитикалық анықтама жаз.
2. Саяси картаның көмегімен өзің тиімді және тиімсіз геээкономикалық жағдайы бар деп санайтын Латын Америкасының бес елін ата.

## ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ АУМАҚТЫҚ ТҮРТКІЖАЙТТАРЫ

69-70

Дүниежүзілік шаруашылық салаларының  
орналасуы

### Оқу мақсаты:

- Шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік (аумақтық) түрткіжайттарды талдау
- Дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру түрткіжайттарын талдау

## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ • ТЕХНОПОЛИСТЕР • ТЕХНОСАЯБАҚТАР

### 1. Дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі тиімді жақтары

Дүниежүзілік өнеркәсіптің белгілі аумақтық құрылымы негізінен ірі өнеркәсіптік аймақтардың орналасуымен анықталады. Кәсіпорындардың шикізат пен еңбек ресурстары, өнімдерді тарату аймақтары үшін оңтайлы орналасуы өндіріс шығындарын барынша азайтуды білдіреді, бұл соған сәйкес қоғамдық еңбек шығынын үнемдеуге және өзіндік құнды төмендетуге әкеледі. Өндіруші күштерді ұтымды бөлу еліміздің экономикалық қуатын арттырудың маңызды түрткіжайттарының бірі болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіптің өнімділігі жоғары, технологиялық өндірістердің үлесі жоғары елдерге АҚШ, Германия мен Жапония мысал бола алады. Олардың дүниежүзілік өнеркәсіп географиясына әсері үнемі өсіп келеді. Бірақ әзірге ол негізінен экономикалық дамыған жаңа индустриялық елдермен шектелген.

Өндірістік күштерді орналастыру – олардың жеке элементтерін орнықтыру туралы шешімдерді негіздеу, қабылдау мен іске асырудың қарқынды процесі. Өндірістік күштерді таратудың экономикалық ғылым саласы жалпы заңдарға негізделеді. Пәні – өндірістік күштерді ұйымдастыру кеңістігі. Оны оқу әртүрлі деңгейде жүргізледі: ауыл, қала, облыс, экономикалық аймақ, тұтас ел. Өндірістік күштердің кеңістіктік (аумақтық) ұйымының табиғи ресурстары, адами, еңбек

ресурстарының әлеуеті, салалық, сектораралық кешендер, әлеуметтік инфрақұрылым, аумақтық экономикалық жүйелер сияқты элементтері – осы ғылымның нысандары.

*Дүниежүзілік шаруашылық* – халықаралық экономикалық қатынас жүйелерінің өзара байланысқан, шаруашылықтың жеке салаларының қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде тарихи қалыптасқан тұтастық (27-кесте).

27-кесте

### Дүниежүзілік шаруашылықтың даму кезеңдері

Даму кезеңінің сипаты	Индустрияландыруға дейінгі кезең	Индустрияландыру кезеңдері		Қазіргі кезең
		Бірінші өнеркәсіп төңкерісі	Екінші өнеркәсіп төңкерісі	
Технологиялық жетістіктің дәрежесі	Қол еңбегі	Механикаландыру	Кешенді механикаландырудан автоматтандыруға көшу	Автоматтандыру жүйесі
Шаруашылықты ұйымдастыру түрлері	Мануфактура	Еркін бәсекелестік, жекеменшік, акционерлік қоғам	Монополизм, зауыттар, фабрикалар, мемлекеттік монополия, конвейер	Көліктік корпорациялар, шағын фирмалар

«Жаһандану процесінің негізгі қозғаушы күштері – еңбек бөлінісі.

Онда ұлттық шаруашылықтың ашықтығы, қолжетімділігі мен өзара тәуелділік дәрежесі артады.

Дүниежүзілік экономиканың дамуына көптеген түрткіжайт әсер етеді. Бұл мемлекеттің экономикалық өміріне бейімделуіне бағытталған жалпы процесін арттырады. Түрткіжайттар жекелеген мемлекеттерді дүниежүзілік экономика жүйесіне қосудағы түрткі ретінде қарастырылады (дүниежүзілік экономикалық қатынастардың эволюциялық түрткіжайттары мен олардың күрделенуі).

Ең маңызды түрткіжайттар:

- ғылыми-техникалық төңкеріс;
- трансұлттық капиталдың дамуы (трансұлттық корпорациялар мен банктердің пайда болуы);
- мемлекеттер арасындағы дүниежүзілік қатынастардың күрделене түсуі.

*Аумақтық түрткіжайт.* Әдетте, аумақ неғұрлым үлкен болса, соғұрлым экономика мен өндіріс секторларын орналастыру мүмкіндіктері көбірек болады және ресурстың көлемі артады (28-кесте).

28-кесте

### Аумағы үлкен елдер

Ел атауы	Аумағы, млн км <sup>2</sup>
Ресей	17
Канада	9,91
Қытай	9,61
АҚШ	9,41
Бразилия	8,5
Аустралия	7,71
Үндістан	3,21
Аргентина	2,71
Қазақстан	2,71
Алжир	2,31





39-сурет. Елдердің типтері

## 2. Экономикалық-географиялық жағдай (ЭГЖ)

ЭГЖ – кәсіпорындардың, елді мекендердің, аймақтың, елдің сыртқы экономикалық географиялық нысандарға қатысты алғандағы жағдайы. ЭГЖ – аумақты шаруашылық, әлеуметтік географиядағы негізгі түсінік (Н.Н. Баранский бойынша).

ЭГЖ-ның төрт басты түрлерін көрсетеді: *орталықта орналасуы, ішкері орналасуы, көршілес жағдайы, теңіз жағалаулық жағдайы.*

Ең тиімдісі – орталық және теңіз жағалаулық орналасу жағдайы.

ЭГЖ-ның негізгі түрткіжайттары:

1. *Табиғи-ресурстық түрткіжайт.* Бұл түрткіжайт өндіруші өнеркәсіп салаларын орналастыру үшін басты болып қала береді. Қазіргі уақытта жаңадан меңгерілген аудандардағы өндіруші өнеркәсіпте өзгеріс жүзеге асырылуда.

2. *Көліктік түрткіжайт.* Көліктік жолдар мен жабдықтарды жетілдіруге байланысты түрлі аумақтар арасындағы айырмашылықты жеңу жеделдетілді. ФТР заманында көліктік шығын біршама азайды.

3. *Еңбек ресурстары түрткіжайты.* Бұл түрткіжайт ғылымды, еңбекті қажетсінетін салаларды орналастыруға зор ықпал етеді. Қазіргі таңда басқа елдердің еңбек ресурстарын (Франция, Бельгия, Германия, т.б.) тартады, не өндіріс еңбек көзі арзан елдерге орналастырылды (Бангладеш, Үндістан, Тунис, Таиланд, т.б.).

4. *Аумақтық концентрация түрткіжайты.* Өндірістік сала дегеніміз – азық-түлік, энергия, жүктерді тасымалдау, өнімдерді сақтау, сұрыптау, т.б. салаларда материалдық игіліктер жасайтын халық шаруашылық салаларының жиынтығы.

### **3. Дүниежүзінің барлық елін дүниежүзілік шаруашылықпен толық қамту**

Экономикалық дамуы әртүрлі деңгейде болуы осы жүйе ішінде қарама-қайшылық тудырады. Қазіргі уақытта дүниежүзілік шаруашылықтың тіреуі болатын үш ірі орталық бар: Еуропа, АҚШ, Жапония. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымына әсіресе ғылыми-техникалық даму күшті әсер етеді. Ғылымды қажет ететін өндірістер, біріншіден, ірі ғылыми орталықтар мен қалаларда орналасады; технополистер мен техносаябақтар жасақталады. Бұл орталықтарда зерттеулер мен әзірлемелерден бастап тауар сатумен аяқталатын барлық буын бар. Бұл салалардың өнімі жоғары дамыған елдердің сыртқы сауда үлес салмағының көп бөлігін құрайды. Мысалы, мұндай өнімнің 90%-ы әлемдік нарықта АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Италия және Ұлыбритания елдерінің үлесіне келеді. Экологиялық түрткіжайт ҒТР-дың дамуы мен экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты өз маңыздылығына ие болды. «Лас» өндірістер басқа аудандар мен елдерге ауыстырылады немесе бөлініп орналастырылады. Берілген түрткіжайт дамыған елдерде неғұрлым белсенді әсер етеді.

Аймақ – дүниежүзілік шаруашылығындағы ортақ бір аумақта орналасқан немесе басқа белгілер бойынша қасына біріктірілген, бірнеше (топтан) елден құралған ең ірі аумақтық бөлік. Дүниежүзілік шаруашылық құрамында жеті негізгі немесе басты аймақты атап көрсетеді: Солтүстік Америка, Латын Америкасы, Африка, Аустралия, Мұхиттық аралдар, ТМД, шетелдік Еуропа және Азия (ТМД елдеріне қатысты).

Шаруашылық қызметінің бағытына, қойылған экономикалық міндеттер немесе басқа мақсаттарға байланысты:

– сыртқы сауда жүктерін қоймалау және өңдеу (буып-түю, таңбалау, сапа бақылауы, қарапайым пысықтау, т.б.) бойынша операциялар жүзеге асырылатын еркін сауда аумақтары (еркін бекет аумағы);

– өнеркәсіптік өндіріс аумақтары, өнімдерді экспорттау немесе импорттау;

– сауда-өндірістік, кешендік аймақ, техника енгізу (жаңа технологияларды әзірлеп, енгізу үшін) және өнеркәсіптік компаниялар, технополистер, транзитті, сақтандыру, банктік, экология-экономикалық аумақтар, туристік орталықтар, т.б.



### Өзіңді тексер

1. 29-кестені пайдаланып, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық типтегі елдердің дүниежүзілік шаруашылықтағы рөлін көрсететін диаграмма құр.

29-кесте

### XXI ғасырдың басындағы экономиканың рөлі (В.Н. Холина бойынша)

Елдердің типі	Тұрғындарының саны	Аумағы	ЖІӨ (тұтынушылық қабілеті)	Тауардың дүниежүзілік экспорттағы үлесі
Дүниежүзі бойынша	100	100	100	100
Экономикасы дамыған елдер, соның ішінде:	13,8	25,0	52,0	60,0
АҚШ	4,6	7,2	20,4	8,9
ГФР	1,3	0,3	4,1	10,0
Жапония	2,0	0,3	6,6	6,2
Дамушы елдер, соның ішінде:	80,0	55,5	41,7	35,0
ҚХР	20,1	7,2	14,6	6,5
Үндістан	16,8	2,5	5,9	0,8
Бразилия	2,9	6,4	2,6	1,1
Ауыспалы экономикасы бар елдер	6,2	19,5	6,3	5,0
ТМД	4,3	16,4	3,8	3,0

2. 30-кестеде берілген сызба бойынша дүниежүзілік шаруашылықтағы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық типтегі елдердің орнына сипаттама бер.

Мұндағы: 1 – тұрғындар, 2 – көлемі, 3 – ЖІӨ, 4 – тауарларды экспорттау.

30-кесте

### Дүниежүзілік шаруашылықтағы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық типтегі елдердің орны

(В.Н. Холина бойынша)

Елдердің типтері	Дүниежүзілік шаруашылықтың рөлі	Себептері
Экономикасы дамыған елдер	1	1
	2	2
	3	3
	4	4
Дамушы елдер	1	1
	2	2
	3	3
	4	4
Экономикасы ауыспалы елдер	1	1
	2	2
	3	3
	4	4



#### Картамен жұмыс

Дүниежүзілік елдердің кескін картасына экономикалық дамыған, дамушы елдер, экономикасы ауыспалы елдерді түсіріп, елдердің типін түспен белгіле.

#### Өзіндік жұмыс

1. Неліктен сауда орталығы қала аумағында ғана орналасқанын түсіндір (жауабыңды дәлелде).

2. Өзіңді бастапқы капиталы бар кәсіпкермін деп есепте. Саған Нұр-Сұлтан қаласы немесе Нұра кентінде іс бастау ұсынылады. Қай елді мекенде 10 жылдан кейін үлкен капитал жинайсың? Дәлелде.

## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ

71-72

### Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы мен түрлері

#### Оқу мақсаты:

- Дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымын бағалау
- Дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеу

#### САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ · ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУҒА ДЕЙІН · ПОСТИНДУСТРИЯЛЫҚ

#### 1. Дүниежүзілік шаруашылықтың экономикалық негізі

Дүниежүзілік экономиканың тарихи, логикалық процесі нарықтың дамуы мен нарықтық экономиканың пайда болуымен байланысты. Дүниежүзілік экономика өзінің жеке экономикалық заңымен дамып келе жатқан жүйе ретінде әлемдік нарықтың негізінде өсті.

*Ішкі нарық* экономикалық қоғамдастықтың түрі, онда сатуға арналған барлық заттар ел ішінде өндірілетін өнімдер.

*Ұлттық нарық* – ішкі нарық, оның бір бөлігі шетелдік сатып алушыларға бағдарланған.

*Халықаралық нарық* сыртқы нарықтармен тікелей байланысты ұлттық нарықтардың бір бөлігі.

*Дүниежүзілік нарық* – халықаралық еңбек бөлінісі мен өндірістік түрткіжайттар негізінде құрылған елдер арасындағы тұрақты салалық құрылым аймағы.

Ұлттық шаруашылықтың салалық құрылымы өзара тығыз байланыста болады. Мұны әртүрлі халықаралық экономикалық қарым-қатынас топтары тұрғысынан ғана қарастырмай, оған енетін түрлі елдердің тобын ерекшелеуге болады. Мұндай қатынас дүниежүзілік шаруашылықты кең ауқымда қарастыруға негізделген (23-сызба)

23-сызба

#### Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрылымы



## 2. Шаруашылықтың салалық құрылымының динамикасы

Заманауи дүниежүзілік шаруашылық бастапқы, қайталама және үшінші экономикалық секторлардан тұрады. Бұл секторлардың ЖІӨ мен халықты жұмыспен қамту құрылымындағы өзара байланысы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды сипаттамасы болып саналады (31-кесте).

31-кесте

### Дүниежүзілік экономиканың құрылымы

Бастапқы сектор	Қайталама (екінші) сектор (өңдеуші өнеркәсіп)	Үшінші сектор (қызмет көрсету саласы)
Ауылшаруашылық, аңшылық, балық аулау	Тамақ өнеркәсібі	Білім беру денсаулық сақтау, мәдениет саласы
Пайдалы қазбаларды өндіру	Ағаш өңдеу, целлюлоза-қағаз, полиграфия	Туризм, ойын-сауық, демалыс индустриясы
Орманшаруашылық	Жеңіл өнеркәсіп	Көтерме және бөлшек сауда
	Химиялық, мұнай өндірумен қоса	Көлік
	Құрылыс материалын өндіру	Телекоммуникация мен байланыс
	Металлургия (қара және түсті)	Қаржылық, банктік, несиелік және сақтандыру қызметтері
	Мәшине жасау, металл өндіру	Ақпараттық технологиялар, консалтинг
	Энергетика	Риэлтерлік қызметтер
	Құрылыс саласы	

Дүниежүзілік экономиканың секторларға бөлінуі шаруашылық процестің ретін көрсетеді: бастапқы сектор өнім шығарады (яғни, әлі өңдеуден өтпеген, тікелей табиғаттан алынатын өнім). Қайталама (екінші) және үшінші секторларда аралық тауарлар өндіріледі (жаңа тауар мен қызмет түрлерін құру үшін қолданылатын жартылай фабрикаттар) және тікелей тұтынушылар пайдаланатын соңғы өнім (24-сызба).



24-сызба. Шаруашылықтың экономикалық құрылымының дамуы (Кларк экономикасының секторлық үлгісі)

Экономикалық даму барысында индустрияландыруға дейінгі, индустриялық және постиндустриялық кезеңдерде бұл секторлардың көрсеткіштері өзгерді. Бастапқы сектор салалары (бірінші кезекте ауылшаруашылық) экономикалық тарихи ұзақ мерзім кезеңі бойында экономикада өндірілетін өнім мөлшері бойынша жетекші рөл атқарды. Қазіргі таңда олардың үлесі қысқаруда. Сонымен, ХХІ ғ. басында ауылшаруашылығының үлесі ЖІӨ-де дүниежүзі бойынша орта есеппен 4%-ды құрады. Осыған орай экономикасы дамыған елдер (2%-ға жуық) және даму үстіндегі елдер арасында біршама өзгеріс болды (12%-ға жуық). Сонымен қатар, аграрлық сектордағы экономикалық белсенді халықтың үлесі бұрынғысынша жоғары болып отыр: дүниежүзі бойынша орта есеппен 35%, дамушы елдерде 40%-ға жуық, экономикасы дамыған елдерде 4%.

Индустриялық кезеңде өнеркәсіп қарқынды дамыды, сол кезеңдерде өндіруші өнеркәсіптердің дамуы, жаңа зауыттар мен фабрикалардың салынуы, энергия көздерін тұтыну мен өнеркәсіптік қуаттылық дамыды.

Бұл кезеңде экологиялық мәселенің ушығуы басталды.

ХХІ ғ. басында ЖІӨ құрылымындағы өнеркәсіптің үлесі тау-кен өнеркәсібін экспорттауға бағдарланған, сондай-ақ дүниежүзілік маңызды пайдалы қазбалар қоры бар елдерде, сонымен қатар ауыспалы экономикасы бар елдерде (1-қосымша) біршама көп болды.

Тарихи даму барысында қызмет көрсету саласы әрдайым өсіп отырды. ХХ ғ. екінші жартысында дамыған индустриялық қоғамда постиндустриялық даму кезеңінің қайнар көздері бой көрсете бастады.

Алғашында бұл процесс экономикасы дамыған Еуропа, АҚШ пен Жапония елдерін қамтыды, кейінірек ол басқа да елдерге тарады. Постиндустриялық елдерде қызмет көрсету саласы экономиканың негізгі бөлігі болды.

### *ЖІӨ халықтың өмір сүру деңгейіне қалай әсер етеді?*

Үштік сектор қазіргі таңда дамыған, жаңа индустриялық елдердің экономикасында жетекші рөл атқарады (ЖІӨ 60%-дан астам). Осы типтес елдерде өнеркәсіптік үлес бірте-бірте төмендеуде, бастапқы сектордың үлесі өте төмен. Дамушы елдер экономикасында бастапқы сектор саласы бірте-бірте қызмет көрсету саласы мен өңдеуші өнеркәсіпке ауысады.

ЖІӨ салалық құрылымының өзгеруі жұмыспен қамту құрылымы мен шаруашылықтың аумақтық құрылымының өзгеруімен сипатталады. Қызмет көрсету саласы үлесінің ізінше қызмет көрсету саласындағы жұмыспен қамту бағыты да өседі.

Энергияның балама көздерін іздеу, өндірісті жандандыру, оның энергия сыйымдылығының төмендеуі, ең бастысы, қызмет көрсету саласының инфрақұрылымы, туризмнің басымырақ дамуы өнеркәсіп үлесінің тұрақтылығына, ал кейбір экономикалық дамыған елдерде ЖІӨ өнеркәсіп үлесінің төмендеуіне әкелді.

Дүниежүзі елдерінің шаруашылығында – *көлеңкелі (немесе бейресми)* деп аталатын сектор бар. Мұнда заңды түрде тіркеуі мен салық төлемі жоқ қызмет түрлері (тұтынушы шаруашылық, колөнер өндірісі), сонымен қатар заңмен тыйым салынған экономикалық іс-әрекет түрлері (құпия өндіріс, есірткі мен суық қару сату, заңсыз ойын бизнесі) енеді.

Мамандардың есебі бойынша, дамыған елдерде көлеңкелі (жасырын) сектор ЖІӨ-нің 5-10%-ын, ал дамуы біршама төмен елдерде 5-тен 35%-ға дейін құрайды.

### *XXI ғасырда ғылымды көп қажет ететін салалар неге маңызды?*

Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрылымын дамытудың жалпы заңдылығы келесідей: экономикалық дамуға байланысты бастапқы салалардың үлесі төмендейді (ауылшаруашылық, өндіруші өнеркәсіп, өңдеуші өнеркәсіп). Келесі кезекте көшбасшылық рөлді жеңіл және тамақ өнеркәсібі, күрделі қаржы сыйымдылығы мен материалды көп тұтынатын салалар (металлургия, химия өнеркәсібі) және



ғылымды қажетсінетін салалар алады. XXI ғ. басында ғылыми-техникалық прогресс пен дүниежүзі елдерінің даму болашағы компьютерге арналған бағдарламалар, био және нанотехнологиялар, медициналық құрылғылар мен дәрі-дәрмектер, әскери және аэроғарыштық техника, телекоммуникациялар, жоғары технологиялармен анықталады. Дегенмен, тек бай елдер ғана технологияның жылдам ауысуын қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-құрылымдық (ФЗТҚ) жұмыстарға үлкен шығын шығара алады.

Экономиканың құрылымы бойынша әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне пікір айтуға, елдердің типі мен даму болашағын болжауға болады. Дүниежүзі елдері мен аймақтары бір мезгілде дамудың барлық үш сатысында болады: индустрияландыруға дейінгі, индустриялық және постиндустриялық.

Осыған орай, алдыңғы сатыдағы салалар неғұрлым төмен дамыған өңірлерге жылжиды.

*Халықаралық және ұлттық қаржы институттары неліктен дүниежүзілік экономикалық жүйеде маңызды рөл атқарады?*

Дүниежүзілік шаруашылықтың экономикалық жүйесінде халықаралық және ұлттық қаржы институттары (Дүниежүзілік банк, Сауда және даму жөніндегі халықаралық ұйым, АҚШ, Жапония, ГФР ұлттық банктері) маңызды рөл атқарады. Олар халықаралық қаржы есебін реттейді.

### **3. Дүниежүзілік шаруашылықта елдің қатысу деңгейін бағалау**

Дүниежүзілік шаруашылықта елдің қатысу деңгейі сыртқы сауда көрсеткіші мен өндірістік түрткіжайт қозғалысының көмегімен бағаланады.

1) Экспорттық (импорттық, сыртқы сауда) – елдің ЖІӨ экспорт (импорт, сыртқы сауда көлемі) бағасына үлестемелік (квота) қатынас. Дүниежүзілік банктің бағасы бойынша, Бельгияда сыртқы сауда үлестемесі 137%, Корея Республикасында 67%, АҚШ-та 24%, Ресейде 8,5% құрайды.

2) Дүниежүзілік экспорттағы елдің үлесі оның дүниежүзілік ЖІӨ үлесіне қатынасы (сатып алушылық қабілетінің тепе-теңдігі бойынша). Ресейде бұл көрсеткіш 0,5, АҚШ-та 0,7, Жапонияда 0,9.

3) елдегі шетелдік қаржы жұмсалымының ЖІӨ-ге байланысты салымдық көлемі.

4) Шетелдік қаржы жұмсалымының инвестициядағы үлесі.

5) ЖІӨ байланысты елдің сыртқы қарызының көлемі мен экспорттық тауарлар және қызметтерден түскен түсімі бойынша осы қарызды өтеуге қызмет көрсету.

6) Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы шетелдік жұмыс күшінің үлесі.

Өнеркәсіптік өндіріспен, демалыс орындарымен, оқыту және ғылыми орталықтармен байланысы жоқ қалалар саны өсуде. Ауылшаруашылық жоғары технологиялы, қарқынды салаға айналу, егіншілік таралу аймағының көлемі мен үлесі азайып жатқандықтан, еңбек ресурсының да саны қысқаруда.



### Өзіңді тексер

1. Шикізатты өндіруде елдің халықаралық мамандануындағы артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
2. Дайын өнім өндірісінде ол қалай болады?

## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ АУМАҚТЫҚ ҮЛГІЛЕРІ

73-74

### Дүниежүзілік шаруашылықтың үлгілері

**Оқу мақсаты:** дүниежүзі шаруашылығының аумақтық үлгілерін талдау

### ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ • ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛГІ

#### 1. Шаруашылық қызметі құрылымының үш кезеңі

32-кесте

#### Шаруашылық қызметі құрылымының үш кезеңі

Индустрияландыруға дейінгі кезең	Экономиканың аграрлық құрылымы дамыған елдер (Эфиопия, Ауғанстан, Лаос, Камбоджа, Непал).
Индустриялық кезең	Басты рөл өнеркәсіпке тиесілі (экономикасы дамыған елдерде, мұнай өндіретін елдер – Қытай, ТМД, Шығыс Еуропа елдері).
Постиндустриялық кезең	Өндірістік емес саланың өндірістік саладан жоғары тұруы («Үлкен жетілік» елдері, Батыс Еуропа елдері).

*Постиндустриялық кезең 5 белгімен сипатталады:*

1. Экономика саласында – тауар өндіруден қызмет көрсетуге көшу.
  2. Жұмыспен қамтамасыз ету саласы – ой еңбегі жұмыскерлерінің басым болуы.
  3. Ғылым саласында – ғылымды қажет ететін өндірісті дамытуды қамтамасыз ететін зерттеулер жүргізу.
  4. Басқару саласында – жаңашыл ақпараттық техника мен технологиялардың негізінде шешім қабылдау.
  5. Экология саласында – адамның қоршаған ортаға әсерін шектеу.
- Дүниежүзілік шаруашылықтың біртұтастығына қарамастан, оның түрлі бөліктерінің арасында айырмашылық бар. Осы бөліктер арасындағы айырмашылықты кеңістіктік үлгінің көмегімен анықтауға болады.

Екі үлгіні қарастырайық:

1. Екімүшелік үлгі
2. Үшмүшелік үлгі

### **Дүниежүзілік шаруашылықтың екімүшелік үлгісі**

Екімүшелік үлгі елдерді экономикалық «дамыған» және «дамушы елдер» деп екі үлкен топқа бөледі.

*Қалай ойлайсың, неліктен негізгі көрсеткіштер бойынша Оңтүстіктегі елдер Солтүстік елдерден артта қалды?*

Географиялық жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты бірінші топты шартты түрде «Солтүстік» деп, ал екінші топты – «Оңтүстік» деп атайды. Соңғы жылдарда Оңтүстік елдерінің экономикалық даму деңгейі Солтүстік елдеріне қарағанда жоғары, олар әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша артта қалды. Кейбір елдер өзінің дамуында соншалықты артта қалуына байланысты, «дүниежүзілік экономиканың ажырап қалған вагоны» деп аталады. Орталық Африка елдері, Ауғанстан, Солтүстік Корея, Непал, т.б. солардың қатарында.

**Дүниежүзілік шаруашылықтың үшмүшелік үлгісіндегі** елдер «экономикасы дамыған елдер», «дамушы елдер», «экономикасы ауыспалы елдер» болып бөлінеді. Соңғы уақытта «Орталық», «Периферия» (шеткі аймақ), «Жартылай периферияға» бөлінуімен дүниежүзілік шаруашылықтың нақты үшмүшелік үлгісі қалыптасуда.

#### **«Орталық» елдері**

Бұл үлгінің орталық бөлігін («Орталық») дүниежүзілік ғылыми-техникалық ілгерілеуін анықтайтын экономикасы дамыған елдер құрайды. Бұл бөлікті Солтүстіктің жалпы 1 млрд халқы бар 25-30 елі құрайды («алтын миллиард» деп аталады). Оның негізгі өзегі – «Үлкен жетілік» және Еуроодақ елдері. Бұл елдер өндірістік, тауарлық және қаржылық қатынаста біртұтастықтың жоғарғы деңгейіне жетіп, постиндустриялық қоғамға көшті.

*Қалай ойлайсың, аграрлық елдер немен сипатталады?*

#### **«Периферия» (Аграрлық) елдері**

Периферия құрамына тропиктік ендікте орналасқан 100-ге жуық ел кіреді. Экономикасының негізгі бағыты – ауылшаруашылық. Бұл елдер табиғи ресурстарды пайдалану есебінен өмір сүреді, олардың көпшілігінің халқы өте көп, саяси тұрақсыздық пен шиеленіс аймақтары сақталған.

#### **«Жартылай периферия» елдері (Индустриялық елдер)**

Дүниежүзілік шаруашылықтың жартылай перифериясын жаңа индустриялық Азия елдері құрайды, оның ішінде көпшілігі мұнай экспорттайтын, сонымен қатар өтпелі экономикалы елдер.

**ЖИЕ (жаңа индустриялық елдер)** – соңғы кезде әлеуметтік-экономикалық көрсеткішінде сапалы серпіліс болған даму үстіндегі елдер тобы құрайды. Бұл елдер дамыған елдер үшін негізгі шикізат базасы мен арзан еңбек ресурстарының көзі болып табылады.

## 2. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы

Экономикалық және әлеуметтік географияда шаруашылықтың аумақтық құрылымы туралы білу маңызды.

**Шаруашылықтың аумақтық құрылымы (ШАҚ)** – бір-бірімен өзара күрделі іс-әрекетте болатын, өзара орналасқан аумақтық элементтердің белгілі бір түрдегі жиынтығы.

Халықты қоныстандырудың географиялық сипаты мен оның шаруашылық қызметін анықтайтын элементтері: ірі қалалық агломерациялар, өнеркәсіптік аудандар, рекреациялық аймақтар, негізгі көлік магистралі болып табылады (33-кесте). Бұл сипат моноорталықты (бір орталықты), полиорталықты (көп орталықты) және аралас болуы мүмкін.

33-кесте

### Экономикалық дамыған және дамушы елдердің аймақтық құрылымын салыстыру

Экономикасы дамыған елдер	Экономикасы даму үстіндегі елдер
4 негізгі тұрпаты: <ul style="list-style-type: none"> <li>• жоғары дамыған аудандар;</li> <li>• ескі өнеркәсіпті аудандар;</li> <li>• аграрлық аудандар;</li> <li>• жаңа игерілген аудандар.</li> </ul>	4 негізгі тұрпаты: <ul style="list-style-type: none"> <li>• аумақтық құрылымның отаршылдық тұрпаты;</li> <li>• астана-орталықтың басты рөлі (теңіз маңы елдерінде негізгі теңіз қақпасы қызметін атқаруы мүмкін);</li> <li>• қосымша орталық ретінде экспорттық мамандандырылған орталығы рөлін атқарады;</li> <li>• ішкі отаршылдықтың болуы.</li> </ul>

## 3. Өндірістік күштерді орналастыру түрткіжайттары

Орналастырудың барлық түрткіжайтын «жаңа», «ескі» деп бөлуге болады.

Өндірістік күштерді орналастырудың ескі түрткіжайттары:

- аумақ (аумақ – қоғамның географиялық ортасының маңызды бір элементі);
- экономикалық-географиялық жағдай түрткіжайты (ЭГЖ-нің 4 негізгі түрі: орталықта орналасуы, терең орналасуы (перифериялы), көршілік орналасуы, теңіз маңында орналасуы);

- табиғи-ресурстық түрткіжайт;
- көліктік түрткіжайт;
- еңбек ресурстарының түрткіжайты;
- аумақтық шоғырландыру түрткіжайты;
- өндірістік күштер орналасуының жаңа түрткіжайты;
- ғылымды қажет ететін түрткіжайттар (техносаябақтар мен технополистер);
- экологиялық түрткіжайт.



### Өзіңді тексер

1. Өзіңнің дүниежүзілік шаруашылық үлгіңді ұсын.
2. Дүниежүзінің қай аймақтарында әртүрлі топтағы елдер бар?
3. Елдердің орналасуын қандай кеңістік заңдылықтары сипаттайды?
4. Дүниежүзінің ірі аймақтарындағы Орталық, Периферия, Жартылай периферияларды ата.



### Менің көзқарасым

Қандайда бір елдің шаруашылық құрылымы өндірістік және өндірістік емес саладан құралады. Әр елде олардың арасындағы қатынасы экономиканың түріне байланысты әртүрлі.

ҒТР адамның өзі мен оның өмір сүру ортасына ықпал етеді.

Дүниежүзілік шаруашылықта салалық құрылымды бірте-бірте ұсақ салаларға бөлу, бір мезгілде кіріктіру, салааралық кешендерді құру процесі жүреді.

## ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

75-76

Дүниежүзінің экономикалық жағынан дамыған елдерінің жіктелуі

### Оқу мақсаты:

- Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)
- Дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу

### ТИПОЛОГИЯ • ЖІӨ • ЖҰТ

#### 1. Елдердің типологиясы және жіктелуі

Даму деңгейінің көрсеткіштері мен өмір сүру сапасына негізделген елдердің көптүрлілігінде типология және жіктеу көмегімен ұқсас елдерді бөліп көрсетуге болады. Жіктеу бір көрсеткіш бойынша құрастырылады.

*Қалай ойлайсың, елдер арасында қандай айырмашылықтар бар?*

Типологияда (елдердің типтері бойынша бөлінуі) мыналар ескеріледі:

- Экономиканың ерекшеліктері (нарықтық, өтпелі).
- Аумақтың көлемі (пайдалы қазбалардың алуан түрлілігі, игерілуі).
- Халық саны (еңбек ресурстарының түрткіжайттары, экономикалық белсенді халық, тұтыну тауарлары мен қызмет көрсетудің нарықтық сыйымдылығы).
- Жалпыұлттық табыстың көлемі мен құрылымы.
- Өмір сүру деңгейі мен сапасы.
- Халықаралық еңбек бөлінісіндегі елдің орны.
- Шаруашылықтың аумақтық құрылымы.

Даму деңгейінің айырмашылығын анықтау үшін статистикалық көрсеткіштің 3 тобын қолданамыз: экономикалық, демографиялық және өмір сүру сапасының көрсеткіштері. Бұл ретте «дамыту» термині түсінігінде білім мен технологияларды тарату арқылы адамдардың өмір сүру сапасы мен жағдайын жақсарту процесі сипатталады.

Экономикалық көрсеткіштер кез келген экономикалық зерттеудің негізі. Оның ішінде маңыздылары:

**Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)** – жыл ішінде ел аумағында өндірілген барлық игіліктің көлемі.

**Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ)** – жыл ішінде ел аумағында өндірілген барлық игіліктің көлемінен шетелге жіберілген шетелдік компаниялардың табысын, шетелдік жұмыскерлердің жалақысын шегергендегі көрсеткіш. Басқа сөзбен айтқанда – ұлттық табыспен есептелген ЖІӨ.

Әдетте осы көрсеткіштер арасындағы айырмашылық көп емес, бірақ елеулі айырмашылық байқалатын елдер бар. Оларға, мысалы, өндірісте Пәкістан, Египет, Панама, Сингапур, т.б. дамушы елдердің тумалары жұмыс істейтін, Парсы шығанағының мұнай монархиясы жатады.

Дүниежүзінің түрлі елдерінде бұл көрсеткішті әртүрлі әдіспен есептейді, сондықтан ұлттық және халықаралық статистиканың сәйкестігі сирек кездеседі. XX ғ. аяғында салыстыруға ыңғайлы болу үшін көптеген елдер Дүниежүзілік банк сарапшылары әзірлеген ұлттық есептеу жүйесі бойынша жалпы ішкі өнімді есептеу әдісін бір жүйеге келтірді. Сонымен қатар әрбір ел өз ақша бірлігінде статистикалық көрсеткішін қалыптастырады. Алайда елдерді салыстыру үшін салыстырмалы көрсеткіштер болуы тиіс.

ЖҰӨ көлемін британдық фунт-стерлинг немесе моңғолдық тугрикпен қалай салыстыруға болады? Ол үшін халықаралық статистикада деректер бірыңғай өлшем – АҚШ долларына келтіріледі (халықаралық доллармен өлшеу).

«Ұлттық валютаны халықаралық долларға қалай қайта санауға болады?» деген сұрақ туындайды. Екі негізгі тәсілі бар: орташа жылдық валюта (айырбас) курсы бойынша немесе валютаны сатып алу қабілетінің бірегейлігі негізінде есептеу. Егер елде инфляция (бағаның өсуі) жоғары деңгейде болса, онда ұлттық табыстың қайта есептелуі айырбастау бағамы бойынша нақты көріністі күрт бұрмалайды. Сондықтан да бұл деректер есептеу әдістемесіне қарай бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді.

Жалпыұлттық өнім (ЖҰӨ) – бір жыл ішіндегі экономикадағы өндіріс тауарлары мен қызметтің барлық көлемінің нарықтық құнының жиынтығы.

ЖҰӨ бір жылда өндірілген өнімнің көлемін сатып алуға жұмсалған шығындарды қосу арқылы немесе осы жылғы барлық өндірістен алынған өнім кірістерін қосу арқылы анықталады.

*ЖҰӨ есептеу әдістері:*

1) Үйшаруашылығындағы тұтыну шығынын, бизнестің инвестициялық шығынын, мемлекеттік тауарларды сатып алу, қызмет көрсетуді, шетелдіктердің шығындарын қосқанда ЖҰӨ шығады.



2) Кіріс төлеміне байланысты емес шығындар мен төлемдерді, еңбекақыны, ренталық төлемдерін, пайыздарын, пайдасын қосқанда ЖҰӨ шығады. ЖҰӨ номиналды және нақты болып бөлінеді.

Номиналды ЖҰӨ ағымдағы бағаларда тиісті елдің валютасымен өрнектеледі.

Жалпыұлттық өнім, инфляция (бағаның өсуі) немесе дефляция (бағаның төмендеуі) есебімен түзетілген. Өзгертілмеген бағам бойынша доллармен түзетілген нақты ЖҰӨ.

## 2. Экономиканың салалық құрылымы

Экономиканың салалық құрылымы – экономикадағы түрлі салалардың арақатынасы.

Экономиканың салалық құрылымы дамыған елдерге қалай әсер етеді?

Дүниежүзі экономикасының кеңейтілген құрылымы экономиканың кейбір салаларын қосқандағы секторларымен сипатталады. Экономикалық қызметтің барлық түрінің халықаралық салалық жіктелісіне сүйене отырып, мынадай секторларды бөліп көрсетуге болады:

- **өнеркәсіп**, оның ішінде өндіруші және өңдеуші, құрылыс, электр энергиясын, газ бен суды өндіру, бөлу. Өнеркәсіптік сектор өндіруші және өңдеуші өнеркәсіпті қамтиды. Өндіруші өнеркәсіп қатты, сұйық, газтәрізді минералды отын, металл кендерін, химия өнеркәсібі мен тыңайтқыштар, т.б. өндіру үшін минералды шикізат өндіруді, сондай-ақ оларды бастапқы өңдеумен қамтамасыз етеді. Өңдеу өнеркәсібі аралық, соңғы өнімдерді шығарады және шаруашылық қызметтің осындай түрлерін қамтиды. Тамақ өнімдері мен сусындарды, тоқыма бұйымдарын, киім мен былғары бұйымдарын, химиялық заттар мен химиялық өнімдерді, электрлік емес жабдықтар мен электр машинелерін, көлік жабдықтарын, мұнай өнімдерін, резеңке мен пластмасса бұйымдарын, минералды өнімдер мен металдарды, т.б. өндіру. Өнеркәсіптің маңызды секторы – отын-энергетика ресурстарын, яғни отын мен энергия түрлерін өндіретін салалар тобын (мұнай, табиғи газ, көмір, тағы басқа отын минералдарын өндіру, энергетика) қамтитын отын-энергетика кешені.

- **ауылшаруашылық**, дүниежүзілік ауылшаруашылық секторы тамақ өнімдерін (мысалы, көгөніс, жеміс, сүт, т.б.), сондай-ақ ауылшаруашылық шикізатын (мысалы, мақта, астық) шығарады. Ол өсімдікшаруашылық пен малшаруашылық, аңшылық, орманшаруашылық пен ағаш дайындау, балық аулау сияқты шаруашылық түрлерін қамтиды. Қазіргі уақытта экономиканың осы секторына дүниежүзілік шаруашылықта өндірілетін өнімдерге қосылған құнның

3%-ы келеді. Алайда дамыған елдерде ауылшаруашылық өнімі ЖІӨ-нің тек 2%-ын құрайды, ал дамушы елдерде – 12%. Ауылшаруашылық жалпы материалдық өндірістің жоғары өсу қарқынымен ерекшеленеді. Ауылшаруашылық секторында жұмыс күшінің үлесі қысқарып келеді. Өнеркәсіп секторына дүниежүзілік шаруашылықта қосылған құнның 28%-ы, жан басына шаққандағы кіріс деңгейі төмен елдерде – 28%, кіріс деңгейі орташа елдерде – 36%, кіріс деңгейі жоғары елдерде – 27%-ға тиесілі. ЖІӨ-дегі өнеркәсіп секторының ең жоғары үлесі (46%) экономикасы жылдам өсіп келе жатқан Шығыс Азия мен Тынық мұхиты өңірлеріне тән.

**- қызмет көрсету,** дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы мен өзгерістерін зерделеу үшін негізінен ЖІӨ-дегі белгілі бір сектордың (саланың) үлесі, онда жұмыс істейтін экономикалық белсенді халықтың үлесі, осы секторға бағытталған инвестициялардың үлесі, т.б. салыстырмалы көрсеткіштер пайдаланылады. Ауылшаруашылық пен өнеркәсіп секторларында тауар, яғни материалдық өнім құрылса, онда қызмет көрсету секторында бұл материалдық емес, яғни өндірістік емес сала. Басты мақсат – тұтынушының сұранысы бойынша қызметті өндірушінің жүзеге асыруы. Неғұрлым дамыған елдерде жұмыспен қамту құрылымында қызмет көрсету саласы басым болса, дамушы елдерде – ауылшаруашылық пен өндіруші өнеркәсіп басым.

### 3. Өмір сүру деңгейі

Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы – кез келген заманауи мемлекеттің дамуының негізгі көрсеткіші. Оны қалыптастыруға үкіметтің, жалпы халықаралық қоғамдастықтың қызметі бағытталған. Қазақстан үшін де бұл мәселе өзекті.

*Қалай ойлайсың, неге өмір сапасының көрсеткіштері ел дамуының маңызды сипаты болып саналады?*

Халықтың өмір сүру деңгейі бір жағынан адамның әртүрлі өмірлік игіліктерге (азық-түлік, киім, тұрғын үй, көлік-коммуналдық және тұрмыстық қызметтер, білім беру, медициналық қызмет көрсету, мәдени-білім беру іс-шаралары, т. б.) қажеттілігімен анықталады. Екінші жағынан, белгіленген бюджет шеңберінде осындай тауарлар мен қызметтердің нарықтық ұсынысына сәйкес оларды қанағаттандыру мүмкіндігі бар.

Халықтың өмір сүру деңгейін талдау әдетте бірнеше өзара байланысты көрсеткіштерге негізделеді. Олар: халықтың жан басына шаққанда тұтынылатын материалдық игіліктер мен көрсетілетін

қызметтердің жалпы көлемі; тамақ өнімдерін, азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді тұтыну деңгейі мен сапасы; қажеттіліктерді қанағаттандыру деңгейі; нақты табыстардың шамасы; еңбекақы төлеу деңгейі; жұмыс және бос уақыттың ұзақтығы мен құрылымы; тұрғын үй жағдайлары; білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет деңгейі мен сапасы; халықтың өмір сүруі.

2007 жылы Лондонда құрылған *Legatum Institute* жеке талдау орталығы «өркендеу индексі» (*Legatum Prosperity Index*), яғни мемлекеттің жоғары деңгейдегі рейтингін анықтап, жариялады (34-кесте).

34-кесте

### Елдер жетістігінің рейтингісі (2018 ж.)

Санат түрлері бойынша	Ресей	Беларусь	Қазақстан
Жалпы рейтингідегі орны	96	89	73
Экономика	63	50	48
Кәсіпкерлік	69	92	53
Мемлекеттік реттеу	108	135	105
Білім	25	41	35
Денсаулық	101	89	75
Қауіпсіздік	119	57	65
Жеке еркіндік	141	134	122
Әлеуметтік капитал	116	121	109
Қоршаған орта	56	102	97

Өмір деңгейі мен сапасы бойынша бірінші орынды Норвегия иеленді. Өз кезегінде біздің еліміз 2016 жылы 82-орында болса, бұл мемлекеттегі бірқатар көрсеткіштердің өсуі үшін әлеуетті мүмкіндіктерінің белгісі. Осы рейтингідегі жолдың артуы көптеген түрткіжайттарға байланысты, олардың ішінде: нарықтық қатынастарды дамыту, әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздік деңгейін арттыру, білім беру және денсаулық сақтау, мәдениет жүйесін жетілдіру, азаматтардың жеке бас бостандығы деңгейінің өсуі, халықтың тіршілік әрекетінің барлық салаларында ойластырылған мемлекеттік саясат.

Зерттеулер «халықтың өмір сүру сапасы, экономикалық санаты, жаппай санада қалыптасқан, халықтың өмір сүру жағдайлары сипаттамаларының жиынтығының жалпыланған бағасы» деп анықталуы мүмкін деген пайымдауға негіз береді. Бұл сипаттамаларды өмір сүру сапасының жеті интегралды қасиеттері арқылы қарастыруға болады (35-кесте):

**1. Халықтың табиғи өсімі** (туу, өлім, ауру, мүгедектік, күтілетін өмір сүру ұзақтығы, т.б.), отбасын құру, оны сақтау қабілеті (неке, ажырасу), білім мен біліктілік деңгейі (тиісті жас ерекшелігіне қарай топтарында оқумен қамтылған халықтың үлесі, қол жеткізілген білім деңгейі, т.б.) сияқты қасиеттерін ықпалдастыратын сапасы.

**2. Халықтың әл-ауқаты.** Әл-ауқаттың материалдық аспектісі халық кірістерінің, ағымдағы тұтыну мен жинақтарының көрсеткіштерін (нақты мәндегі кіріс шамасы, оларды пайдалану бағыттары және халықтың әртүрлі әлеуметтік-экономикалық топтары бойынша бөлу, халықтың тұтыну шығысының құрылымы, үйшаруашылығында ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарларының болуы, мүлік пен құндылықтардың жинақталуы, т.б.). Сондай-ақ халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, тұтыну бағаларының индексі, жұмыссыздық пен кедейлік деңгейлері сияқты макроэкономикалық көрсеткіштерді сипаттайды.


**3. Халықтың өмір сүру жағдайы.** «Өмір сүру жағдайы» ұғымы тұрғын үй жағдайының сипаттамасын, халықтың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет қуаттарымен қамтамасыз етілуін, бос уақытты пайдалануды, әлеуметтік және географиялық ұтқырлықты, т.б. қамтиды.

**4. Телекоммуникация мен ақпараттық инфрақұрылым** құралдарына қолжетімділікті сипаттайтын халықтың ақпараттануы (ұтқыр радиобайланыс операторлары, ақпараттық ресурстар, интернет-технологиялар, т.б.)

**5. Әлеуметтік қауіпсіздік** (немесе әлеуметтік саланың сапасы) еңбек жағдайларын, әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік қорғауды, мүліктік қауіпсіздікті көрсетеді.

**6. Қоршаған ортаның сапасы** (немесе экологиялық сапасы) әуе кеңістігінің, судың ластануы туралы, топырақтың сапасы, аумақтың биоәртүрлілік деңгейі, т.б. туралы деректерді жинақтайды.

**7. Табиғи-климаттық жағдайлар** – су тасқыны, жер сілкінісі, дауыл мен басқа да дүлей апаттардың жиілігі және ерекшелігімен сипатталатын форс-мажорлық жағдайлар.



40-сурет. Дүниежүзілік банк – 2016 жылғы есеп бойынша табысы ең жоғары елдер

35-кесте

### Өмір сүру сапасының көрсеткіштері (2016 ж.)

	Жан басына шаққандағы ЖҰТ мөлшері. АҚШ долл.	Елдер саны	Дүниежүзі халқының үлесі, %	Дүниежүзінің ЖҰТ үлесі, %
Табысы төмен елдер	875-тен кем	54	36,6	9,3
Табысы орташадан төмен елдер	876 – 3465	58	24,6	38,5
Табысы орташадан жоғары елдер	3466 – 10 725	40	9,1	10,3
Табысы жоғары елдер	10 726-дан артық	56	15,9	56,3



#### Өзіңді тексер

1. Елдер типологиясы мен олардың жіктелуі арасындағы айырмашылықты тап (интернет ресурстарын пайдалану).
2. Табиғат жағдайының қолайсыздығы мен өнімді ауылшаруашылығын жүргізу мүмкіндігі болмауынан ЖҰТ-та ауылшаруашылық үлесі қай елдерде төмен?
3. 40-суретті сипатта. Қорытынды жаса.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТӘЖІРИБЕ

77

### Экономикалық жағынан дамыған елдер

**Оқу мақсаты:** дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға беру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)

### МАМАНДАНДЫРУ • ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

#### 1. Экономикалық даму көрсеткіштері

Экономикалық даму – экономиканы, өндіріс күштерін, білім беруді, ғылымды, мәдениетті, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын, адами капиталдың сапалы әрі құрылымдық жағымды өзгерістерін көбейту және кеңейту. Бұл жан басына шаққандағы ЖІӨ мен адам дамуының индексіні қарастырады. Өсу және даму өзара байланысты, бірақ бірінші кезекте экономиканың дамуы – оның ұзақмерзімді өсуінің негізі. Тиісінше, өсу мен экономикалық даму теориясы өзара байланысты әрі бір-бірін толықтырады. Адами капитал мен оның жасайтын жаңалықтары – негізгі тұрткіжайттар. Олар:

- жан басына шаққандағы ЖІӨ мен ЖҰӨ;
- халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы;
- экономиканың бәсекеге қабілеттілігі;
- еңбек өнімділігі және экономикалық тиімділіктің басқа көрсеткіштері;
- адам басына шаққандағы адам капиталының құны, оның сапасы мен өнімділігі;
- дүниежүзілік экономикаға интеграциялау;
- жемқорлық деңгейі;
- дүниежүзілік рейтингідегі жетекші орны;
- қаржылық-экономикалық рейтингілері мен дүниежүзілік жетекші рейтингілік агенттіктерінің бағасы;
- экономиканың салалық құрылымы, шикізат экономикасының үлесі;
- жан басына шаққандағы негізгі өнімдерді өндіру;
- шынайы даму көрсеткіші.

Елдің негізгі даму көрсеткіші – экономикалық өсу мен даму тұрақтылығын анықтайды. Ел дамуының маңызды көрсеткіштері мәдениет, медицина, ғылым, халықтың тұрмысы сапасына, білім берудегі адами капиталға салынған инвестициялардың көлеміне негізделген.

Өткен онжылдықта жоғары технологияларды өндіру мен экспорттау саласында алдыңғы қатардағы дамыған елдер қатарына Финляндия, Сингапур, Тайвань, Оңтүстік Корея, т.б. елдер кірді. Елдердің жаңғыруы адам капиталын жаңғыртудан, оған бірінші кезекте мемлекеттік білім, ғылым, медицина, тұрмыс сапасы инвестицияларының өсуінен басталады.

## **2. Дүниежүзілік саудада экономикалық дамыған елдер**

Өңдеуші өнеркәсіп өнімін экспорттауға маманданған елдер экономикаға барынша капитал салымы мен жоғары санатты жұмыс күшінің болуын қажет етеді. Мысалы, өздерінің табиғи ресурстары жоқ Бельгия, Нидерланд, Люксембург сияқты аумағы шағын елдер дүниежүзілік саудадағы көшбасшы елдердің қатарына жатады. Олар шикізат пен жартылай фабрикаттарды импорттап, халық кірісі мен экономикаға жоғары табысты қамтамасыз етіп, дайын өнімді экспорттайды.

Соңғы онжылдықта дамыған елдердің дүниежүзілік саудадағы тауар үлесі 70-75%-ды құрады, соның ішінде 60%-ға жуығы ең дамыған Солтүстік Америка, Батыс Еуропа мен Жапония елдері арасындағы өзара тауар алмасуға тиесілі.

XXI ғ. басында дамыған елдерге дүниежүзілік экспорт қызметінің 4/5-і, соның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Франция, ГФР, Италияға тіпті жартысы тиесілі болды. Экономикасы дамыған елдердің экспорттық және импорттық құрылымында өңдеуші өнеркәсіп өнімі, мәшинелер мен техника басымдық алады. Сыртқы сауданың мұндай құрылысы оның географиясымен (экономикасы дамыған елдер өзара сауда жүргізеді), мамандандырылған салаларымен және еңбек бөлінісімен түсіндіріледі.

## **3. Дүниежүзілік саудадағы Қазақстанның орны**

Халықаралық экономикалық интеграция – елдер мен мемлекеттер экономикаларының халықаралық ассоциациясының бірыңғай нарыққа шығу процесі. Онда тарифтік және тарифтік емес шектеулерді бірте-бірте жою экономикалық саясатты біріктіруге әкеледі. Бірқатар күрделі мәселелер де туындайды.

*Неге экономикалық интеграция артықшылық деңгейі бойынша ең жақсы нұсқалардың бірі?*

Қазақстанның сыртқы саудасының географиялық құрылымы Еуропа, Азия, Америка және Африка елдерін қамтиды. Бұл ретте Қазақстанның негізгі серіктестері – Ресей мен Қытай.

Бүгінгі таңда Қазақстанның сыртқы саудасының негізгі мәселесі – экспорттың тиімсіз құрылымы, шикізат сатудағы пайданың төмендігі.

Ел экономикасы шикізаттың дүниежүзілік бағасының ауытқуына тәуелді. Дүниежүзілік қаржы және экономикалық дағдарыс мұнай мен металл бағасын құлдыратты, бұл қазақстандық экспорт көлемі мен ЖІӨ өсу қарқынын айтарлықтай төмендетіп отыр. Осыған байланысты Қазақстанның сыртқы саудасын дамыту саласындағы стратегиялық маңызды міндет – елдің табиғи ресурстар экспортына тәуелділігін азайту. Бұл – Қазақстан экономикасының өзіндік құны жоғары болатын, дайын өнім шығаратын салаларды дамытуға бағытталған негізгі мәселесі.

Экономикалық түрткіжайттарға минералдық-шикізат ресурс қорының мол болуы (мұнай-газ, тау-кен металлургия секторлары, шамамен 80%), Қазақстанға инвестиция ағынының келуі жатады. Тау-кен өнеркәсібі шетелдік инвесторлар үшін ең көп пайда мен өтелімділіктің ең қысқа мерзімін қамтамасыз етеді. Сондықтан шетелдік инвестиция ағыны ел экономикасының дамуын қамтамасыз етумен қатар оның шикізаттық бағыты күшеюінің маңызды себебі болды.

*Еуразиялық экономикалық интеграцияның мақсаттары қандай?  
Кеденнен экономикалық одаққа көшуі неге байланысты?*

Еуразиялық экономикалық интеграция дамудың жаңа кезеңіне көшті, ортақ нарық құру, кедергілер мен шектеулерді алып тастау, сауда, бизнес, инвестиция мен инновация мүмкіндіктерін кеңейту сияқты мәселелер шешілуде. Өзара сауда-саттықтың өсуі басқа елдерді, бірінші кезекте ТМД-ны ЕАЭО-мен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың тартымдылығын дәлелдеуі тиіс. 40-қа жуық ел еркін сауда аймағы форматында жаңа одақпен сауда-экономикалық қарым-қатынас орнатуға ниет білдірді. Алғаш осындай келісімге 2015 жылдың 29 мамырында ЕАЭО мен Вьетнам арасында жасалған болатын. 2015 жылы 8 мамырда Мәскеуде жарияланған ЕАЭО-ның «Жібек жолы экономикалық белдеуі» деген аймақтық интеграцияны дамытудың жаңа перспективалары мен мүмкіндіктері пайда болады. 2015 жылдың басында ЕАЭО құрамына Армения (қаңтарда), содан кейін Қырғызстан қосылды. Нәтижесінде «үштік» (Қазақстан, Ресей, Беларусь) жаңа одағы «бестік» одаққа айналды. ЕАЭО-5 құрамына Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы кіреді. Бірыңғай кедендік аумақ, үшінші елмен бірыңғай кедендік шегара, сондай-ақ өзара сауда, бизнес және ортақ инвестиция нарығының географиясы артып келеді.



2007 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанның сауда балансы оң болды. Бұл елдегі тауарлардың халықаралық нарықтағы сұранысын, сондай-ақ ол елде өндірілетін барлық өнімнің пайдаланбайтындығын көрсетеді. 2007 жылдан 2010 жылға дейін сауда балансының құны тұрақсыз болды. 2011 жылы максималды мәнге жеткеннен соң, сауда теңгерімі төмендей бастады. 2014 жылдан кейін ол екі жарым есе азайып, 2016 жылы бұл барлық кезең үшін ең аз болды.

Қазақстан өзінің аумағы бойынша ТМД-да Ресей Федерациясынан кейін екінші орын және дүниежүзінде тоғызыншы орынды (Ресей – 17,1 млн км<sup>2</sup>, Канада – 9,91 млн км<sup>2</sup>, Қытай – 9,61 млн км<sup>2</sup>, АҚШ – 9,41 млн км<sup>2</sup>, Бразилия – 8,5 млн км<sup>2</sup>, Аустралия – 7,71 млн км<sup>2</sup>, Үндістан – 3,21 млн км<sup>2</sup>, Аргентина – 2,71 млн км<sup>2</sup>, Қазақстан – 2,71 млн км<sup>2</sup>, Алжир – 2,31 млн км<sup>2</sup>) алады.

Республика бес экономикалық ауданнан, 14 облыстан тұрады. Оның аумағында 87 қала мен республикалық мәртебе берілген үш қала – Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент орналасқан. Қазақстан жер ресурстары мен пайдалы қазбаларға, әсіресе мұнайға өте бай.

*Мұнайдың негізгі кен орындары* Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында. Зерттелген қоры – 45 млрд т. 5,9 трлн текше м газ қоры да бар.

*Көмірдің қоры* 200 млрд т. Негізгі кен орындары Қарағанды (кокстелетін көмір), Қостанай, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында шоғырланған. Шұбаркөл (Павлодар облысы) кен орнындағы көмірдің жалпы қоры 2 млрд т (күл көлемі 4-25%) құрайды.

*Темір рудасы* қорының көлемі бойынша (8 млрд т) Қазақстан ТМД-да Ресей мен Украинадан кейін үшінші орында. Негізгі қоры Қостанай облысында шоғырланған (Соколов-Сарыбай, Әйет, Лисаков).

*Хром қоры* Ақтөбе облысында (ТМД қорының 90%-ы) шоғырланған.


Дүниежүзілік қордың 60%-ын Жамбыл облысындағы фосфор құрайды. Дүниежүзінде фосфор тыңайтқыштарын өндіруде екі монополист ел: Қазақстан мен АҚШ. Қазақстан аумағында техникалық алмаздың 60%-ы, түсті металдың 97%-ы, күміс қоры ТМД бойынша 60%, сонымен қатар дүниежүзілік қордың 40–45%-ын құрайтын уран (МАГАТЭ деректері бойынша) бар.

Республикада алтын, ванадий, вольфрам, басқа да түсті және сирек кездесетін металдың біршама қоры бар. Аумақта Менделеев кестесінің 105 элементі анықталған.

*Қалай ойлайсың, өнеркәсібін дамытуда Қазақстан алдына қандай мақсаттар қойды?*

Республиканың өнеркәсібі дамушы елдер деңгейінде, бірақ дамыған елдердің жүйесінде өзінің «орнын» алатын өнеркәсіп салалары бар. Бұл – әскери-өнеркәсіптік кешенді өндірістер, Байқоңыр ғарышайлағы және басқа салалар.

Қазақстанның басты байлығы – Жер. Жалпы жер көлемі – 272 млн га. Алқаптардың негізгі түрлері: егістік, жайылым, шабындық, көпжылдық көшеттер (бақтар, жүзімдіктер).



5-диаграмма. Қазақстан Республикасының жалпы жер көлемі (млн га) (2018 ж.)

Алдыңғы қатарлы, дамыған елдер санатына қосылу үшін, тұрақты экономикалық өсу мен экологиялық тиімді өндірісті қамтамасыз ету, бәсекелестікке төзімді, импорт алмастырушы, экспортқа бағытталған тауар шығаратын өнеркәсіптер құрып, қызмет көрсету саласын мығымдау қажет, яғни шаруашылықты әрі қарай дамыту керек.


Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасы өтпелі кезеңде.



### Өзіңді тексер

1. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларының бәсекеге қабілеттілігіне баға бер.
2. Қазақстан Республикасының мамандандырылған сызба-картасына нақты ауылшаруашылық өнімдерінің түрлерін өндіру үшін ауылшаруашылық алқаптарын тиімді қолдану жөнінде талдау жаса.

### 3. Қазақстандағы сауданы дамыту жолдарын ұсын.



25-сызба-карта

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР

78

### Қазақстан Республикасының шаруашылық құрылымы

**Оқу мақсаты:** Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылығының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау

### ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ ТУ КЕЗЕҢДЕРІ

#### 1. Экономиканың даму тарихы

Қазақстанның экономикасы көне заманнан бастап, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде көшпелі малшаруашылығына негізделді. Қазақстанда әрқилы табиғи-географиялық және тарихи жағдайларға байланысты шаруашылықтың *көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы* сияқты үш түрі қалыптасты. Орыс және украин халқының қоныс аударуы негізінде өсімдікшаруашылығы мен отырықшы жайылымдық шаруашылық дами бастады. XIX ғ. соңында Қарағандыда көмір, Орталық және Шығыс Қазақстанда мыс, қорғасын, алтын, күміс, Атырау маңында мұнай өндіру басталды. Дегенмен, XX ғ. басында экономиканың негізгі саласы малшаруашылығы болып қала берді.

Қазақстан халқы Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығын (XX ғ. 20-30 ж.) экономиканың тоқырауын жою жұмысынан бастады.

1940 ж. Қазақстанның кең-байтақ жерінде ондаған ірі зауыттар мен фабрикалар салынып, дала төсінде жаңа теміржол магистралдары орнап, ірі ауылшаруашылық өндірістер көтерілді, малшаруашылық қарқынды дамыды. Кеңес өкіметі кезеңінде шикізат өнеркәсібінің базасын дамыту, пайдалы қазбалардың барлық түрін өндіру қарқынды жүргізілді. Ірі тау-кен кәсіпорындары пайда болып, олардың төңірегінде инфрақұрылым дамыды. Кеңес өкіметі жылдары КСРО құрамындағы Қазақстан экономикасы шикізат өндіру бағытын алды. Қазақстан – ірі энергетика, металлургия, отын, химиялық, мәшине жасау өнеркәсібі орталықтары бар ірі индустриялық-аграрлық аймаққа айналды. Қазақстанның экономикасы қалыптасуының төрт кезеңі бар:

- ұрпақтан ұрпаққа берілген дәстүрлі экономикалық кезең (б.з.б. I мыңжылдық – XIX ғ. ортасы);

- *нарықтық экономиканың пайда болу кезеңі*, меншік, еркін баға, бәсеке (XIX ғ. соңы – 1920 ж. соңы);
- *жоспарлы экономика кезеңі*, мемлекеттік меншік пен шаруашылық қызметі (1920 ж. соңы – 1990 ж. басы);
- *нарықтық экономикаға өту кезеңі* (1990 жылдан бастап).

## **2. Экономиканың заманауи даму кезеңі**

Бұл кезеңде Қазақстан түсті және қара металл, уран, көмір, мұнай, астық, малшаруашылығының өнімдерін өндіретін ірі өндіріс орнына айналды.

Сол кезеңдегі ірі кәсіпорындар – Қарағанды металлургия комбинаты – қазір «Арселор Миттал Теміртау», «Балқаш тау-кен металлургия комбинаты», қазіргі «Қазақмыс» ЖШС корпорациясы құрамына енген «Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты» экономикалық жағынан қуатты өндіріс орындары.

*Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы қалай дамып жатыр?*

Қазақстан – ерекше ауылшаруашылық мүмкіндіктеріне ие, сапалы бидайды экспорттаушы мемлекет. Соңдықтан ауылшаруашылық саласында озық технологияларды кеңінен қолдану арқылы фермалар мен егіс алқаптарының өнімділігін арттыру, шаруашылық жүргізудің жаңа әдістерін игеру қажеттілігі, қайта өңдеу әдістерін жетілдіру, шикізат өнімін сақтау, тасымалдау, ауылдың әлеуметтік дамыған инфрақұрылымын өзгерту – өзекті мәселе.

## **3. Экономиканың дамуы неге тәуелді?**

Экономикалық дамудың тиімділігі нарықтық қатынас жолындағы реформаға байланысты. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда көпқұрылымды экономика қалыптастырылды. Экономиканың ең басты саласы – өнеркәсіп. Қазақстанда мамандану ерекшелігіне қарай *бес экономикалық аудан* бар. Қазақстанның континент ішінде орналасуы (географиялық орны), теңіз жолдарынан және халықаралық көлік күретамырларынан алшақтығы оның экономикалық дамуында күрделі мәселелер тудырады.

Қазақстан – Қытай мен Ресей, алыс және жақын шетелдердің арасын байланыстыратын транзитті ел. Мұның бәрі экономиканың дамуына әсер етеді. Инфрақұрылым кешенінің (теміржол тораптары, ірі теңіз айлағы, әуежайлар, мұнай мен газ құбырлары) артта қалуы – мемлекеттің дамуын тежейтін түрткіжайттың бірі.

Қазақстанның инфрақұрылымы бүгінге дейін негізінен ТМД елдерінің экономикасына қызмет етуге бағытталды. Осы уақытқа дейін Батыс Қазақстандағы негізгі мұнай кен орнын еліміздің солтүстік-шығысындағы (Павлодар) және оңтүстігіндегі (Шымкент) мұнай өңдеу зауытымен жалғайтын мұнай құбыры жоқ. Қазақстан аумағы Орта Азия елдерінің табиғи газын Ресейге тасымалдайтын транзиттік аумақ ретінде қолданылады.

Еліміздің экономикалық дамуының жаңа кезеңі инфрақұрылымды жетілдіру және жаңғыртумен байланысты.



### Өзіңді тексер

1. Шаруашылық құрылымының тиімді жақтарын анықта.
2. Қазақстан аумағында қандай ірі кәсіпорындар бар?
3. Аталған кәсіпорындар неліктен осы қалаларда орналасқанын түсіндір.
4. Белгілі экономикалық кезеңдегі шаруашылықтың салалық құрылымын жаз. Қандай саяси және экономикалық процестермен байланысқанын түсіндір.

Интернет ресурсын қолданып *36-кестені* толтыр.

Мысалы, 1920 жыл. Ауылшаруашылығының екі салалық құрылымы бар: егіншілік және малшаруашылық. Бұл жылдары егін алқабының азаюы мен малшаруашылығының ауыр жағдайына байланысты халық наразылығы, азық-түлік тапшылығынан туған ашаршылық орын алған.

*36-кесте*

1920	1940	1980	2000
Ауылшаруашылық	Өндіруші өнеркәсіп	Өнеркәсіп	Өндірісті емес сала

## ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

79-80

### Зерттеудің түрлі әдістерін қолдану

#### Оқу мақсаты:

- Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдану
- Зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолдану
- Зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану

### ГЕОСАЯСАТ • ШИЕЛЕНІСКЕН ОШАҚ

**Құрал-жабдық:** жазба жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, географиялық атлас, тақырып бойынша қосымша әдебиет, интернет.

#### Сабақтың мақсаты:

1. Дүниежүзінің кейбір елдеріндегі геосаяси жағдай туралы білімдерін бекіту.
2. Түрлі көрсеткіштер бойынша аумақтардың геосаяси жағдайын салыстыруды үйрену.

#### Жұмыс барысы:

##### Тапсырмалар

1. «Геосаясат», «геосаясат жағдайы» ұғымдарының мағынасын, елдің геосаяси жағдайын бағалаудың критерийлерін еске түсіру (көршілес елдер, олардың саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы, саяси ұжымдар мен шиеленіскен ошақтарға қатынасы, т.б).



#### Қосымша ақпаратпен жұмыс

1. Дүниежүзінің саяси картасындағы өзгерістерге баспасөз бен теледидар жаңалықтарындағы деректер бойынша мысал келтір.
2. Карта, анықтамалық әдебиеттерді пайдаланып, жоспар бойынша бір елге сипаттама бер:
  - а) мемлекеттің жалпы сипаттамасы, тарихи-географиялық ауданы;
  - ә) көршілес мемлекеттерге қатысты мемлекет шегарасына (теңіздік, құрлықтық) баға беру;
  - б) алғашқы қатардағы көршілес елдері мен олардың экономикалық даму деңгейі;
  - в) елдің дүниежүзілік отын, шикізат саудасына, көлік жолдарына қатысты жағдайы;
  - г) халықаралық әскери, экономикалық, саяси ұйымдарға қатысы;

ғ) көршілес елдердің түрлі халықаралық ұйымдар мен саяси блоктарға қатысы.

д) көршілес елдер арасынан одақтық, қарсылас, бейтарап мемлекеттерді ерекшеле;

е) көршілес елдер арасындағы даулы аймақтардың болуы;

ж) елдің қауіпсіздігіне қатер төндіретін «шиеленіскен ошақтар» мен әскери шиеленіскен елдерге жақын болуы;

з) елдің саяси-географиялық жағдайының жалпы бағасына қорытынды.

3. Қазіргі кезеңдегі елдің саяси бағыты туралы жалпы ақпарат: елдің саяси, әскери-саяси, экономикалық ұйымдарға қатысуы.

4. Шегаралас мемлекеттерді экономикалық, саяси жағынан бағалау:

а) көрші елдердің экономикалық даму деңгейі;

ә) көрші елдердің саяси блоктарға қосылуы.

5. Байланыстың негізгі бағыттарына қатысты жағдайы (көлік бағыттары).

6. Халықаралық және ішкі жанжалдардың ең жақын орталықтарына, ғаламшарымыздың «шиеленіскен ошақтарына» қатысты жағдай:

а) елдің аймақтық жанжалдарға тікелей немесе жанама қатынасы;

ә) әскери-стратегиялық әлеуеті, шетелде әскери базалардың болуы;

б) халықаралық процесте және қарусыздану мәселелерінде ел үкіметінің ұстанымы.

7. Елдің саяси жағдайын жалпы бағалау.

8. Таңдау бойынша, жеке елдердің геосаяси жағдайын сипаттау, халықаралық қатынастар нәтижесінде мүмкін болатын өзгерістерді анықтау.

9. Саяси карта бойынша геосаяси жағдайлары тиімді және тиімсіз елдерді анықтап, тізімін жаз.

10. Қазақстанның геэкономикалық жағдайына баға бер.

### Өзіндік жұмыс

1. Қазақстан, АҚШ, Германия, Қытай, Жапония мемлекеттерінің геосаяси жағдайларын ата.

2. Әртүрлі көрсеткіш бойынша екі ауданның геосаяси жағдайларын салыстыр (аумақ көлемі, шегара, халық саны, ЖІӨ).

3. Қазақстан, АҚШ, Германия, Қытай, Жапония елдері қандай экономикалық топтар құрамында бар?



## ЗАМАНАУИ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

81

### Картографиялық зерттеу әдістерін қолдану

**Оқу мақсаты:** тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану

#### ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОДАҚ • МАКРОАЙМАҚТАР



#### САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС

##### Сабақтың мақсаты:

1. Кескін картада дүниежүзінің негізгі экономикалық аймақтарын белгілеу.

**Құрал-жабдықтар:** жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, географиялық атлас, тақырып бойынша қосымша әдебиет, интернет.

##### Жұмыс барысы:

###### Тапсырма:

1. Кескін картаға дүниежүзінің негізгі экономикалық аймақтарының шегарасын жүргізіп, атауларын жаз: ТМД, Шетелдік Еуропа, Шетелдік Азия, Африка, Солтүстік Америка, Латын Америкасы, Аустралия және Мұхиттық аралдар.

2. Әрбір макроаймақтың шегарасын бөліп, түрлі түсті бояумен бояп, негізгі субаймақ аттарын жаз: Солтүстік, Орта, Оңтүстік және Шығыс Еуропа, Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік және Шығыс Азия, Солтүстік және Тропиктік Африка, Мексика, Орталық Америка мен Вест-Үндістан, Анд елі, Амазонка мен Ла-Плата бассейні елдері, Аустралия мен Мұхиттық аралдар (жеке).

3. Кескін картаға интеграциялық одақтарды түсір. Әрбір одақты түрлі түспен боя.

G7 одағына кіретін

G20 одағына кіретін

БРИКС елдері

ШЫҰ (ШОС) елдері

ЖИЕ (ННС) елдері

ЕурАзЭҚ (ЕАЭС)

4. Қазақстанның геосаяси жағдайына сипаттама бер.

5. Картадан интеграциялық одақ елдерін көрсет (мұғалімнің таңдауымен).

## ГЕОИНФОРМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

82-83

*Microsoft Excel* бағдарламасын пайдаланатын географиялық деректер базасын құру

### Оқу мақсаты:

- *Microsoft Excel* бағдарламасының қолданып, тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құру
- Статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммалар жасау

ШЫҰ • ЕЛ • АСТАНА • ХАЛЫҚ • АУДАН



### САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС

#### Сабақтың мақсаты:

Латын Америкасы, Африка, Азия дамушы елдерінің салыстырмалы экономикалық-географиялық сипаттамасын анықтау.

**Құрал-жабдық:** жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, географиялық атлас, тақырып бойынша қосымша әдебиет, интернет.

#### Жұмыс барысы:

##### Тапсырма

1. Атлас картаны, оқулық мәтінін, анықтамалар және басқа әдебиеттерді пайдаланып, нұсқа нөміріне қарай *37-кестені* толтыр.

2. Осы елдердің экономикалық дамуы жөнінде жалпы қорытынды жаса.

1-нұсқа. Мексика, Нигерия мен Сауд Арабиясы елдеріне экономикалық-географиялық салыстырмалы сипаттама беру.

2-нұсқа. Чили, Гвинея мен Үндістан елдеріне экономикалық-географиялық салыстырмалы сипаттама беру.



### Қосымша ақпаратпен жұмыс

3. *Microsoft Excel* көмегімен ШЫҰ елдерінің мәліметінен тұратын деректер базасын құр. Географиялық деректер базасына келесі тармақтарын қос: ел, астанасы, халқы, ауданы, экономикасы.

Тақырып бойынша қорытынды жаса.



### Сызба түрінде бейнеле

4. *Microsoft Excel* көмегімен дүниежүзі саяси картасы туралы мәліметінен тұратын деректер базасын (мысалы, Азия елдері) құр.

Географиялық деректер базасына келесі тармақтарды қос: ел, астанасы, халқы, ауданы, мемлекеттік құрылым мен басқару формасы. Кесте тармақтарын толықтыра отырып, базаны толық құрастыр. Қорытынды жаса.

37-кесте

Жоспар	Ұқсастығы	Айырмашылық түрі		
		1-ел	2-ел	3-ел
1. Елдің әлеуметтік-экономикалық типі				
2. Мемлекеттік құрылымы мен астанасы				
3. Географиялық жағдайы				
4. Табиғи жағдайлары мен ресурстар				
5. Халыққа тән сипаттар				
6. Өндірістің мамандану салалары				
7. Ауылшаруашылық мамандану салалары				
8. Көліктік даму ерекшеліктері				
9. Сыртқы экономикалық байланысы				
10. Өндірістік емес салалардың даму ерекшелігі				
11. Елдің дамуындағы күрделі мәселелер				
12. Елдің дамуы туралы қорытынды				

5. *Microsoft Excel* бағдарламасы бойынша сарамандық тапсырмалардан алынған мәліметтер негізінде картодиаграмма құр.

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ КӨЗБЕН ШОЛУ

84

Ақпаратты коммуникациялық технологияда  
графикалық реттеу


**Оқу мақсаты:** ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың графикалық редакторларын қолданып, тақырыптық карта-сызба жасау

**ЭКОНОМИКА • САЯСИ БЛОК • ШИЕЛЕНІСКЕН НҮКТЕЛЕР**

**Құрал-жабдықтар:** жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, географиялық атлас, тақырып бойынша қосымша әдебиет, интернет.

**Сабақтың мақсаты:**

1. Ақпаратты-коммуникациялық технологияны графикалық реттеу білімін бекіту.
2. Ақпаратты-коммуникациялық технологияны графикалық реттеу жұмысын үйрену және тақырыптық карта-сызба құру.



41-сурет. Гистограмма мысалы



**Сызба түрінде бейнеле**


1. *Microsoft Excel* бағдарламасы көмегімен (41-сурет) елдердің аудан өлшемінің өсу ретімен деректер базасының гистограммасын жаса: АҚШ, Қазақстан, Ресей, Қытай, Бразилия, Аустралия, Украина, Нигерия.

Берілген елдердің ішінен ең ұзын құрлықтық және теңіздік шеғарасы бар елді белгіле.

2. *Microsoft Excel* көмегімен ашық теңізге шыға алмайтын елдер туралы мәліметтерден деректер базасын құр: Еуропа, Азия, Африка, Латын Америкасы, ТМД.

Қорытындыны дәптерге жаз.

3. 42-суретте кескіні көрсетілген өзің танытын елдерді, олардың астанасын анықта.



42-сурет

#### 4. Тест тапсырмасын орында.

#### Тест

1. Геоэкономика – мемлекеттің саясатын ... анықтайтын саяси концепция

- а) географиялық түрткіжайттарын
- ә) әскери түрткіжайттарын
- б) саяси түрткіжайттарын

2. Экономиканың даму тиімділігі ... тәуелді

- а) әлеуметтік қатынасқа
- ә) дипломатиялық қатынасқа
- б) нарықтық қатынасқа

3. Қазақстан үкіметі ... экономика моделін ұсынуда

- а) дәстүрлі
- ә) нарықтық
- б) аралас

4. Дүниежүзілік экономикалық құрылымның екінші секторына жатады:

- а) туризм
- ә) тамақ өнеркәсібі
- б) ауылшаруашылық

5. ЕЭО-5 құрамына кірмейтін ел:

- а) Армения Республикасы
- ә) Қырғыз Республикасы
- б) Беларусь Республикасы
- в) Қазақстан Республикасы
- г) Моңғолия

6. Қазақстандағы республикалық мәртебе берілмеген қала:

- а) Алматы
- ә) Шымкент
- б) Нұр-Сұлтан
- в) Қарағанды

## 5 БӨЛІМ. ГЕОСАЯСАТ

### 5.1 ГЕОСАЯСАТ НЕГІЗДЕРІ

#### ГЕОСАЯСАТТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

85

Геосаясаттың мақсаты, міндеттері мен зерттеу пәні

**Оқу мақсаты:** геосаясаттың мақсаты мен міндетін, зерттеу пәнін түсіндіру

#### ГЕОСАЯСАТ • ДӘСТҮРЛІ ГЕОСАЯСАТ • ГЕОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ГЕОФИЛОСОФИЯ

##### 1. Геосаясат

**Геосаясат** (географиялық саясат; грекше мемлекеттік немесе қоғамдық жұмыс) – әртүрлі мемлекеттік немесе мемлекетаралық бірлестікті ықпал ету (күш орталығы) айналасында бөлу және қайта бөлу заңдылығы туралы, аумақты бақылау туралы тұжырымдама, саяси ойлардың бағыты.

Геосаясат бөлінісі 26-сызбада көрсетілген.



26-сызба. Геосаясаттың бөлінісі

Геоэкономика дәстүрлі геосаясатқа қарағанда мемлекеттің экономикалық күшіне ерекше назар аударады. Жаңашыл геосаясатта рух күші әскери, экономикалық күштерге негіз болады және халықаралық қатынаста мемлекеттердің тәртібін анықтауда базистік түрткі-жайттарды кеңейту есебінен дәстүрлі экономикалық және географиялық детерминизмді жеңуіне көмектеседі.

**Геофилософия** (өркениеттік геосаясат) – жоғары межелік энергетикалы көпөлшемді коммуникациялық кеңістіктің дүниелері туралы ұғымдарға негізделген өркениетаралық қатынастар және әлемдік имманенттік (мүмкін болатын тәжірибемен шектелуі, ал тәжірибе тек сананың ішінде болуы) тәртіптің трансформациясы туралы ғылым.

Геофилософия геосаясаттың географиялық, экономикалық детерминизмінің (анықтау, бөлу, шектеу) шектеулілігін жеңуге ықпал етеді.

Геосаясат – дүниежүзілік және аймақтық мәселелерді шешуде геосаяси субъектілер арасындағы өзара қатынас. Геосаясат – саяси ғылымдар теориясының іргелі ұғымдарының бірі. Ол мемлекеттердің немесе мемлекеттер блоктарының аумақтық кеңістікте орналасқан ерекше жағдайының негізінде жергілікті, аймақтық, құрлықтық және жаһандық халықаралық процестерге нақты тарихи ықпал етудің нысаны мен орнын сипаттайды.

Геосаясат қоғамда, мемлекетті басқару жүйесінде маңызды ғылыми-тәжірибелік функция атқарады. Оның білімі дүниежүзінде, аймақтарда және мемлекеттерде жүріп жатқан өтпелі өзгерістер мен процестерге дұрыс бағыт-бағдар ұстауға, соған сәйкес практикалық әрекет етуге, қолайлы басқару шешімін қабылдауға мүмкіндік береді. Заманауи геосаясат жаһандық, аймақтық, субаймақтық және мемлекетшілік деңгейде жеке мемлекет пен оның одақтарының мүддесін көрсететін оқиғалардың дамуын талдайды. Жаңа жағдаяттардың әсерінен дүниежүзі әрдайым өзгеріп отырады, географиялық түрткі-жайттардың жаңа элементтері жойылмайды, одан заманауи дүниежүзінің геосаяси үлгісі қалыптасады.

XXI ғасыр басында біз өтпелі кезеңнің, яғни дүниежүзілік үлгіден жаһандық үлгіге көшудің куәгері болдық. Дүниежүзінің геосаяси жағдайының тұрақтылығы төмендей бастады, себебі 150-200 жыл бұрынғы түрткіжайтқа қарағанда әсер етуші түрткіжайттар әлдеқайда көп. Бұл ретте геосаясат география, тарих, экономика, демография, этнография, дінтану, экология, әскери іс пен стратегия, идеология, әлеуметтану, саясаттану, т.б. пәндерге сүйенеді. XXI ғасырда әскери, технологиялық, қаржылық, мәдениет мәселелерін қозғайтын ақпараттық түрткіжайттар бірінші жоспарға шықты. Бұл мемлекеттік, әскери, экономикалық басқару жүйесінің жаһандық ақпараттық және компьютерлік технологияға жоғарғы дәрежеде тәуелділігін білдіреді.

Геосаясат қоғам пікірінің қалыптасуына, қарсыластың психологиялық жеңіліске ұшырауына негізделген ақпараттық тұрғыда белсенді әрекет етеді. Сондықтан, нысан тұрақты болғанымен, геосаясат пәні әрдайым өзгеріп отырады.

XX ғасырдың ортасында ғылыми-техникалық революция нәтижесінде геосаясат пәнінің жаңа элементтеріне техникалық-экономикалық түрткіжайттар қосылды, оның дүниежүзінің саяси жағдайына әсері соңғы жүз жылда жылдам өсу үстінде. Қоғамдық еңбек бөлінісі көп жағдайда FTP-ге байланысты, табиғи пайдалы қазбаларды өндіру, олардың қайта өңделуі, қалдықтарды қайта өңдеу, т.б. істер экономикалық процестерді шынайы жаһандануға әкелді. Бұл тек техникалық, технологиялық жоспарда ғана емес, ұйымдастыру жоспарында да байқалды.



Жаһандану халықаралық сауданы, капитал мен қаржы салымының мемлекетаралық қозғалысын, еңбек күші мен валютаның ауысуын, ақпараттық ағындарды белсендіру, тарату, т.б. қозғады. Осы және басқа процестердің халықаралық өмірдің барлық саласына әсер етуі арта түсті.

XXI ғасырда экономикалық түрткіжайттардың әсері артып, экономикалық шиеленістер мемлекетаралық, ұлтаралық қақтығыстар арасында бірінші орынға шықты. Олардың шешімін табуда экономикалық жағдайына қарай әскери, әскери-саяси күштерді жиі қолдана бастады. Сондықтан кез келген геосаяси жағдайдың талдауы экономикалық түрткіжайт талдауынсыз, жалпы әрі ғылыми негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

Экономикалық процестер, FTP қоршаған географиялық ортаға, экономикалық жағдайға, адамзат пен қоғамға көбірек әсер етеді. Халықаралық қатынастың барлық түрін құруда бірінші кезекке экономикалық мүдделер шығады. Осыдан заманауи геосаяси жағдайдың тұрақсыздығын айқындай отырып, жаһандық экономикалық процесс өзінің жоғары динамикасымен ерекшеленеді.

*Заманауи дүниежүзінде геосаясат қандай рөл атқарады?*

## **2. Геосаясаттың түрткіжайттары**

Геосаясатқа баса әсер ететін басқа да түрткіжайттар бар.

1. FTP нәтижесінде жаппай қырып-жою қаруы мен оны жеткізу құралдары, қарсыластың қаруын тауып, жойып жіберу, әскерлердің іс-қимылдарын басқару жүйесі сияқты жаңа әскери-техникалық құралдар пайда болды.

2. FTP коммуникативті дүниежүзілік қоғамда қалыптасқан, атап айтқанда, интернет жүйесі, байланыстың электронды құралының дамуына көп үлес қосты. Әскери және экономика салалар электронды байланыс жүйелеріне өте тәуелді.

3. Ғылымның, іргелі ғана емес, халықаралық қатынаста геосаяси вектордың тактика мен стратегияға жауап беретін қоғамдық-ғылыми бағытта да даму қарқыны маңызды орын алды.

4. Тәжірибеде жаңа технологияларды қолдану, экономикалық сала мен ғылымның, әскери істің, т.б. дамуы көбіне халықтың білімі мен мәдениет деңгейіне байланысты.

5. Мәдениет деңгейі әлемнің діни көзқарасына әсер етеді.

6. Саяси түрткіжайттың да өзіндік мәні бар: ғылыми-техникалық дамудың нәтижесі жеке географиялық элементтердің: кең ауқымдағы кеңістік, теңіздер, мұхиттар, таулар, өзендер, ормандар, далалар

рөлінің төмендеуіне әкелді. Сонымен бірге коммуникацияның көптеген түрінің: теміржолдар, су жолдарының дәрежесі төмендеді. Бір уақытта құбыр жолдарының, автокөліктің, әуежолдарымен тасымалдаудың рөлі артты. Көлемі жағынан шағын, бірақ ғылыми әлеуетімен, қаржымен, технологиямен жабдықталған елдердің маңыздылығы арта түсті.

Геосаяси және аймақтық мәселені шешуде қазіргі таңда әскери күштер жиі қолданылады. Кей аймақтарда жергілікті соғыстар тоқтады. Осы апатқа ұшыраған немесе оны бастан өткерген елдер: Ирак, Ливия, Шешен Республикасы, таулы Қарабақ, Абхазия, Днестр бойы (Молдова), Оңтүстік Осетия. «Болашақта қарулы күштерді қолдану күшейе түседі» деген қауіп бар, себебі ғаламшардың негізгі қайшылығы ушығады. Шикізат көздеріне талас, экономикалық қарсы тұру, нарықтық өткізім үшін күрес күшейеді. Осылайша, әскери күштің сапасына, яғни оқыту, қамтылу, оларды басқару мен тиімді жабдықтау, т.б. талаптар артады. Адамзатты ядролық державалар санының көбеюі мазалайды.

Геосаяси баланс күшіне Оңтүстік-Шығыс Азия, Азияның оңтүстік бөлігі елдерінің демографиялық жағдайы үлкен әсер етеді. Осыған байланысты кедендік мәселе қиындай түседі: экономикалық, әлеуметтік, әскери, экологиялық, т.б. Таяу Шығыстағы мұндай ұтымсыз геосаясаттың қорытындысы Еуропаға саяси босқындардың бақылаусыз ағынын тудырды. Олар әлеуметтік, діни, этностық, мәдени түрткіжайттар әсерінен туындады.

Сонымен, геосаясат – ғылым мен қызмет салалары, елдер мен өңірлердің саяси қатынасы дамуының қозғаушы күштері мен заңдылықтарын оқытады. Бұл іс-әрекетке теңіздік, әуе-ғарыштық, демографиялық, ақпараттық, қорғаныс, әлеуметтік-экономикалық, коммуникациялық, рухани-адамгершілік, діни, этностық, т.б. түрткіжайттар әсер етеді.



### Өзіңді тексер

1. Оқулықтан алған ақпарат пен басқа ақпарат көздерін қолданып, жергілікті соғыс болған дүниежүзі аймақтарын ата.
2. Қосымша деректерді пайдаланып, заманауи интеграциялық саяси және экономикалық одақтарды анықта.



### Менің көзқарасым

Оқып, түсініктеме бер:

- Геосаяси қатынас жүйесіндегі АҚШ-тың орны.
- Африка – ғаламшардағы ең шиеленіскен геосаяси аймақ.
- Қазақстан мен Ресей одақтастығы – посткеңестік кеңістіктегі интеграция бағытының бірі.

## ГЕОСАЯСАТТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

86

### Геосаясаттың негізгі санаттары

**Оқу мақсаты:** геосаясаттың негізгі санаттарын түсіндіру

## ГЕОСАЯСАТ МҮДДЕЛЕРІ • ГЕОСАЯСАТ ЖАҒДАЙЫ

### 1. Геосаясаттың негізгі санаттары

Геосаясат негізгі ғылыми түсініктер көмегімен геосаяси кеңістіктің әртүрлі жақтарын айқындайды. Геосаясатта қолданылатын санаттар жиыны қозғалмалы, әрдайым ғылым тілінің жаңаруын талап ететін, тұрақтылықты қажет ететін геосаяси қозғалысының динамикасы мен ғылыми сипатынан тұрады.

Классикалық геосаясат қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайы мен дамуына географиялық түрткіжайттардың әсер етуін сипаттап, саясаттың ресурстар, халық, өндіріс күштерінің орналасуы түрткіжайттарымен байланысын анықтайды. Осы үшін геосаясат меншігі ретінде басқа ғылымдардан алынған санаттар қолданылады. Атап айтқанда, географиядан (геокеңістік, орналасу, аралық), әскери ғылым (әсер ету саласы, баланс күші, дәнекер аймақ), философиядан (ұлттық идея, ұлттық сәйкестік, өркениет) кіреді. Заманауи ғылым XX ғ. аяғы – XXI ғ. басында жаһандық және ақпараттық төңкеріс жағдайында құрылған, өзара тәуелділік пен өзара әсер, динамикалық теңдік пен мүдделер балансы, интеграция және дезинтеграция терминдерімен дүниежүзінің геосаяси құрылымын таниды.

Геосаяси талдаудың соңғы бірлігі – халықаралық қатынастың заманауи жүйесін құрайтын тұрақты өзара қатынас субъектісі. Халықаралық келісімшарттар негізінде құрылған мемлекет, халықаралық, аймақтық бірлестіктер субъект ретінде ерекшеленеді.

Геосаясатта негізгі санаттардың бірі – «мүдде» (жекеменшік, мемлекеттік, ұлттық), халықаралық алаңда мемлекет жағдайы мен сыртқы саясат курсы анықтайды. Елдің геосаяси мүддесі – геосаяси жағдайда оның ерекшелігін есепке ала отырып, саясаттық, экономикалық және әскери қуатын нығайтудағы мемлекет қызметіндегі басым жүйе. Мемлекеттік геосаяси мүдденің сәйкестігі әртүрлі халықаралық бірлестік пен одақ құрудағы катализатор болып саналады. Әртүрлі табиғи-географиялық жағдайы мен үлкен аумағы бар федерациялық мемлекеттер жалпыұлттық геосаяси мүддесі мен сәйкес аймақ мүддесін айыра білуі керек. Геосаяси мүдде мемлекеттің ұлттық мүддесінің құрамдас бөлігі.

Мемлекеттің геосаяси мүддесінің негізінде елдің геосаяси жағдайының дәстүрлі және жаңа көрсеткіштері жатады. Бұл – кез келген мемлекеттің геосаясатын бағалау үшін әмбебап матрица.

Дәстүрлі көрсеткіштерге мыналар кіреді:

- климат пен ландшафт;
- аумақ өлшемі және оған байланысты халық тығыздығы;
- елдің теңіздер мен халықаралық сауда жолына шығуы;
- елдің кеңістіктік сипаты (жер, су, әуе және ғарыш кеңістігіне бөлінген);
- аудан мен маңызды стратегиялық нүктенің жиынтық сипаты;
- шегара сипаты (ландшафтының сипаты мен техникалық жабдықталу деңгейі);
- көрші елдер сипаты (одақтас, стратегиялық серіктес, бейтарап, әлеуетті қарсылас, қарсылас);
- негізгі пайдалы қазбалар, биоресурстар, орман байлығы, тауарды өндіретін жердегі эксклюзивтілер негізіндегі жиынтық сипаты.

Жаңа көрсеткіштердің құрылымы мен мазмұны заманауи технология мен техника мүмкіндігіне, ғылыми-техникалық революция дамуына байланысты. Әсіресе жаңаша көрсеткіштер негізгі геосаяси ойыншылар арасындағы бәсекелестік күресті және олардың арасындағы күштер теңдігінің динамикасын анықтайды.

Елдің геосаяси жағдайының жаңаша көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- Елде континенттік қайраңның барлығы (немесе жоқтығы), оның аймағында пайдалы қазбалар мен биоресурс өндіру ұйымдастырылуы мүмкін. Континенттік қайраңның ресурстық қоры мұнай мен газ платформасы құрылысының игерілуімен қолжетімді болды, сонымен қатар қайраңда теңіз түбін бұрғылауды қамтамасыз етеді.
- Зымырандық-ядролық қаруды қолдану мүмкіндігі күшейген заманда елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жер шарының кез келген нүктесіне жоғарғы дәлдікпен жететін заманауи қарулар әскери стратегия туралы түсінікті өзгертті. «Майдан шебі» өзінің дәстүрлі түсінігінің мәнін жоғалта бастады, себебі кез келген мемлекет шабуылға ұшырауы мүмкін.

- Елде трансконтинентті мұнай және газ құбырының барлығы (немесе жоқтығы). Мұндай коммуникация үлкен диаметрлі құбырлар шығаратын технологиялық мүмкіндіктерімен, оларды төсеу технологиясымен байланысты ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана онымен қамтамасыз ете алды. Заманауи мұнай, газ құбыры мұнай мен газ

экспортының географиясын кеңейтті, бірақ құбыр бүтіндігінің қасиетіне (тығыздығына) қарай бұзылу мүмкіндігінде экологиялық мәселелер туындады.

- Елде табиғи және техногенді апаттардың қатар өту мүмкіндігі бар аймағының болуы. Мұндай аймақтар қолайсыз түрткіжайттардың бірігуінен, қоршаған ортаның үлкен бөліктерінің ластануынан қауіпті кумулятивті әсер тудыруы мүмкін. Мұндай қауіптілік континенттік қайраңдағы мұнай өндіру орындарында, заманауи химия өндірісінде, атомдық электрстансы саны көбейген сайын жылдам жоғарылайды. Сондықтан заманауи техникалық құралдары бар өңірлерде жаһандық мониторинг қажеттілігі туындайды.

### Өзіңді тексер

38-кестені толтыру арқылы геосаясаттың негізгі критерийін көрсет.

38-кесте

Мемлекет	Елдің теңізге және халықаралық сауда жолына шығуы	Елдің негізгі ресурстарының жиынтық сипаттамасы	Ядролық қауіпсіздік
Қазақстан			
Моңғолия			
Қытай			

### Картамен жұмыс:

Кескін картаға түспен ерекшелеп, келесі ұйымдарды белгіле: НАТО, ЕО, ТМД, АСЕАН, АТА.

### Менің көзқарасым

Оқып, түсіндір:

- НАТО-ның Шығыстағы кеңейтілген процесінің маңызы мен мәні.
- Заманауи халықаралық және аймақтық ұйымдар.

## ГЕОСАЯСАТТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

87

### Геосаясаттың негізгі нысандары мен субъектілері

**Оқу мақсаты:** негізгі геосаяси нысандар мен субъектілерді анықтау

• **ЭКСПАНСИЯ** • **РЕЦЕССИЯ** • **ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ** • **ЭВОЛЮЦИЯ**

#### 1. Негізгі геосаясат нысандары мен субъектілері

**Геосаясат нысаны** дегеніміз – құрлық, су (теңіздер мен мұхиттар), жер шарын қоршап жатқан ауа қабығы кіретін ғаламшарлық кеңістік. Миллиондаған жылдар бойы теңіз бен құрлық, ауа мен жер қыртысының бір-біріне қарсы тұруы. Яғни, геосаясат нысаны – мемлекеттер мен олардың шегаралары, ресурстары, т.б. нысандарымен қоса алғандағы ғаламшарлық кеңістік.

Ғылым ретінде геосаясаттың нысаны – ғаламшарлық кеңістік, жүйедегі геосаяси процестер мен дүниежүзілік қауымдастықтағы құбылыстар.

**Геосаясат субъектісі** – әртүрлі географиялық, геофизикалық, әлеуметтік кеңістіктерде ресми немесе бейресми билік алу мақсатында геосаяси кеңістікті өзгертуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын мемлекет немесе мемлекеттер блогы.

Геосаясаттың субъектілері мен нысандарын анықтап, мүдде, экспансия, рецессия, қарсы әрекет, эволюция санаттарына сипаттама берелік.

**Геосаяси мүдделілік** нысанның табиғи аумағына өз әсерін белгілеу немесе кеңейту жоспарларында көрінеді. Қызмет көрсету саласының барлық түрінде: мәдениет, экология, қорғану, т.б. геосаяси мүдделілік байқалады.

**Экспансия** субъектінің нысанға немесе оның мүдделері аясына бағыну мен пайдалану мақсатында әсер ету аймағын белгілеу немесе кеңейту жөніндегі іс-әрекеттерді білдіреді. Экспансия тіршілік әрекетінің барлық салаларында да көрінуі мүмкін.

*Қалай ойлайсың, геосаяси мүдделілік экономикада қалай көрінуі мүмкін?*

**Рецессия** – экспансияның қарама-қарсылығы, яғни экспансия нысаны немесе геосаясаттың басқа да субъектілері тарапынан қарсы іс-қимылды азайту мақсатында субъектінің нысанға әсер ету аймағын қысқарту. **Геосаяси рецессияны** оған эмоциялық жағымсыз реңк бермей, экспансия сияқты геосаяси субъектілер арасындағы қарым-қатынаста қажет объективті процесс ретінде қарастыру керек.

*Геосаяси қарсы әрекет* – нысан мен оның әсер ету аймағын экспансиядан қорғау жөніндегі қарсы шаралар жүйесі.

*Геосаяси ось* – магистральды көлік коммуникацияларынан, қалаларды шоғырландырудан тұратын, табиғи нысандармен шектелген және ерекше ұлттық-мәдени орта құрайтын аумақтық құрылым. Геосаяси ось мөлшері үлкен, бірнеше мемлекет пен табиғи аймақтардың аумағын қамтуы мүмкін.

*Геосаяси эволюция* – мүдделердің тарихи дамуы, экспансия, рецессия мен осьтің рөлі. Эволюцияны зерделеудің негізгі мақсаты – неғұрлым тұрақты геосаяси мүдделерді, сондай-ақ бүкіл тарих бойы іске асырылған осьтерді анықтап, мүдделердің ауысу кезеңділігін анықтау.

Геосаясатқа байланысты негізгі ұғымдарға қысқаша шолу жасай отырып, бұл білім бағыты саяси, географиялық, тарихи ғылымдар кешенінің қиылысында жатыр деп айтуға болады. Сондықтан геосаясаттың анықтамасын тек оның пәніне деген жүйелі көзқарасынан шығаруға болады.

Сонымен, *геосаясат – мемлекеттер (немесе геосаясаттың өзге де субъектілері) арасындағы қарым-қатынастың дамуын зерттейтін, олардың мүдделерін іске асыру нәтижесінде пайда болатын, экспансияда (немесе рецессияда) көрсетілген және мемлекет аумағына (немесе геосаясаттың өзге де нысаны), тіршілік әрекетінің барлық саласына әсер ету мақсатында осьтер бойынша бағытталған білім саласы.*

Геосаясаттың ерекшелігі халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат туралы білім кешенінде қолданылатын ось пен аумақ түсініктерінің арқасында осы анықтамада көрінеді. Геосаясат пәнінің сипаттамасын негізге ала отырып, Қазақстан геокеңістігінің эволюциясын, оның дамуының тұрақты бағыттарын, дүниежүзінің жаһандық бөлінісінің қазіргі жағдайындағы геосаяси тұжырымдаманың келбетін сипаттауға тырысамыз.

## **2. Қазақстанның геосаясаты**

Мемлекет Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары негізінде ұлттық салада болып жатқан барлық процесті реттейді. Сонымен бірге, мемлекет қазақ жеріндегі қазақ халқы мен диаспоралардың мүдделері арасында ымыраға келу принципін басшылыққа алады.

Қазақстандық ұлттық идея Қазақстан Республикасының Конституциясында, Даму стратегиясында, сондай-ақ еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың шығармалары мен сөйлеген сөздерінде көрініс тапты. Осы мақсатқа жету үшін «Қазақстан-2050» стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды көздейді:

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – табыстылық, инвестициялық кірістілік және бәсекеге қабілеттілік қағидалары бойынша кешенді экономикалық прагматизм.

2. Ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау.

3. Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік.

4. Білім мен кәсіби дағдылар – заманауи білім беру жүйесі, кадрларды даярлау және қайта даярлаудың негізгі бағдары болып табылады.

5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту.

6. Тұрақты әрі болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту.

7. Жаңа қазақстандық патриотизм біздің көпэтносты және көп-конфессиялы (көпдінді) қоғамымыздың жетістігінің негізі.

Халық пен мемлекет біріге отырып, елдің өркендеуіне, экономикалық өсіміне, этносаралық бірлікке, саясат, ғылым мен мәдениет дамуының жоғары деңгейіне қол жеткізуге және өмір үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылу – қазақстандықтардың негізгі идеясы.

2009 жылғы халық санағының деректері бойынша, Қазақстан халқының саны 14,9 млн адам, ал 2018 жылдың басында халық саны 18,4 млн адам болды. Қазақстанның этностық топтарының деңгейі жоғары, мемлекет қалыптастырған этностық топтың басқа этностық топтардың арақатынасынан коэффициенті жоғары.

Қазіргі заманғы этносаралық процестерді қарастыруда еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030», «XXI ғасыр табалдырығында», «Тәуелсіздігіміздің бес жылы», «Тарих толқынында», т.б. еңбектерінде дүниежүзінің қазіргі үйлесімділігі мен ынтымақтастығын сақтаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Этносаралық қақтығыстарға жол бермеу мақсатында мемлекет орталықтандырылған саясатты жүзеге асырады.

Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі кезеңіндегі этносаясатының дамуы күрделі әрі қарама-қайшы кезеңдерден өтті.

1986 жылғы желтоқсаннан 1991 жылғы желтоқсанға дейінгі кезең – ұлттық парадигманың үстемдік кезеңі. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясының 47-бабы этнобағдарланған ұлттық саясат туралы жариялады. Бұл құжат бұрын қабылданған мемлекеттік егемендік туралы декларациямен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің декларациясымен ұштасып жатты. Осылайша, қазақстандық барлық этностық топтарды біріктіру идеясы



орындалды, бұл халықтың көпшілігінің қолдауына ие болмады, өйткені ұлттық парадигма егемендік идеясы арқылы жасанды түрде шектелді.

Екінші кезең дәстүрлі түрде азаматтық-саяси идеяның үстемдігі ретінде белгіленеді. Ол 1992 жылы басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Осы кезеңде Қазақстан Конституцияны екі рет өзгертіп, тұрақтылықты, билік пен демократия арасындағы теңгерімді табуға тырысады. Қазақстан Республикасы Парламентінің 2004 жылғы 1 қыргүйектегі отырысының ашылуында Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев: «Этносаралық және конфессияаралық келісім ортақ қазақстандық мәдениеттің ажырамас сапасы болуы тиіс», – деді. Жалпы алғанда, Қазақстанның этностық саладағы мемлекеттік саясаты, ұлтына қарамастан, елдің азаматтарына саяси тұрақтылық пен этносаралық келісім мен бірлікке негізделген қоғамды топтастыруды стратегиялық міндет ретіндегі іргелі теңдікке негізделеді.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі рөлі мен орны оның геосаяси жағдайымен анықталады. Геосаяси жағдайдың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – кеңістіктер мен географиялық орталықтарға бақылау жасау мүмкіндігі. Өз кезегінде, бұл қабілет геосаяси субъектінің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейінен туындайды. Қазақстанның геосаясатына тоқтала отырып, бірқатар маңызды сәттерді атап өту қажет.

Қазақстанның Еуразия құрлығында Еуропа және Азия дүние бөлігінде орналасуы, ерекше географиялық жағдайы, тарихи қалыптасуы Батыстың (Ресей арқылы) және Шығыстың қосарлы әсерімен жүзеге асырылды. Бүгінгі тұрғыда ойлау мен мінез-құлықтың ерекшелігі Шығыс және Батыс бағытында қалыптасқан. Қазіргі уақытта Қазақстанның геосаяси жағдайы өте айқын. Мемлекет басшылығы сыртқы саясат тұжырымдамасын, Қазақстанның халықаралық қатынастарын реттейтін бірқатар құқықтық құжаттарды қабылдады. Өңірлік және халықаралық деңгейде жүзеге асырылып жатқан саясат:

1) Ресеймен ерекше достық қатынастарды орнату;

2) Орталық Азия мемлекеттерімен, сондай-ақ Түркия, Иран, Пәкістан, Ауғанстан, Әзербайжан мемлекеттерімен достық қарым-қатынасты сақтап қалу – Қазақстан үшін аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуден бастап, теңіз айлағына қол жеткізу жолында көпжақты маңызға ие.

3) Қытаймен тұрақты достық қарым-қатынас орнату өзара ынтымақтастық үшін зор әлеуетке ие.

4) Жапония, АҚШ, Батыс Еуропамен тиімді ынтымақтастық орнату арқылы алдыңғы қатарлы технологияларына қол жеткізуді көздейді.

1995 жылы Ислам Конференциясы Ұйымына Қазақстанның толық мүшелігі осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі болды. Түркия, Қазақстан Республикасы, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Әзербайжан түркітілдес елдерінің Бірлескен Декларациясы бүгінде жалпы саны 130 миллионды құрайтын 27 түркітілдес халықтарды біріктіруге ұмтылады.

Қазақстан – қолайлы географиялық жағдайға ие, Қытайдың, Ресейдің, Еуропа елдерінің, АҚШ пен «ислам дүниесі» мемлекеттерінің стратегиялық мүдделері тоғысатын аймақ. Сондықтан Қазақстанның сыртқы, ішкі саясатын жүргізу, онымен байланысты барлық өзгерістер бүкіл Азия өңірінің өркендеуі үшін маңызды болады. Нәтижесінде Қазақстан ұлттық мүдделерге сәйкес көршілес мемлекеттермен бейбіт серіктестік қарым-қатынастарды сақтауға бағытталған икемді, көпжақты дипломатиялық тәсілді қолдануы керек.

### 3. Қазақстанның ұлттық идеясы

*Ұлттық идея* – ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санадағы көзқарастар. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан, оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтарының бар болуы.

Қазақстанның ұлттық идеясы мыналарға негізделеді:

1. Халық бірлігі және бәсекеге қабілетті экономика. Қазақстанның ұлттық идеясы республика аумағында тұратын ұлт пен этностардың ортақ рухани идеясын ғана емес, сондай-ақ «азаматтық ұлт» ұғымын да қамтуы тиіс. Бұл елдің тұрақтылығы мен ішкі қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді, өйткені жалпы азаматтық қауымдастықты қалыптастыру түрлі этностық топтар арасындағы қайшылықтарды уақтылы, тиімді шешуге мүмкіндік береді.

*Жалпы азаматтық қауымдастықты қалыптастыру неге этностық топтар арасындағы қақтығыстарды ушықтырмауға мүмкіндік береді?*

2. Қазақстанның ұлттық идеясы туған елі – Қазақстан Республикасын барлық адамдар үшін бірыңғай мойындауға негізделуі тиіс.

Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз ортақ құндылықтармен, үйлесімді тілдік ортамен, болашаққа ұмтылған ұлт болуымыз керек», – деп атап өтті.

3. Ұлттық идеяны әзірлеу кезінде елде қалыптасатын қазақстандық халық – бұл эмигранттар емес екенін ескеру қажет. Ол жағдай

Америка Құрама Штаттарында, Аустралияда бар. Қазақ ұлты Қазақстан аумағымен этностық және тарихи тамырларымен тікелей байланысты, сондықтан қазақтар елдің байырғы халқы, сондай-ақ мемлекет қалыптастырушы болып табылатыны анық.

4. Қазақтың дәстүрлі мәдениетін қайта құрылымдау. Ресей империясы мен Кеңес билігі кезінде қазақ мәдениетінің көптеген элементтері жоғалды, ұмытылды. Ұлттық идеяны іздеу, анықтау бір ойшылдың немесе саясаттың жұмысы емес, бұл бүкіл халықтың ұйымшыл, күшейтілген жұмысы. Алайда бұл жолдағы негізгі процесс – ұлттық идеяның қазақстандық моделі Қазақстан халықтарының конфессионалды теңдігіне негізделген. Олардың органикалық синтезі мен үйлесімі Қазақстан геосаясатының сенімді, үздіксіз дамуына негіз болады.



### Өзіңді тексер

1. «Геосаясаттың нысандары мен субъектілері» ұғымдарының мазмұнын түсіндір.
2. «Экспансия», «рецессия», «қарсы іс-қимыл» түсініктерін түсіндір.



### Менің көзқарасым

Оқып, түсініктеме бер:

- Қазақстанның геосаяси жағдайының ерекшеліктері.
- Қазақстанның экономикалық жағдайы мен мүмкіндіктері.
- Қазақстанның геосаяси жағдайының бірегейлігі.

## ГЕОСАЯСАТТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

88

### Геосаяси ықпал етудің негізгі құралдары

**Оқу мақсаты:** геосаяси ықпал етудің негізгі құралдарын зерттеу

#### ГЕОСАЯСАТ ӘСЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ • ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТ • ГЕОСАЯСИ ӘРЕКЕТ СТРАТЕГИЯСЫ

#### 1. Елдер арасындағы геосаяси қарым-қатынас неге өзгереді?

Геосаясатты, елдер арасындағы қарым-қатынасты зерттей отырып, бүкіл мемлекеттер арасында әрқашан қарама-қайшылықтар болғанына көз жеткіздік. Қарулы қақтығыс барысында ең үлкен қайшылықтар шешіліп, бір мемлекеттер шегарасы кеңейтіліп, басқа мемлекет шегарасы қысқарып, кейбіреуі мүлдем жойылып жатты. Бұл ретте түбегейлі өзгерістердің негізгі құралы әрқашан қарулы күштер болған.

XX ғ. екінші жартысы – XXI ғасырдың басында қоғам жаңа технологиялық бағытқа көшті. Нәтижесінде халықаралық қатынастар түбегейлі өзгерді (39-кесте).

39-кесте

Халықаралық қатынастардың өзгеру себептері (XX екінші жартысы – XXI ғасырдың басы)		
ядролық қарудың пайда болуы, әдеттегі қару түрлерінің алапат күшінің күрт өсуі	экономикалық, технологиялық байланыстардың сапасын күшейту, жанандық ақпараттандыру	адамдарға әсер етудің жаңа тәсілдерінің пайда болуы

Қорытындысында:

- Әскери күшті қолдану мүмкіндігі айтарлықтай қысқарады.
- Мемлекетаралық қақтығыста тиімді қолданылатын әскери әрекеттің жаңа формалары пайда болады.
- Геосаясаттық әсер негізінде қарулы күштер елеулі өзгереді.

#### 2. Геосаяси ықпал етудің заманауи құралдары

Геосаяси ықпал етудің заманауи құралдары:

**1) Ақпараттық-психологиялық әсер.** Ақпараттық қоғамды құру сатысына аяқ басқан заманауи дүниежүзілік геосаяси балансты қамтамасыз етудің негізгі құралы. Ақпараттық күрестің құралдары мен әдістерін пайдаланып, геосаяси бәсекелестіктің тәжірибелік міндеттерін шешеді.

**2) Энергетикалық саясат.** Энергетикалық ресурстар – саясат құралы. Оның көмегімен бір мемлекет немесе мемлекеттер тобы саяси ахуалға әсер етеді. Энергетикалық саясат үлгілері *43-суретте* берілген.



43-сурет. Энергетикалық саясат үлгілері

**3) Тікелей емес геосаяси ықпал стратегиясы.** Бұл – геосаяси күресті жүзеге асырудың ерекше технологиясы, барлық мемлекеттік жүйені басқаратын, бұл ретте «жасырын» және барлығын қамтитын «жау» мемлекеттер үстінен абсолютті нақты қамтуға бағдарланған. Елдің ішкі және сыртқы саясаты, саяси-басқарушылық, әлеуметтік-экономикалық, қорғаныс, мәдени-идеологиялық, т.б. қызмет саласы агрессор мемлекет ықпалында қалады.

**4) «Басқарылатын хаос стратегиясы»** – жалпы стратегия «егемен» және «өзіндік» үдемелі мақсатты, мемлекет мүмкіндіктерін үнемі, дәйекті түрде ұзақ мерзімге айыруға бағытталған. Нәтижесінде елде немесе аймақта «абсолютті, қолдан жасалған тәртіпсіздік» пайда болады.



44-сурет. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі шиеленіскен ошақтар

Қазіргі геосаясатта кеңістіктен басқарудың түрлерін зерттеу маңызды. Дүниежүзі өзгереді, геосаяси қарым-қатынас құралдары да өзгереді. Осы аумақтарда тұратын барлық мемлекеттердің үкіметтері өз елдерінің, халықтың стратегиялық мүдделерін қорғауға тырысады. Заманауи геосаяси құралдар әскери жанжалдарға жүгінбей-ақ, мемлекеттер арасында қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді.



### Өзіңді тексер

1. Заманауи дүниежүзінде пайдаланылатын геосаяси ықпал етудің негізгі құралдарын ата.
2. XX екінші жартысы – XXI ғасырдың басында мемлекеттердің бір-біріне әсер ету құралдары өзгерді, бұл өзгерістерді қандай себептер туғызды, ол қалай көрініс табады?



### Қосымша ақпаратпен жұмыс

Қосымша деректерді пайдаланып, «агрессор» мемлекет саясатын тиімді жүргізуге итермелейтін, геосаяси ықпал ету мүмкіншілігін пайдаланатын мемлекеттерге немесе мемлекеттік топтарға мысалдар келтір.



### Сарамандық тапсырма

1. «Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі шиеленіскен ошақтар» картасын талда (44-сурет). Картаны қазіргі заманғы оқиғалармен толықтыр (жұмысты кескін картаға, сондай-ақ электрондық түрде орындауға болады). Шиеленіскен ошақтардағы әскери жанжалды шешу жолдарын ұсын.
2. Геосаяси ықпалдың заманауи құралдарына баға бер. Ықпал етудің қандай тәсілдері неғұрлым тиімді? Өз пікіріңді түсіндір.

89

## Дүниежүзілік геосаяси кеңістік

**Оқу мақсаты:** дүниежүзінің геосаяси кеңістігін талдау

### ГЕОСАЯСИ КЕҢІСТІК • ГЕОСТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖЕЛІ • КОЭН ҮЛГІСІ

#### 1. Геокеңістік қалай қалыптасады?

Геосаясаттың ең маңызды санаты – геосаяси кеңістік. Бұл қоршаған ортаға, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуына ықпал ететін түрткіжайттардың жиынтығын білдіреді. Геосаяси кеңістік өркениеттің өмір сүруінің өнеркәсіптік кезеңінде, ұлт-мемлекеттердің өмір сүруі мен дамуы үшін күресу бағытында жүйелік табиғаттың табиғи және антропогендік нысандарымен өзара әрекеттесу жиынтығы ретінде қалыптасады.

*Экономикалық кеңістік* адамның материалдық мұқтаждықтарының негізінде пайда болады, оның биологиялық сипаты бойынша туындайды.

*Ақпараттық-идеологиялық кеңістік* рухани саланы дамыту қажеттілігі мен әлеуметтік мұқтаждықтардың неғұрлым жоғары деңгейінде адамдардың көпшілігінің саяси қатысуына негізделген.

XX–XXI ғасырлар тоғысында мемлекет геосаяси өзара әрекеттің жалғыз мүшесі болудан қалды. Соның салдарынан адамзат дамуының постиндустриялық кезеңіне көшумен, КСРО ыдырағаннан кейін геосаяси өзара әрекет алаңына ресурстар үшін күрес шеңберінде табиғи, сондай-ақ әлеуметтік бағытта трансұлттық, экономикалық жаһандық корпорациялар, экономикалық, саяси-экстремистік сипаттағы көлеңкелі халықаралық құрылымдар шықты. Оларға экономикалық, ақпараттық-кибернетикалық, ақпараттық-идеологиялық құрылымдар жатады.

***Дүниежүзілік геосаяси кеңістік*** – халықаралық бұғаздармен бірге алғандағы барлық дүниежүзі елдерінің мемлекеттік аумағы.



27-сызба. Геосаяси кеңістік қалыптасуының тарихи шарты

## 2. Геосаяси кеңістік өңірлері

*Геостратегиялық желі. Геосаяси кеңістік өңірлері.* Геосаяси кеңістік құрылымында геосаяси және геостратегиялық аймақтардың қалыптасуы желісі ерекше рөл атқарады. Геостратегиялық желі белгілі бір аймақта геосаяси құрылым мен кеңістіктің ұйымдастыру процесінде өзіндік ерекше «ось» болып табылады (28-сызба).



28-сызба. Геостратегиялық желі



### 3. Геокеңістік құрылымы


Геосаяси талдаудың ең кіші «бірлігі» саяси ұйым мен егемендікке ие мемлекеттік аумақ (құрлық, жер қойнауы, теңіздер мен құрлықтық сулар, әуе кеңістігі, халық) ұғымы.

Геосаяси кеңістік геостратегиялық аймақтардан тұрады.

Геостратегиялық аймақ – халықаралық саясатта орталық немесе билік орталықтарын құратын мемлекетті немесе мемлекеттер тобын бақылау және басқару аймағы.

Америкалық саясаттанушы С. Коэннің геосаяси үлгісі бойынша дүниежүзілік аймақтарды үшке бөлеміз (45-сурет):

1. Еуропалық континенттік әлем
2. Сауда жасаушы теңіз жағалауы әлемі
3. Геосаяси периферия аймағы



45-сурет. С. Коэннің геосаяси үлгісі

Геостратегиялық аймақтар өз кезегінде экономикалық, саяси, мәдени байланыстардың жоғары қарқындылығы және тұрақтылығымен сипатталатын кеңістік болып табылатын геосаяси өңірлерге бөлінеді.

Аймақтарға бөлу географиялық бағытта зерттеу үшін қолайлы. Егер елдердің жалпы даму сипаты мен геофизикалық жағдайы көршілес елдермен ұқсас болса, онда олар аймақтарға біріктіріледі. Аймақтардың ерекшеліктерін жеке аймақтану ғылымы зерттейді.

Аймақтарға бөлу БҰҰ классификация жүйесі негізінде аумақтық сипаты (белгісі) және континент бойынша анықталады (40-кесте).

40-кесте

### Дүниежүзі аймақтары

Аймақтар	Субаймақтар	Елдер, аумақтар	
Еуропа	Батыс	Солтүстік	Дания, Финляндия, Швеция, Норвегия, Исландия
		Орталық	Франция, Швейцария, Германия, Аустрия, Ұлыбритания, Андорра, Мальта, Монако, Сан-Марино, Бельгия
		Оңтүстік	Португалия, Грекия (Крит ар.), Италия (Сардиния, Сицилия ар-ы), Испания (Канар ар., Балеар ар.)
		Шығыс	Венгрия, Чехия, Словакия, Хорватия, Болгария, Польша, Латвия, Литва, Эстония, ТМД (Ресей, Украина, Беларусь, Молдова, Әзербайжан, Армения, Грузия (2008 ж. дейін))
Азия		Орталық	Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан
		Оңтүстік-Батыс	Ауғанстан, Бахрейн, Израиль, Иордания, Ирак, Иран, Йемен, Катар, Кипр, Кувейт, Ливан, БАӘ, Оман, Сауд Арабиясы, Сирия, Түркия
		Оңтүстік	Бангладеш, Бутан, Үндістан, Мальдив аралы, Непал, Пәкістан, Шри-Ланка
		Шығыс	Жапония, Корея Халық-Демократиялық Республикасы (КХДР)
		Оңтүстік-Шығыс	Бруней, Шығыс Тимор, Вьетнам, Индонезия, Камбоджа, Лаос, Малайзия, Мьянма, Сингапур, Таиланд, Филиппин
Африка		Орталық	Ангола, Габон, Конго Демократиялық Республикасы, Камерун, Конго, Сан-Томе мен Принсипи, Орталық Африка Республикасы, Чад, Экваторлық Гвинея, Ұлыбритания теңіз аумағы – Әулие Елена аралы
		Солтүстік	Алжир, Египет, Бат.Сахара, Ливия, Мавритания, Марокко, Судан, Тунис, Оңтүстік Судан

Африка	Оңтүстік	Ботсвана, Лесото, Намибия, Свазиленд, Оңтүстік Африка Республикасы, Замбия, Зимбабве, Маврикий, Мадагаскар, Майотта, Малави, Мозамбик, Реюньон
	Батыс	Бенин, Буркина-Фасо, Гамбия, Гана, Гвинея, Гвинея-Бисау, Кабо-Верде, Кот-д'Ивуар, Либерия, Мавритания, Мали, Нигер, Нигерия, Сенегал, Сьерра-Леоне, Того
	Шығыс	Бурунди, Джибути, Кения, Комор, Мадагаскар, Маврикий, Мозамбик, Реюньон, Руанда, Сейшель ар-ы, Сомали, Судан, Танзания, Уганда, Эритрея, Эфиопия, Оңтүстік Судан
Америка	Солтүстік	АҚШ, Канада
	Латын Америкасы	Аргентина, Бразилия, Боливия, Венесуэла, Гаити, Гватемала, Гондурас, Доминика Республикасы, Колумбия, Коста-Рика, Куба, Мексика, Никарагуа, Панама, Парагвай, Перу, Сальвадор, Уругвай, Чили, Эквадор
Аустралия және Мұхиттық аралдар	Аустралия	Аустралия
	Мұхиттық аралдар	Вануату, Папуа-Жаңа Гвинея, Соломон аралдары, Фиджи, Кирибати, Науру, Жаңа Зеландия, Самоа, Тонга, Тувалу



### Өзіңді тексер

1. Геосаяси кеңістіктің қалыптасу кезеңдерін сипатта.
2. Неліктен ақпараттық-идеологиялық кеңістік геосаяси болып есептеледі?
3. Геостратегиялық желілерге мысалдар келтіріп, мағынасын ашыңдар.

### Өзіндік жұмыс

1. «С. Коэннің геосаяси үлгісі» бойынша геосаяси кеңістік қандай құрамдас бөліктерге бөлінген? Бөлу қағидаларын түсіндір.



### Картамен жұмыс

2. 40-кестедегі деректерді қолданып, кескін картаға дүниежүзі аймақтары мен оған кіретін мемлекеттерді түсіріңдер.

## ГЕОСАЯСАТТАҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҮРТКІЖАЙТТАР

90

### Геосаясат және географиялық түрткіжайттар

**Оқу мақсаты:** геосаясаттағы физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық түрткіжайттарға баға беру

### ГЕОСАЯСАТ • ГЕОСАЯСИ ТҮРТКІЖАЙТТАР

#### 1. Геосаяси түрткіжайттардың түрлері.

**Геосаяси түрткіжайттар** – елдің сыртқы саясатында, оның халықаралық қатынастарында көрініс табатын географиялық жағдай. Бір географиялық түрткіжайт (мысалы, елдің көлемі, оның табиғи-ресурстық әлеуеті, географиялық орналасуы), әртүрлі саяси жүйелерде әртүрлі көрініс табуы мүмкін. Кейбір саяси жағдайда, мысалы, елдің үлкендігі немесе әртүрлі табиғи, ресурстық әлеуеті сыртқы экономикалық ынтымақтастықты, сауда-саттықты дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін; басқа саяси жағдайда – елдің өзін-өзі оқшаулауын нығайтуға арналады (29-сызба).

#### 2. Геосаяси түрткіжайттардың сипаты

**Географиялық түрткіжайт** – кеңістік, ұстаным, табиғи жағдайлар мен ресурстар түрткіжайттары. Ол елдің экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуын анықтайды.



29-сызба. Геосаяси түрткіжайттар түрлері

*Саяси түрткіжайтқа:* мемлекеттік жүйе түрі, қоғамның әлеуметтік құрылымы, басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы, саяси одақтар мен блоктарға қатысуы, шиеленіскен ошақтарының болуы жатады.

*Әскери түрткіжайт* даму қарқынын, қарулы күштердің ерекшелігі мен жауынгерлік дайындығын, әскери шығындарды, т.б. бағалайды.

*Демографиялық түрткіжайт* халықтың көбею сипатын, оның құрамы мен орналасуын бағалайды.

*Мәдени-тарихи түрткіжайт* ғылымның, білімнің, денсаулық сақтаудың, мәдени дәстүрдің даму деңгейін бағалайды.

*Этностық түрткіжайт* материалдық өндіріс ерекшеліктерін, адам өсімін молайту, мәдениеті мен тұрмысы (демографиялық құрылымы, отбасы құрылымы, әлеуметтік құрылымы), рухани өсімін молайту (дүниежүзілік көзқарас, балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру, нанымы, мәдени дәстүрлері, әлеуметтік, құқықтық және адамгершілік әдістері тән әлеуметтік, құқықтық, этикалық нормалар), этностық топтар арасындағы қарым-қатынас.

*Экономикалық түрткіжайт* халықтың өмір сүру деңгейін, экономиканың жетекші салаларының даму дәрежесінің стандартын бағалайды.

*Экологиялық түрткіжайт* қоршаған ортаның тозуын бағалайды, оны қорғау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қарастырады.

Дәстүрлі геосаясат (Хаусхофер бойынша) мемлекеттік «географиялық барлау» ретінде, әскери-саяси билік пен шетелдік аумақтарды басып алудағы географиялық түрткіжайттардың үстем рөліне баса назар аударады.

Мемлекет пайда болған кезден бастап тұрақты, базалық географиялық түрткіжайттар негізінен: географиялық орналасуы, аумақтың көлемі, климаты, табиғи ресурстардың болуы, т.б. Бұл параметрлердің өзгеруі ең маңызды деп танылады, сондықтан тек соғыс немесе басқа да зорлық-зомбылықты саяси оқиғалар ғана осы параметрлерді өзгерте алады.

ҒТР, инфрақұрылымды, көлік, коммуникацияларды, ақпараттық технологиялардың дамуы арқасында дүниежүзіндегі өзара тәуелділіктің артуы жаңа, ішінара трансұлттық нысанға айналып отыр. Қазіргі геосаяси кеңістікте геосаяси түрткіжайттардың рейтингісі өзгеруде. Экономикалық және экологиялық түрткіжайттар жетекші ұстанымдарға айналды.

Геосаяси түрткіжайттар елдің шегаралас аудандардағы экономикалық қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді.

*Қорытынды:* геосаяси түрткіжайттарды бағалау демографиялық, әлеуметтік жағдайларды, сондай-ақ экономикалық, әскери әлеуетін

ескере отырып, отандық және сыртқы саясат мәселелерін шешуге бағытталған мемлекеттің геостратегиясын құрудың маңызды шарты болып табылады.

### 3. Мемлекеттің геосаяси жағдайы

*Геосаяси жағдай* – дүниежүзінің саяси картасында басқа мемлекеттер мен олардың топтарына, аймақтық әскери жанжалдарға, әскери базаларға, сондай-ақ салыстырмалы экономикалық және географиялық нысандарға қатысты ел ұстанымы.

Геосаяси жағдай сондай-ақ елдің әртүрлі әскери-саяси, саяси-экономикалық блоктар мен ұйымдарға мүшелігін, оның халықаралық бейбітшілікті қолдау, терроризмге қарсы операцияларға қатысу дәрежесін де білдіреді.

*Елдің геосаяси жағдайын сипаттау жоспары:*

1. Бір елдің басқа елдерге қатысты жағдайы.
2. Көршілес елдердің экономикалық даму деңгейі.
3. Дүниежүзілік көлік бағыттарына, шикізат нарығы мен өнім сатылымдарына қатысы.
4. Ғаламшардың «шиеленіскен ошақтарына» қатысты ұстаным.
5. Қазіргі саяси жағдайы, ішкі және сыртқы саясаты.



#### Өзіңді тексер

1. Геосаяси түрткіжайттарды ата.
2. Геосаяси түрткіжайттарды бағалау үшін атластың қандай карталары ресурс бола алады?
3. Елдің дамуы үшін геосаяси жағдайы неліктен маңызды?

#### Өзіндік жұмыс

1. Қазақстан Республикасының мысалында геосаяси түрткіжайттардың біріне баға бер.
2. Жоспар бойынша бір елдің геосаяси жағдайына сипаттама бер.

## МЕМЛЕКЕТТІК АУМАҚТЫҢ МОРФОЛОГИЯСЫ

91

### Мемлекеттің морфологиялық ерекшелігі

**Оқу мақсаты:** мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшелігін талдау

### МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ • МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛ

#### 1. Морфологиялық талдау

Мемлекеттің морфологиялық талдауын жүргізу үшін қаралып жатқан жүйе мәселесінің нақты тұжырымдамасы қажет. Берілген міндетінде тек бір ғана нақты жүйе туралы қарастырғанына қарамастан, жеке қорытындыдан барлық мүмкіндіктегі нұсқалары іздестіріліп, қорытындысында жалпы сұрақтың жауабы табылады. Саяси географияда мемлекет аумағының ықшамдылық сипаттамасы және басқа да морфологиялық сипаттамасы үшін әртүрлі сандық өлшемдер қолданылады.

Аумақ ықшамдылығын  $I_{k1}$  индексі арқылы шегара ұзындығы мен аумақ ауданын салыстыру жолымен анықтайды:

$$I_{k1} = \sqrt{\frac{S}{0,282L}} \quad (1)$$

$S$  – аумақ ауданы,  $L$  – мемлекет шегарасының ұзындығы.

Аумақ ықшамдылығын мемлекет шегарасының ұзындығын 100 шаршы км аудан есебімен алғандағы индекс көрсеткішімен ( $I_{k1}$ ) көрсете аламыз:

$$I_{k1} \frac{L}{S} (100 \text{ км}^2) \quad (2)$$

Кестедегі деректерді пайдаланып, мемлекеттердің аумақ ықшамдылығын анықтап, салыстыр, қорытында жаса.

№	Елдер	Аумақ ауданы, км <sup>2</sup>	Мемлекеттік шегара ұзындығы, км
1	Қазақстан	2 724 900	13 383
2	Нидерланд	41 526	1 027
3	Мексика	1 972 550	3 200

Көрсеткіштің кемшілігі: жазық және таулы аймақтағы елдердің ауданы бірдей болғанымен, таулы жердегі шегара ұзындығына байланысты таулы аймақтағы елдің жазық аймақта орналасқан елден аумақ ықшамдылық көрсеткіші үлкен болады.

### **Қызық ақпарат!**

Аргентина жер көлемі жағынан әлемде 8-орында, ал Қазақстан 9-орында. Екі мемлекеттің де аумағы бірдей, бірақ Аргентина таулы ел болғандықтан, жер көлемі жағынан үлкен деп есептеледі.

Ұсынылған индекстер мемлекеттік аумақтың ықшамдылық үйлесімділігін сандық жағынан бағалауға мүмкіндік береді. Ереже бойынша шағын ықшамды аумақтардың тиімділігі аз, өйткені шегараның ұзаруына әкеп соқтырады, соның есебінен коммуникациялар ұзарып, жеке аудандар арасындағы байланыс қиындайды. Егер мұндай жағдайда мемлекет астанасы орталықта емес, елдің шеткі аймағында орналасса, онда аумақты игеру мен басқару процесі күрделене түседі. Астана жағдайы, оның қоныстану жүйесінің дәрежесі, саяси, экономикалық атқарымдары аумақты басқару тиімділігі мен барлық мемлекет аумағын бақылауды күрделендіреді.

Астана жағдайы, атқарымы, дәрежесін талдау кезінде морфологиялық тәсіл мемлекеттің тарихи өзегіне қатысты сипаттамаларды қарастырады. Осы белгілерге сәйкес астананы үш топқа бөлуге болады:

*Тұрақты астана* – «тарихи астана» деп те аталады, ол басты әкімшілік, шаруашылық, бірнеше ғасырлар бойы мемлекеттің мәдени орталығы қызметін атқарған, мемлекеттің тарихи өзегінде орналасқан (Лондон, Париж, Рим, Афина, Мәскеу, т.б.) қала.

*Тағайындалған астана* – жаңа уақытта заң шығарушы үкіметтің шешімі бойынша тағайындалған қала. Мысалы, Аустралияда астана рөліне Мельбурн мен Сидней бәсекелес болды. Кейін ымыраға келу шешімі бойынша Жаңа Оңтүстік Уэльстен бөлінген федералды округ аумағында жаңа астана Канберра құрылды.

*Бөлінген астана* – басқару атқарылымы бір орталықта емес, бірнеше қалаларға бөлінген. ОАР-да екінші бұр соғысынан кейін Претория мемлекеттің штаб-пәтеріне айналды, ал Кейптаун – парламенттің, Боливия мен ең ірі қала Ла-Пас арасындағы бәсекелестік және Сукре конституциялық астана болуы мемлекеттік мекемелердің екі орталыққа орналасуына әкеліп соқты. Нидерландта (Голландияда) парламент Гаагаға орналасқан, ал король резиденциясы ресми астанасы Амстердамда.



Астананың функционалды дәрежесін анықтауда елдің қала халқының қоныстануының жалпы жүйесіне қатысты жағдай негізге алынады.

### Өзіңді тексер

1. Мемлекеттің морфологиялық талдауы не үшін керек екенін түсіндір.
2. Формула бойынша мұғалімнің таңдауымен шегараны салыстыр (халық тығыздығы төмен елдерден), қорытынды жаса.
3. Қазақстанның бас қаласы – Нұр-Сұлтан қай топқа жататынын анықта. Немен байланысты екенін дәлелде.
4. Дүниежүзінде 262 ел мен аумақ бар деп есептеледі. Неліктен жалпы қабылданғаны 194 ел? Бұл немен байланысты екенін түсіндір.

## МЕМЛЕКЕТТІК АУМАҚТЫҢ МОРФОЛОГИЯСЫ

92-93

### Мемлекеттер аумағының морфологиялық ерекшеліктері мен үлгілері

#### Оқу мақсаты:

- Мемлекеттерді аумағының морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік аумағының морфологиялық ерекшеліктеріне кешенді баға беру

### МЕМЛЕКЕТ • ЕЛ • ШЕГАРА

#### 1. Ықшамдылық сипаты

Мемлекеттік аумақтың морфологиялық сипаттамалары үшін саяси географияда түрлі сандық көрсеткіштер қолданылады.

Алдыңғы параграфта ұсынылған индекс мемлекеттік аумақтың ықшамды бейнесін сандық түрде бағалауға көмектеседі.

Мемлекеттік аумақтың морфологиялық сипаттамалары үшін саяси географияда түрлі сандық көрсеткіштер қолданылады. Алдыңғы параграфта ұсынылған индекс мемлекеттік аумақтың ықшамды бейнесін сандық түрде бағалауға көмектеседі. Саяси географияның негізгі морфологиялық сипаттамасымен бірге мемлекеттердің генезисі мен тарихи эволюциясы ескеріледі. Мысалы, Еуропа елдерінде мемлекеттің морфологиялық үлгісі физикалық-географиялық шегара бойымен жүзеге асырылатын *субсеквентті* (қоныстанғаннан және мәдени ландшафттардың қалыптасуынан кейін жүргізілген) шегаралармен сипатталады. Мемлекеттің тарихи өзегі елдің орталығында, онда қаланың орналасу жүйесіндегі тең бағытта мемлекет астанасы орналасқан («Этностық мемлекет» үлгісі). Жаңа дүние елдерінде шегараны белгілеуде геометриялық тәсіл пайдаланылды, *антецеденттік* (олар қоршаған аудандарды түпкілікті қоныстандыру мен дамытудың алдында болады) бағытта жүргізілген. Мысалы, Қанада мен АҚШ арасындағы шегара (АҚШ пен Канада арасындағы батыс бөлігінің шегарасын 49 параллельмен белгілеу тек XX ғасырдың басында сызылды). Мұндай мемлекеттердің тарихи өзегі шеткері орналасқан, көбіне теңіз жағалауында, сол жерлерден жаңа жерлерге қоныстану мен отарлауға байланысты («Экономикалық мемлекет» үлгісі).

Мемлекеттің сыртқы морфологиялық элементтері (позициясы, көлемі, аумағы, шегарасы) бірегей, бірақ олар сандық және сапалық сипаттамамен сипатталуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Алайда олар морфологияның ішкі элементтеріне (тарихи өзегі мен астананың жағдайы, мемлекеттің тиімді игерілген аумағы) күшті қатынастарға тәуелділікті көрсетпейді.

Шегараның морфологиялық жіктеулері: «геометриялық», «астрономиялық», «қисық сызықтық», т.б.).

*Астрономиялық шегаралар* сирек кездесетін елді мекендерде немесе тәуелді аймақтарда жергілікті жерде параллельдер мен меридиандар бойынша жүргізіледі. Сол сияқты аралдық елдердің теңіз шегараларын шектеу кезінде де қолданылады. Мысалы, Ұлы көлдерден батысқа қарай жүргізілген Америка Құрама Штаты мен Канада арасындағы шегара. АҚШ штаттарының арасындағы шегара да осы қағида бойынша жүргізілген. Жерді игеру мақсатында фермерлерге берілген жерлер (әр шаршы шақырымның 1/4 бөлігі) шегарасы горизонталь және меридиандық бағыттарда нық жүргізілді. Сондықтан да АҚШ-та осы сызбаға сәйкес штаттар шегарасы қалыптасты. Арктика мен Антарктикада шегара белгілеудің астрономиялық түрі алынған. Тынық мұхиттағы аралдарда тәуелсіз мемлекеттер пайда болғаннан кейін теңіз шегараларын ажырату үшін астрономиялық және геометриялық шегаралар пайдаланылды.

*Геометриялық шегаралар* нашар дамыған немесе отарлық аумақтарды анықтауда қолданылады. Олар астрономиялық координаталары белгілі, жер бетіндегі екі белгі арасында тікелей тартылған шегара сызығы бірақ мұнда табиғи және тарихи шегаралар ескерілмейді. Теңіз экономикалық аймақтарын шектеуде геометриялық шегаралар кеңінен таралған. Классикалық түрге Солтүстік теңіздегі қайраңның шегарасы мысал бола алады. Мұнай және газ ресурстарына бай бассейн жағалауындағы мемлекеттер арасындағы ұзақ мерзімді даудамай келесідей шешілді: теңіз орталығының математикалық есептелген нүктесінен сектор қиылып, шегаралары жағалаулық шегараға дейін алынды.

*Қисық сызықтық.* Шұңқырлы немесе сынған шегаралық сызықтар геометриялық шегараның бір түрі. Оларды жүргізу әдісі әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, бұғаз, шығанақ немесе күрделі конфигурациядағы су аймағында жағалау нүктелерінен тең қашықтықтағы нүктелер арқылы шегара жүзеге асырылып, олардың координаталары белгіленген.

## 2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағының морфологиялық ерекшеліктері

Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саяси міндеті қойылған болатын. Бұл міндеттің орындалуы мемлекеттік егемендікті сақтаудың, аумақтық тұтастық пен шегараның мызғымастығын қамтамасыз етудің кепілі ретінде түсіндіріледі. КСРО тарағаннан кейін Қазақстан шегараны ресімдеу бойынша келіссөздер процесіне белсене кірісті.

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының үкіметтері арасындағы Қытай Халық Республикасымен шегаралық мәселелер бойынша келіссөздер туралы 1992 жылғы 8 қыргүйектегі келісімге сәйкес, 1992 жылы КСРО Үкіметтік делегациясының орнына ҚХР-мен келіссөздер жүргізу үшін Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы үкіметтерінің Бірлескен делегациясы құрылды.

Қазақстанның мемлекеттік шегарасында шектес елдердің шегараларымен төрт түйісу нүктесі бар. Үш жақты форматта қол қойылып, күшіне енген келісімдер:

1. 1999 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы «Үш мемлекеттің мемлекеттік шегараларының түйісу нүктесін айқындау» туралы келісім.

2. 1999 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Қырғыз Республикасы арасындағы «Үш мемлекеттің мемлекеттік шегараларының түйісу нүктесі» туралы келісім.

3. 2001 жылғы 15 маусымдағы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы «Үш мемлекеттің мемлекеттік шегараларының түйісу нүктесі» туралы келісім.

4. 2017 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы «Үш мемлекеттің мемлекеттік шегараларының түйісу нүктесінің ауданы» туралы шарт. Қазіргі уақытта тараптар шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді жүргізуде.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен *Бесінші Каспий саммиті* барысында Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан елдерінің президенттері қол қойды.

**Мемлекеттің морфологиялық үлгісі**

Морфологияның элементтері	Еуропа	Америка	Африка
Шегара генезисі	субсеквентті	антецедентті	бекітілген
Физикалық-географиялық шегі бойынша шегара үлесі	50%-дан астам	30 – 50%	30%-дан төмен
Мемлекеттің тарихи өзегінің орналасуы	орталық	шеткері	шеткері
Астананың функционалды дәрежесі	пропорционалды	орын басушы	орын басушы
Астананың орналасуы	орталық	аралық немесе шеткері	шеткері
Мемлекеттің тиімді аумағы	үлкен (а-ш. алқаптарының 50%-дан көбі)	орташа (а-ш. алқаптарының 1-30%)	кіші (жыртылған жерлер 10%-дан төмен)

**Қызық ақпарат!**

1997 жылы 20 қазанда «Ақмола қаласын Қазақстанның астанасы деп жариялау туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығы шықты. 1998 жылы 10 маусымда қала атауы өзгертіліп, Астана атанды.

2019 жылы 23 наурызда Нұр-Сұлтан қаласы болып ауыстырылды.

Бүгінде Қазақстанның астанасы – 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесін өткізгендігімен дүниежүзіне белгілі.

**Өзіңді тексер**

1. Төменде берілген елдердің, қалалардың атауы өзгерген. Олардың ескі атауын анықта.

Бангладеш, Белиз, Боствана, Замбия, Кения, Судан, Суринам, Того, ОАР, Шри-Ланка, Атырау, Орынбор.

**Картамен жұмыс**

2. Бангладеш, Белиз, Боствана, Замбия, Кения, Судан, Суринам, Того, ОАР, Шри-Ланка, Атырау, Орынбор аумақтарын кескін картаға түсір.

**Қосымша ақпаратпен жұмыс**

3. Қазақстанның шегарасын шегаралас мемлекеттермен шегара ұзындығын көрсете отырып, кескін картаға түсір.

4. Осыған дейін қандай қалалар Қазақстанның астанасы болды?

94-95

## Мемлекеттік шегара

**Оқу мақсаты:** мемлекеттік шекаралардың функциясын, түрлерін анықтау және белгілеу шараларын, динамикасын талдау

**ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК • АУМАҚТАР • ШЕГАРА БЕЛГІЛЕУ •  
МЕЖЕЛЕУ • ЕРЕКШЕ АУМАҚТЫҚ ТӘРТІП**

**1. Шегаралар: функция, түрлері, жүргізу ерекшеліктері**

Географтар екі терминді пайдаланады: географиялық кеңістік және аумақ, оларды бір мағынада жиі қолданады. Дегенмен, «аумақ» «кеңістік» ұғымынан нақтылығымен ерекшеленеді, яғни жер бетіндегі нақты координатаға бекітілген.

*Аумақ* – құрлық бетінің бір бөлігі, табиғи қасиеттер, сондай-ақ адамзат іс-әрекетінің нәтижесіндегі қасиеттері мен ресурстары тән.

Мемлекеттік шегара мемлекеттік аумақтың шегін анықтайды, бұл – олардың басты мақсаты. Құрлықтың тіршілігі бар бөлігі (яғни, Антарктиканы қоспағанда барлық материк), онымен шектесетін кең-байтақ теңіз аймақтары саяси шегарамен бөлінеді.

Шын мәнінде саяси сипатта, мемлекеттіктен басқа, мемлекеттік емес шегаралар да болады, олар:

- халықаралық келісімдер бойынша,
- шарттық,
- уақытша,
- шегара белгілеу.

*Мемлекеттік шегара* – мемлекет аумағын анықтайтын сызықтар, осы сызықтар арқылы саналы түрде белгіленген жер аумағы (жер, су, жер қойнауы, әуе кеңістігі).

Көрші мемлекеттер арасындағы құрлықтық және теңіздік шегаралар шартты тәртіпте белгіленеді. Мемлекеттік шегараны анықтаудың екі түрі бар – шегараны белгілеу және межелеу.

*Межелеу* – көрші мемлекеттердің үкіметтері арасындағы келісіммен анықталған, мемлекеттік шегараның жалпы бағытын анықтап, оны географиялық картаға түсіру.

*Шегараны белгілеу* – жергілікті жерде мемлекеттік шегара сызығын жүргізіп, оны тиісті шегаралық белгілермен белгілеу.

Тәжірибеде орографиялық, геометриялық және географиялық мемлекеттік шегаралар белгілі.

*Орографиялық шегара* – жергілікті жер бедерін ескере отырып, негізінен таулар және өзен арналарымен, суайрық жоталары арқылы жүргізілген табиғи шек сызығы.

*Геометриялық шегара* – мемлекеттік шегараның жер бедерін ескерместен жергілікті жерді кесіп өтетін, жергілікті жерде анықталған екі нүктесін қосатын түзу сызық.

*Географиялық (астрономиялық) шегара* – белгілі бір географиялық координаттар арқылы өтетін, кейде параллель немесе меридианмен сәйкес келетін сызық. Шегараның соңғы екі түрі Африка мен Америкада кең таралған.

Қазіргі дүниежүзінде мемлекеттік шегаралардың ең маңызды, күрделі сипаттамаларының бірі – оларды бөлу және қосу функциялары. Мемлекеттік шегараның бөліну функциясы тыйым салуды, визаларға жоғары мемлекеттік төлемдерді енгізу, шегара арқылы әрі-бері көші-қон үшін кедергілер жасауды қамтиды.

Мемлекеттік шегараның қосу (байланыс) функциясы мемлекеттер арасындағы жан-жақты байланыстармен сипатталады. Шегараның қосу функциясын күшейту әзірге Еуропа мен Солтүстік Америкада көрініс тапқан тенденция (46-сурет). Дүниежүзінің басқа өңірлерінде бірінші бөліну функциясы орныққан.



46-сурет. Мемлекеттің шегаралары

## 2. Аумақ түрлері

Мемлекеттің аумағын, сонымен қатар халықаралық және аралас тәртібіндегі аумақтарын ерекшелейді.

1. *Мемлекеттік аумақ* – белгілі бір мемлекеттің егемендігінде тұрған аумағы. Мемлекет аумағының құрамына шегарамен бөлінген құрлық, сулар (ішкі және аумақтық), су мен құрлық үстіндегі әуе кеңістігі кіреді. Жағалаудағы мемлекеттердің көпшілігі (100 шақтысы) жағалаудан 3-тен 12 теңіз миліне дейінгі аумақтық суларға (теңіз суларының жағалық бөлігі) ие.

2. *Халықаралық тәртіпке ие аумақтарға* барлық мемлекеттердің халықаралық құқыққа сәйкес ортақ пайдаланатын мемлекеттік аумақтан тыс жатқан жер беті кеңістіктері жатады.

Ашық теңіздегі арктикалық аудандардың (Солтүстік Мұзды мұхит) халықаралық-құқықтық режимінің кейбір ерекшеліктері бар. Канада, Ресей, тағы басқа елдер оны «полярлық секторларға» бөлді. «Полярлық сектордағы» барлық жерлер мен аралдар, жағалаудағы мұз алаңдары сол елдердің мемлекеттік аумағының құрамына кіреді.

«Полярлық сектор» – мемлекеттің солтүстік шегарасына негізделген кеңістік, шыңында – солтүстік полюс, ал қапталдағы шегарасы – меридиандар.

1959 жылғы шарт бойынша, Антарктикада арнайы халықаралық-құқықтық тәртіп құрылған, материк толығымен межеленген әрі барлық елдердің ғылыми зерттеулеріне ашық.

*Ғарыш кеңістігі* Жердің аумағынан тыс болады, оның құқықтық тәртібі халықаралық ғарыштық құқықтың қағидалары мен нормалары арқылы анықталады.

*3. Аралас тәртіпке ие аумақтар* континенттік қайраң мен экономикалық аймақты қамтиды.

1982 жылғы БҰҰ Конвенциясындағы теңіздік құқық бойынша, теңіз түбі мен суасты аудандарының жер бедері «континенттік қайраң» деп түсіндіріледі. Ол мемлекеттің су аумағынан шеткері ұласып жатқан, оның құрлықтық аумағын материктің суасты шегіндегі сыртқы шегараға дейін немесе материктің суасты шегінің сыртқы шегарасы мұндай қашықтыққа созылмаса да, алдыңғы сызықтан 200 теңіздік миль арақашықтық, аумақтық судың ені өлшенетіні анық.

Экономикалық аймақтарды құруды 1960 жылдардың аяғында латынамерикалық мемлекеттер ұсынды. 1980 жылдардың ортасына қарай дүниежүзінің барлық мемлекеттері олардың үлгісіне қосылды. Қазіргі уақытта экономикалық аймақтар дүниежүзілік мұхит аумағының 40%-ын құрайды, оның ішінде дүниежүзіндегі балық аулаудың 96%-ын қамтамасыз ететін аудандарға ұласты.

*Экономикалық аймақтар* – аумақтық судан (құрлықтық аумақ пен ішкі суға жанасқан, мемлекет 200 теңіз миліне дейінгі қашықтықта белгілеген теңіз белдеуінен) тысқары орналасқан және оған іргелес жатқан теңіз ауданы. Мұнда жағалау өңіріндегі мемлекеттің су түбіндегі, оның қойнауындағы және су астындағы табиғи ресурстарды барлауға, қазуға, сақтауға, балық аулауға (ресурстарға қатысты ұлттық юрисдикция), сондай-ақ осы ресурстарды басқаруға егеменді құқықтарын жүзеге асырса, ал басқа елдер еркін кеме қатынасын қолданады, рұқсат етілген балық аулау шегінен артық қолдануға мүмкіндіктері бар (БҰҰ Конвенциясының теңіздік құқығы бойынша).

### **3. Арнайы аумақтық тәртіптер**

Арнайы аумақтық тәртіп – кез келген шектелген аумақ пен кеңістікті пайдаланудың құқықтық мәртебесі мен тәртібін анықтайтын халықаралық-құқықтық тәртіп. Олар дүниежүзінің кейбір немесе барлық мемлекеттерінің мүддесі үшін орнатылуы мүмкін.



**Белгілі тәртіптер:**

- халықаралық өзендер, бұғаздар, каналдар арқылы кеме қатынасы, халықаралық кеме қатынасында қолданылады;
- балық аулау тәртібі мен теңіз кәсіпшілігінің басқа түрлері;
- теңіз түбінің минералды ресурстарын пайдалану (континенттік қайраңды пайдалану, т.б.);
- суды пайдалану тәртібі және шегара өзендеріндегі шаруашылық қызметтің басқа түрлері.

Аумақтық тәртіптің ерекше түрлері аумақты халықаралық-құқықтық жалдау, «еркін экономикалық аймақтар», кедендік қатынастағы артықшылық болып табылады. (Шетелдік аумақтарда әскери базаларды пайдалану арнайы аумақтық тәртібінің санатына жатпайды).

**Өзіңді тексер**

1. Келесі ұғымдар мен терминдердің мазмұнын ашып көрсет: «*мемлекеттік аумақ*», «*мемлекеттік шегара*», «*шегара белгілеу*», «*межеллеу*».
2. Мемлекеттік шегара түрлеріне мысалдар келтір. Ұғымдарды түсіндір: «*орографиялық шегара*», «*астрономиялық шегара*».
3. Мемлекеттің шегараларын анықтау мен жүргізу жөніндегі функциялар, түрлері, қызметі қандай?
4. «*Континенттік қайраң*», «*экономикалық аймақ*», «*арнайы аумақтық тәртіп*» дегеніміз не? Халықаралық құқықтық тәртіпке ие аумақтарға мысал келтір.

**Өзіндік жұмыс**

1. Шегараның түрлі типі бойынша мысалдарымен бірге елдерге концептуалды кесте жаса. Талқылап, қорытынды жаса.
2. «Аумақ және шегаралар» кластерін құр. Қорытынды жаса.
3. Тақырып бойынша глоссарий жаса.
4. ХХІ ғасырда дүниежүзінің саяси картасында неге елдер арасындағы аумақтық даулар көп болады? Олардың себептері қандай? Сен олардың шешу жолына не ұсынар едің?

**Қосымша ақпаратпен жұмыс**

Ақпараттың түрлі көздерін пайдаланып, дүниежүзілік қауымдастық пен жеке мемлекеттердің мемлекеттік шегаралар мәселесі бойынша маңызды геосаяси жағдайларға мысалдар келтір.

**Менің көзқарасым**

«Дүниежүзінің саяси картасы көбіне саяси шегаралармен бөлінген мемлекеттер мен елдердің аумағынан тұратын мозаикамен салыстырылады».

Осы жолдарды қалай түсінесің?

## МЕМЛЕКЕТТІК ШЕГАРА

96-97

### Қазақстан Республикасының мемлекеттік шеғарасының қалыптасуы

#### Оқу мақсаты:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шеғарасының қалыптасу процесін, басты көрсеткіштері мен динамикасын зерттеу
- Қазақстан Республикасының шеғарасын нығайту жөнінде ұсыныс әзірлеу

### ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ (ТМД) • ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ (ШЫҰ)

#### 1. Қазақстан мемлекетінің даму тарихынан

Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет.

Аймақтың көлемі бойынша Қазақстан әлемдегі ең үлкен он елдің қатарына кіреді. Жер қойнауында және жер бедерінде пайдалы қазбалардың үлкен қоры бар.

Қазақстан – 1991 жылғы 21 желтоқсаннан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) мүшесі саналатын егемен, тәуелсіз мемлекет. 1992 жылғы 2 наурыздан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі. 1995 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Мемлекет Конституциясына сәйкес, Президент – Қазақстан Республикасының ең жоғары лауазымды тұлғасы.

Қазақстанның мемлекеттік шеғаралары 1920 жылы Кеңес дәуірінде анықталған, содан кейін 1936 жылы автономиялық республика одақтық республикаға айналды. Қазақстанның мемлекеттік қалыптасу тарихына байланысты астана орындары да өзгерді.

*Қазақстанның тарихи астаналары:* 1920-1924 ж. Орынбор, 1924-1929 ж. Қызылорда (Ақмешіт), 1929-1997 ж. Алматы (Верный).

1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілді. 1998 жылы Ақмола қаласы «Астана» атауына, 2019 жылы «Нұр-Сұлтан» болып өзгертілді.

Қазақстанның 14 облысының атауларында өзгерістер болды. 2018 жылы 19 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 9-бабына сәйкес, Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласы болды, ал халқының саны миллионға жеткен Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жаңа тәуелсіз мемлекеттер шегарасында кей жағдайлар оңайға соққан жоқ. Бір жағынан, одақтас республикалардың бұрынғы шегараларын мойындау, «өркениетті ажырау», жаңа мемлекеттердің шегаралары халықаралық құқық аясында жасалмады. ТМД-ның жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің ғылыми-саяси әдебиетінде және мемлекетаралық қарым-қатынастарында қолданыстағы өз шегараларының заңдылығы туралы мәселе пайда болды.

Мемлекеттік шегараларды қалыптастырудың өркениетті жүйесі екі кезеңде жүзеге асырылады: 1) шегараның бағыты мен позициясының шарттық анықтамасы – картаны қолдану арқылы шегараны межелеу; 2) жергілікті жердегі шегараны белгілеу. Кеңес заманында бұның бәрі болған жоқ.



47-сурет. Қазақстанның әр жылдардағы картасы

## 2. Қазақстанның заманауи шегаралары

Ел аумағының мемлекеттік шегарасы елге тауарлар мен адамдардың заңсыз енуіне кедергі болады. Егер көршілес мемлекеттер саяси тұрақсыз болса, шегара кедергісі артады. Сонымен қатар шегара маңызды байланыс ролін атқарады. Осының арқасында шетелдермен экономикалық, мәдени, тағы басқа қатынастар сақталып,


халықаралық транзит жүзеге асырылады. Шегаралас аумақта халықаралық іскерлік ынтымақтастық аймақтары құрылады.

1991 жылы тәуелсіздік жарияланғаннан кейін, біздің еліміз шегарасы бекітілмей, әртүрлі сыртқы қауіп-қатерге ұшыраған. Сондықтан халықаралық келісімшарттармен, көршілес елдермен жаңа шегара сызығын құрып, нығайту қажет болды. Бұл мәселе сәтті шешілді. Осылайша, бұрынғы КСРО-ның 14 егемен елі біздің елге қатысты шетелге айналды, «жаңа шетел», «жақын шетел» терминдері пайда болды.

Қазақстанның заманауи шегарасы – дүниежүзіндегі ең ұзын шегара. Ол құрлық және Арал мен Каспий теңіздері су айдынының үстінен өтеді.

Құрлықта Қазақстан бес елмен: Ресей (7 548 км), Қытай (1 783 км), Қырғызстан (1 257 км), Өзбекстан (2 351 км), Түрікменстанмен (458 км) шектеседі.

Құрлықтық шегараның жалпы ұзындығы 13 383 км, Каспий теңізі арқылы өтетін шегара ұзындығы 2000 км.



48-сурет. Қазақстанның материктегі орналасқан орны.

**Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ).** Бұрынғы кеңес-қытай шегарасындағы даулы мәселелерді шешу үшін Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай (Шанхай бестігі) құрылды.

Батыстағы Қазақстан шегарасы ішінара мұнай мен табиғи газдың үлкен қоры бар *Каспий теңізі* арқылы өтеді.

### Қызық ақпарат!

Каспий – бірегей, ірі, бірақ тұйық, сондықтан осал табиғи кешен. Сонымен қатар табиғи байлықтардың: тұщыландыруға жарамды сулар, минералды тұздар, балықтар қоймасы.

Оның басты құндылығы – мұнай мен газ – барлық Каспий маңы елдерінің негізгі табыс көзі болып отыр.

Теңіздің солтүстік бөлігі үш секторға бөлінеді – Қазақстан, Ресей және Әзербайжанға тиесілі. Қазақстандық сектор – көлемі жағынан ірі әрі мұнай қоры бойынша ең үлкен (49, 50-суреттер). Каспийдің оңтүстік бөлігін бөлуге келісім әлі қарастырылмаған.



49-сурет. Каспий теңізінің ғарыштық бейнесі



50-сурет. Каспий теңізінің бөліну сызбасы

Алматы декларациясымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімшарт қолданыстағы шегаралардың қол сұғылмауын қамтамасыз етеді. Тәуелсіздік, аумақтық тұтастық және ТМД-ға қатысушы мемлекеттер шегараларының қол сұғылмауын сақтау туралы декларация, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы арасындағы мәңгілік достық туралы екіжақты келісімдер жасалды.

Мемлекеттік шегарадағы барлық келісімдерде Қазақстанның ұлттық мүдделері толығымен ескерілді.

Бүгінгі күні мемлекеттік шегараның бүкіл периметрі бойында барлық шегара халықаралық құқықтық нормалар негізінде заңды түрде тіркелетіндігі сөзсіз.

2013 жылғы 16 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегарасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегарасы (бұдан әрі – Мемлекеттік шегара) Қазақстан Республикасының аумағын (жер, су, жер қойнауы, әуе кеңістігі) және Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігінің кеңістіктік лимиті болып табылады» – деп көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шегарасы туралы Қазақстан Республикасының Заңында мемлекеттік шегараны қорғаудың қағидалары белгіленген:

*1. Мемлекеттік шегараны қорғау қағидалары:*

1) Мемлекеттік шегараны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде заңның сақталуы.

2) Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз ету.

3) Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау.

4) Мемлекеттік шегараны қорғау кезінде жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өзара жауапкершілігі.

5) Халықаралық құқықтық ережелердің сақталуы.

*2. Шегаралық саясаттар мына жағдайда жүзеге асырылады:*

1) халықаралық ынтымақтастық;

2) шегаралық мәселелерді бейбіт жолмен шешу;

3) уәкілетті қызметтің келісілген іс-әрекеттері.



**Өзіңді тексер**

1. Қазақстан мемлекетінің даму тарихы қандай?

2. Әртүрлі тарихи дәуірде Қазақстанның астанасы болған қалаларды ата.

3. Қазақстанмен шегаралас елдерді еске түсір. Шегаралас мемлекеттермен шегараның ұзындығын ата.

4. 49, 50-суреттерге қарап, Каспий теңізінің жағалауында қандай елдер орналасқанын анықта.

5. Картаны пайдаланып, Қазақстанның шегарасы өтетін жерге сипаттама бер.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегараларының құқықтық аспектілері туралы түсініктеме бер.



### Қосымша ақпаратпен жұмыс

1. *50-сурет* пен оқулықтың мәтінін салыстыр, көрші елдермен Қазақстанның арасындағы шегараның ұзындығын анықта. Ең ұзын және қысқа шегараларды ата. Қазақстанның ТМД елдерімен және алыс шетелдермен шегарасының қаншалықты екенін есепте. Қазақстанның Ресей, Қытай, Қырғызстан және Өзбекстанмен өтетін шегарасындағы ірі жер бедерлерін ата. Қорытынды жаса.



2. Оқулықтар мен қосымша әдебиеттер, интернет дереккөздері материалдарын пайдаланып, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегарасы туралы» Заңын зерделеңдер және Қазақстан Республикасының шегараларын нығайту жөнінде шешімдер әзірлеңдер.

Орындалған жұмысты талқылап, қорытынды жасаңдар.



### Менің көзқарасым

«...Біздің шегара – әрдайым достық пен серіктестік шегарасы. Ғасырлар бойы біз Еуразия кеңістігінде бірге тұрдық. Бізді әрдайым біздің тарихи тағдырларымыздың және біздің халықтарымыздың рухани-мәдени тығыздығы біріктіреді. Біз әрдайым қуаныш пен қиыншылықта бірге болдық, бірге Ұлы Отан соғысында жеңіске жеттік. Біз бауырлас халықтар өмірлерінің жандануына және гүлденуіне жол аша отырып, бірге боламыз».

*Н.Ә. Назарбаев*

Тұңғыш Президенттің сөзін қалай түсінесің? Мысалдар келтір.

## ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

98-99

### Түрлі зерттеу әдістерін қолдану

#### Оқу мақсаты:

- Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдану
- Зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдісті қолдану
- Зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану

**ГЕОСАЯСАТ • ЖІӨ • АУМАҚ ӨЛШЕМІ • ШЕГАРАЛАР • ХАЛЫҚ САНЫ**

**Құрал-жабдық:** жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, географиялық атлас, тақырып бойынша қосымша әдебиет, интернет.

#### Сабақтың мақсаты:

1. Дүниежүзіндегі жеке мемлекеттердің геосаяси жағдайы туралы білімдерін бекіту.
2. Аймақтардың геосаяси жағдайының әртүрлі көрсеткіштерін салыстыруды үйрену.



#### Жұмыс барысы:

«Геосаясат», «геосаяси жағдай» ұғымдарының мағынасын және мемлекеттердің геосаяси жағдайын бағалау критерийлерін (көрші мемлекеттер, саяси-экономикалық жағдайы, әлеуметтік жағдайы, саяси ұйымдар мен шиеленіскен ошақтарға қарым-қатынасы) еске түсіріңдер.



#### Қосымша ақпаратпен жұмыс

1. Дүниежүзі саяси картасында болып жатқан өзгерістерге, күнделікті басылымдар мен радио, телебағдарлама материалдарын пайдаланып, мысалдар келтір.
2. Жоспар бойынша карта мен анықтамалық әдебиеттерді пайдаланып, дүниежүзінің бір елінің саяси-географиялық жағдайына сипаттама бер.
3. Қазіргі кезеңдегі елдердің саяси бағыты туралы жалпы мәлімет: елдердің саяси, әскери-саяси, экономикалық ұйымдарға қатысуын анықта.
4. Мемлекеттік шегаралардың экономикалық және саяси бағасы:
  - а) көрші елдердің экономикалық даму деңгейі;
  - ә) көрші елдердің саяси блоктарға жатқызылуы.



5. Негізгі коммуникация байланысына қатысты жағдайы (көлік жолдары).

6. Жақын арадағы халықаралық және ішкі қақтығыс ошақтарына ғаламшардың «шиеленіскен ошақтарына» байланысты жағдайы:

а) мемлекеттің аймақтық қақтығыстарға тура және жанама қатысы;

ә) әскери-стратегиялық қуаты мен шетелдердегі әскери базаларының саны;

б) Үкіметтің халықаралық қарусыздану мәселесіне деген позициясы.

7. Мемлекеттің саяси жағдайына жалпы баға беру.

Қорытынды жаса. Мемлекеттің саяси-географиялық мүмкіндігіне қарай өзгеру жағдайы.

### Өзіндік жұмыс

1. Таңдап, жеке бір мемлекеттің геосаяси жағдайына сипаттама беріп, халықаралық қарым-қатынас нәтижесінде оны өзгерту мүмкіндігін анықтау.

2. Саяси карта бойынша геосаяси жағдайлары пайдалы және пайдасыз мемлекетті анықтап, дәптерге тізімін жаз.


3. Қазақстанның геосаяси жағдайына баға бер.

4. АҚШ, Германия, Қытай, Жапония, Қазақстан мемлекеттерінің геосаяси жағдайын ата.

5. Әр аймақтың геосаяси жағдайының әртүрлі көрсеткіштерін салыстыр (аумақ өлшемі бойынша, шегарасын, халық санын, ЖІӨ).


6. Жоғарыда аталған мемлекеттер қандай экономикалық топтарға кіреді?

7. «Талассократ түсінігіне теңіздік көзқарасты» сипатта (30-сызба).



30-сызба. Талассократ түсінігіне теңіздік көзқарас

## КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР



100-101

### Картографиялық зерттеу әдістерін қолдану

**Оқу мақсаты:** тақырыпқа сәйкес картографиялық әдістерді қолдану

### БҰРЫНҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЕЛДЕР



#### САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС

**Сабақтың мақсаты:** дүниежүзінің негізгі экономикалық аймақтарын кескін картада белгілеу.

**Құрал-жабдықтар:** жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, географиялық атлас, тақырып бойынша қосымша әдебиеттер, интернет.

#### Жұмыс барысы:

*Тапсырмалар:*

1. 70-беттегі «Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі шиеленіскен ошақтар» тақырыбындағы *44-суретті* пайдаланып, келесі сұрақтарға жауап бер:


1) Дүниежүзінің қай өңірлерінде «шиеленіскен ошақтар» саны көбірек?

2) Берілген картаны қазіргі заманғы оқиғалармен толықтыр (жұмыс кескін картада немесе электронды түрде де сілтеме арқылы жасалуы мүмкін).

3) Сен қалай ойлайсың, неліктен осы аумақтарда әскери жанжалдар аймағы пайда болды?

4) Әскери қақтығыстарды болдырмау мүмкін бе? «Шиеленіскен ошақтар» негізінде бір мысал келтір.

2. 31-сызбаны талда. Геосаяси кеңістік қандай құрамдарға бөлінген? Бөлу қағидаларын түсіндір.



31-сызба. Геосаяси кеңістік бөлінісі



### Картамен жұмыс

3. Дүниежүзінің кескін картасына елдердің шегарасын сызып, астанасын жаз:

- тұрақты астанасы бар 3 ел;
- тағайындалған астанасы бар 3 ел;
- бөлінген астанасы бар 3 ел.

## 5.2 ГЕОИНФОРМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

### ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ

102-103

*Microsoft Excel* бағдарламасының көмегімен географиялық деректер базасын құру

#### Оқу мақсаты:

- Статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограмма мен картодиаграмма жасау
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың графикалық редакторларын қолданып, тақырыптық карта-сызба жасау

### ЖІӨ • ДАМУШЫ ЕЛДЕР



#### САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС

##### Сабақтың мақсаты:

Азия, Африка, Латын Америкасы, Мұхиттық аралдар елдерінің салыстырмалы экономикалық-географиялық сипаттамаларын айқындау.

**Құрал-жабдық:** жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, географиялық атлас, тақырып бойынша қосымша әдебиеттер, интернет.

##### Тапсырмалар:

1. Атлас картаны, оқулық мәтінін, анықтама, т.б. әдебиеттерді қолданып, кесте құрастыр (*Microsoft Excel*).
2. Дамушы елдерге жалпы қорытынды жаса.

#### Дамушы елдер

Дамушы елдер құрамына дүниежүзінің шамамен жартысына жуығы жатады. Дүниежүзі халқының шамамен 3/5-ін шоғырланған 150 ел мен аумақ кіреді. Дүниежүзінің саяси картасында бұл елдер Азия, Африка, Латын Америкасы елдері мен Мұхиттық аралдардан солтүстікке, экватордың оңтүстігіне қарай созылған кең белдеуін қамтиды. Олардың кейбіреуі (Иран, Таиланд, Эфиопия, Мысыр, Латын Америкасы, т.б. елдер) екінші дүниежүзілік соғысқа дейін тәуелділікте болып, көпшілігі соғыстан кейінгі кезеңде тәуелсіздік алды.

Дамушы елдер (дүниежүзілік социалистік және капиталистік жүйелерге бөлінген кезде олар «үшінші дүние» деп аталды) іштей біртекті болмады, бұл оның мүше елдерінің типологиясын қиындатады. Дегенмен, дамушы елдерді алты топқа бөлуге болады.

*Бірінші топ – негізгі елдерге:* Үндістан, Бразилия, Қытай мен Мексика жатады. Олар өте үлкен табиғи, адами, экономикалық әлеуеті бар дамушы елдер. Бұл дамушы елдер шығаратын өнеркәсіп өнімінің көлемі басқа мемлекеттер өнімін қосқандағы үлесімен тең келеді. Бірақ жан басына шаққандағы ЖІӨ экономикасы дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен, мысалы, Үндістанда 350 доллар.

*Екінші топ – әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі салыстырмалы түрде жоғары,* жан басына шаққандағы ЖІӨ 1000 доллардан асатын кейбір дамушы елдерді қамтиды. Бұл елдердің көпшілігі Латын Америкасында (Аргентина, Уругвай, Чили, Венесуэла, т.б.), Азия мен Солтүстік Африкада да дамушы елдер бар.

*Үшінші топ – «жаңа индустриялық елдер»* деп аталады. 80-90-жылдары олар «Азия жолбарыстары» немесе «Азия айдаһарлары» деген лақап ат алды. Мұндай елдердің «бірінші эшелоны» немесе «бірінші толқыны» Корея Республикасы, Сингапур, Тайвань, сондай-ақ Гонконгты қамтиды, «екінші эшелонға» Малайзия, Таиланд, Индонезия жатады.

*Төртінші топ – мұнай экспорттаушы елдер.* «Мұнай-доллар» ағыны нәтижесінде жан басына шаққандағы ЖІӨ 10 немесе тіпті 20 мың долларға жетеді. Бұл Парсы шығанағы елдері (Сауд Арабиясы, Кувейт, Катар, Біріккен Араб Әмірлігі, Иран), сондай-ақ Ливия, Бруней, т.б. елдер.

*Бесінші, ең үлкен жартылай топты – «классикалық» дамушы елдер* құрайды. Бұл елдер дамушы елдерден артта қалған, жан басына шаққандағы ЖІӨ жылына 1000 доллардан аз. Мысалы, Бурунди, Гвинея-Бисау, Мадагаскар, Танзания, Йемен, т.б. Олардың күшті феодалдық сарқыншақтарымен артта қалған, көпдеңгейлі экономикасы басым. Бұл елдердің көбі Африкада, сонымен бірге Азия мен Латын Америкасында бар.

*Алтыншы топ – даму деңгейі төмен елдер* (кейде «төртінші әлем» деп аталады) ретінде жіктелген 40-қа жуық ел (жалпы халық саны 600 миллион адамнан асады). Оларда тұтыну ауылшаруашылығы басым, өңдеуші өнеркәсіп жоқ, ересек тұрғындардың 2/3-сі сауатсыз, ал жан басына шаққандағы ЖІӨ жылына 100-300 АҚШ долларын құрайды. Олардың ішінде соңғы орындағы Мозамбикте жан басына шаққандағы ЖІӨ жылына 80 доллар.

## Дүниежүзіндегі даму деңгейі төмен елдер

Азия	Мұхиттық аралдар	Латын Америкасы	Африка		
Ауғанстан	Вануату	Гаити	Бенин	Лесото	Танзания
Бангладеш	Кирибати		Ботсвана	Мавритания	Того
Бутан	Бат.Самоа		Буркина-Фасо	Малави	Уганда
Йемен	Тувалу		Бурунди	Мали	ОАР
Лаос			Гамбия	Мозамбик	Чад
Мальдивтер			Гвинея	Нигер	Экв. Гвинея
Мьянма			Гвинея-Бисау	Руанда	Эфиопия
Непал			Джибути	Сан-Томе және Принсипе	Сьерра-Леоне
			Кабо-Верде	Сомали	Судан
			Комор аралдары		



## Қосымша ақпаратпен жұмыс

3. 41-кестені пайдаланып, *Microsoft Excel* көмегімен деректер базасын құр. Географиялық деректер базасына: ел, астана, халық, ауданы, экономика туралы ақпараттарды қос. Деректер базасына сәйкес елдерді кесте түрінде құрастыр.

Тақырып бойынша қорытынды жаса.

104-105

## Дүниежүзінің геосаяси және геэкономикалық географиясы

**Оқу мақсаты:** геосаясат пен геэкономика санаттарын қолдану туралы білімді жинақтап, топтастыру



### САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС

**Сабақтың мақсаты:** дүниежүзіндегі геосаяси және геэкономикалық мәселелерді өзіндік зерттеу

**Құрал-жабдықтар:** жұмыс дәптері, географиялық карта, өтілген тақырыптар бойынша оқулық пен қосымша әдебиеттер, магнит, маркер, постер, интернет.

Мұғалім оқушыларды елдің сипаттамасы жоспарын және кескін карта бойынша жұмыс жасаумен таныстырады.

### Сипаттама жоспары

*1 нұсқа*

1. Мемлекеттік шегараны саяси және экономикалық бағалау:
  - а) көрші елдердің экономикалық даму деңгейі;
  - ә) көрші елдердің саяси блокқа қатысы;
  - б) мемлекеттік шегараны стратегиялық тұрғыда бағалау.
2. Шикізат пен өнім нарығына және көлік жолдарына қатынасы:
  - а) теңіз және өзен көлігін пайдалану мүмкіндігі;
  - ә) көрші елдермен сауда қатынастары;
  - б) елдің шикізатпен қамтамасыз етілуі.
3. Ғаламшардың «шиеленіскен ошақтарына» қатысы:
  - а) елдің аймақтық шиеленістерге тікелей немесе жанама қатысы;
  - ә) әскери-стратегиялық әлеуеті, шетелде әскери базаларының болуы;
  - б) үкіметінің халықаралық қарусыздануға көзқарасы.
4. Елдің саяси жағдайын жалпы бағалау.

*II нұсқа*

1. Елдің басқа елдерге қатысты жағдайы.
2. Көршілес елдердің экономикалық даму деңгейі.
3. Шикізат пен өнім нарығына және дүниежүзілік көлік жолдарына қатынасы.
4. Ғаламшардың «шиеленіскен ошақтарына» қатысты бағыты.
5. Заманауи саяси жағдайы, ішкі және сыртты саясаты (жалпы бағалау).

**Картамен жұмыс****Дүниежүзінің басты экономикалық аймақтарын кескін картаға түсіру***I нұсқа*

Кескін картаға дүниежүзіндегі негізгі экономикалық аймақтарды түсіріп, атауын жаз: ТМД, Шетелдік Еуропа, Шетелдік Азия, Африка, Солтүстік Америка, Латын Америкасы, Аустралия және Мұхиттық аралдар.

*II нұсқа*

Әрбір макроаймақтың шегарасын анықтап, түрлі түстермен бояп, ең маңызды қосалқы аймақтардың атауын белгіле:

Солтүстік, Орталық, Оңтүстік және Шығыс Еуропа;

Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азия;

Солтүстік және Тропиктік Африка;

Мексика, Орталық Америка, Вест-Үндістан, Анд елдері, Амазонка және Ла-Плата бассейніндегі мемлекеттер, Аустралия және Мұхиттық аралдар (жеке).



## 6 БӨЛІМ. ЕЛТАНУ

## 6.1. КЕШЕНДІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАСТЫРУ

106

Дүниежүзін түрлі белгілері бойынша физикалық-географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық және геосаяси аудандарға бөлу

**Оқу мақсаты:** дүниежүзінің түрлі белгілері бойынша физикалық-географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық және геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру

**ТАРИХИ-МӘДЕНИ • СЯСИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ •  
ГЕОСЯСИ АУДАНДАСТЫРУ**

**1. Кешенді географиялық аудандастыру**

**Аудандастыру** – елді бір-бірінен тарихи, табиғи, экономикалық, геоэкономикалық, т.б. ерекшеленетін құрамдас бөліктерге (аудандар, жерлер) бөлу.

Физикалық географияда мұндай шарттар ретінде топырақ, жер бедері, климат, өсімдік, геология сипатталады.

Экономикалық географияда әкімшілік шегаралар, табиғи ресурстар, халық құрамы, салалық мамандану қарастырылады.

Аудандастыру – географиядағы маңызды әдіс, аумақты зерделеудегі ұқсас, ерекше географиялық жағдайларды бөлу негізіндегі географиялық көзқарас жатыр.

32-сызба



**Физикалық-географиялық аудандастыру** – ішкі біртұтастық пен табиғаттың өзіндік жеке ерекшеліктеріне ие табиғи аймақтар жүйесін анықтау мен зерттеуге негізделген жер бетін аумақтық бөлу жүйесі. Аудандастыру *аймақтық* (белдеулер, аймақтар мен кіші аймақтар), *азоналды* (физикалық-географиялық елдер, облыстар, провинциялар, аудандар, шатқалдар, фациялар), *салалық* (жер бедері, климат, топырақ, т.б. бойынша) және *кешенді* болып табылады. Әрбір аудан бірегей географиялық жағдайға ие.


**Солтүстік Еуропа** Еуразия материгінің солтүстік-батыс бөлігін алып жатыр. Ол Скандинавия түбегіндегі елдерді (Норвегия, Швеция), жақын жатқан Финляндия, сонымен қатар Дания мен Исландия елдерін қамтиды (51-сурет).

Солтүстік Еуропа елдерінің географиялық жағдайының ерекшелігі – теңіз жағалауында орналасуы. Теңіз – халықтың шаруашылық қызметіне, климатқа да үлкен әсер етеді. Жағалауда мемлекет астаналары мен ірі қалалар орналасқан, халықтың көпшілігі сонда тұрады.

Норвег теңізінің жағалауындағы Скандинав түбегінде ескі скандинавиялық таулар созылып жатыр. Қалған аумақ – жазық, Балтық кристалды ежелгі қалқан платформасында жатыр. Оның аясында іргетастың магмалық, метаморфтық жыныстары – граниттер, кварциттер мен гнейстер жер бетіне шығып жатыр. Сондықтан барлық жерде топырақтың жұқа қабатынан көптеген жартастар мен біліктер көзге түседі. Жер бедерінің өзіндік ерекшелігі бар.

**Исландия** – «от пен мұз елі». Арал – көптеген гейзер мен сөнбеген жанартаулары бар жер қыртысының жас бөлігі. Әсіресе *Гекла жанартауы* белсенді. Исландия ғаламшардың белсенді жанартаулық аймағы деп саналады.

Ерте кезде климаттың салқындауы нәтижесінде Солтүстік Еуропаны мұз басты. Бұрынғы мұзданудың салдарынан Скандинав түбегінің жағалауларында биік, тік құз, ені тар әрі терең, ұзына бойына созылған теңіз шығанақтары – *фьордтар* түзілген (52-сурет). Олар өзен алаптары мен ойпаттарын теңіз суының басуынан пайда болды.



51-сурет. Солтүстік Еуропа аймағы



52-сурет. Фьорд – еңсіз теңіз шығанақтары

**Тарихи-мәдени аудандастыру.** Тарихи-мәдени облыстар (ТМО) – тарихи тағдырдың, оқиғалардың ортақтығы, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өзара ықпалына байланысты халықтың ұқсас мәдени-тұрмыстық ерекшеліктері қалыптасатын аумақтар. ТМО материалдық мәдениетте – дәстүрлі тұрғын үй, қозғалыс құралдары, тамақ пен құрал-жабдықтар, киім, аяқкиім, әшекейлер, т.б. түрінде, сондай-ақ дәстүрлі рухани мәдениетте (күнтізбелік рәсімдер мен әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, фольклор, т. б.) көрінеді.

Этностық сана-сезімге ие этностардан айырмашылығы – тарихи-мәдени облыстарды адамдар түсінбеуі мүмкін, олар арнайы этнографиялық зерттеулер барысында бөлінеді. Шаруашылық-мәдени типтері мен тарихи-мәдени облыстар бір-бірімен сәйкес келмейтін, екі түрлі типологиялық жүйе. ТМО шаруашылық-мәдени типтері сияқты белгілі бір аумақта, нақты этностар мен олардың топтарын дамыту процесінде пайда болатын, дамушы әрі жойылып бара жатқан тарихи санаттар. Тарихи-мәдени аудандастыру үшін өмір салты мен материалдық мәдениеттің сипаттамасы ғана емес, сонымен қатар ойлау стереотиптеріне, діни көзқарасы мен халық шығармашылығына байланысты рухани мәдениеттің ерекше нысандары да маңызды.

Тарихи облыстарға (тұтастай алғанда, өте жақын) бөлуге қарағанда ТМО-ға бөлудің негізгі айырмашылығы – қазіргі заманғы мәдени-этнографиялық қауымдастықтарға үлкен бағдар болып табылады (мысалы, Солтүстік Америка немесе Аустралия), ал тарихи облыстар үшін тарихи құрамдау аса маңызды.

Заманауи этнография тарихи-мәдени (немесе тарихи-этнографиялық) провинциялардың (ТМП), облыстардың (ТМО) және аудандардың иерархиялық жүйесін әзірледі. Негізгі бірлік – ТМО, олар аумақтар мен аудандарға бөлінеді. Облыстар тобы неғұрлым ірі өңірлерге немесе провинцияларға (ТМП) біріктірілуі мүмкін.

Мұндай тарихи-мәдени провинциялар – 16 (42-кесте).

*Мысалы,* Орталық Азия және Қазақстан провинциясы.

**Орталық Азия және Қазақстан провинциясы** Каспий теңізінен шығысқа қарай қуаң жазықтарды, шөлдерді, Тянь-Шань мен Памирдің биік таулы жүйелерін алып жатыр. Оның халқы үшін еуропеоидты және моңғолоидты нәсілдер араласуы тән. Солтүстікте Оңтүстік-Сібір өтпелі нәсілі қалыптасты; еуропеоидты белгілер оңтүстікте, моңғолоидты – қырғыздар мен қазақтардың бір бөлігінде байқалады. Көптеген халық түрік тілдерінде, тәжіктер мен Памир маңы халықтары – үнді-еуропа (иран) тілдерінде сөйлейді.



## Тарихи-мәдени провинциялар (ТМП)

Еуразия	Африка	Америка	Аустралия және Мұхиттық аралдар
Батыс-Орталық Еуропа	Солтүстік Африкалық	Солтүстік Америкалық	Аустралиялық
Шығыс Еуропа	Тропиктік Африка	Латын Америкалық	Мұхиттық аралдар
Кавказ			
Орталық Азия және Қазақстан			
Сібір			
Шығыс Азия			
Оңтүстік-Шығыс Азиялық			
Оңтүстік Азия (Үндістан)			
Оңтүстік-Батыс Азия (немесе Алдыңғы Азия)			
Шығыс Азия			

*Негізгі шаруашылық* – суармалы және құнарлы жерлердегі егіншілік. Оңтүстіктегі жазиралы жерлерде дәстүрлі ауыл тұрғын үйі – жайпақ төбелі етіп, балшықтан жасалған. Тауларда қаңқалы үйлер болса, көшпенділер мен жартылай көшпелі жерлерде – түндікті, киіз жабыны бар дөңгелек киіз үй басым.

Дәстүрлі киімде ұзын жейделер, қамзол, әйелдердің көйлегі (қос етекті), ерлердің қысқа жейделері, өрнекпен кестеленген күдері бешпет пен жарғақ шалбар, үстерінде шапан, бастарында бөрік, тақия (сәукеле, кимешек), аяқтарында жұмсақ етік (мәсі, кебіс) киеді. Көшпенділерде ет тағамдары (қамырмен) мен сүт өнімдері, сусыннан – қымыз, айран, шұбат, шай; отырықшы диқаншыларда – ботқа, палау, көгөніс-жемістер басым.

Халық өнерінде кілем тоқу, құрақ құрау, ағаш пен керамикадан бұйым жасау дамыған. Фольклор («Алпамыс», «Манас», «Қорқыт», т.б. эпостар) (53-сурет) сақталған. Діндері – ислам.



53-сурет

**Саяси-географиялық аудандастыру.** «Қандайда бір елдің саяси-географиялық жағдайы» ұғымы бейбітшілік сүйгіш саясат жүргізетін басқа мемлекеттерге қатысты оның жағдайын білдіреді. Бұл «экономикалық-географиялық жағдай» ұғымына ұқсас ұғым, өйткені саясат пен экономика өзара тығыз байланысты. «Экономикалық-географиялық жағдай» деп елдің сауда жолдарына, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық орталықтарына, дүниежүзілік нарыққа қатысты жағдай қабылданған.

**Геосаяси аудандастыру.** Мемлекет саясаты (негізінен сыртқы) – географиялық түрткіжайттармен алдын ала анықталатын саяси тұжырымдама. Дүниежүзілік, өңірлік мәселелерді шешу кезіндегі геосаяси субъектілер арасындағы өзара қарым-қатынас.

Соңғы онжылдықта геосаясат жаһандық дүниежүзілік саясатта көпөлшемді әрі көпдеңгейлі болды. Қазіргі геосаясат жаһандық, өңірлік, субөңірлік, сондай-ақ мемлекетшілік деңгейлердегі оқиғалардың дамуын талдайды. Жекелеген мемлекеттер мен олардың коалицияларының мүдделерін көрсетеді. Жаңа жағдайлардың әсерінен дүниежүзі үнемі өзгеріп отырады, заманауи дүниежүзінің геосаяси үлгісін қалыптастырады.

XI ғ. басында дүниежүзіндегі геосаяси жағдай тұрақты болмады, өйткені онда 150-200 жыл бұрынғы жағдайға қарағанда айтарлықтай көп түрткіжайттар әсер етті. Географиялық түрткіжайттар – орта, кеңістік, климат, ландшафт, т.б. өзгеріссіз қалды. Геосаясат *география, тарих, экономика, демография, этнография, дінтану, экология, әскери іс пен стратегия, идеология, әлеуметтану, саясаттану*, т.б. пәндерге сүйенеді. Бұл мемлекеттік, әскери, экономикалық басқару жүйелерінің жаһандық компьютерлік жүйелерде пайдаланылатын ақпараттық, компьютерлік технологияларға жоғары деңгейде тәуелділігін білдіреді.



### Өзіңді тексер

1. Физикалық-географиялық аудандастыру қандай қағидаларға сүйенеді?
2. Тарихи-мәдени аудандастырудың төрт тобының бірін сипатта.
3. Кешенді географиялық аудандастырудың маңыздылығы неде?
4. Бірыңғай Еуропа шеңберінде интеграциялық байланыстардың даму перспективаларын бағала. Бұл байланыстардың дамуына не кедергі болады?



### Картамен жұмыс

54-суретте берілген картаны пайдаланып, 43-кестені толтыр.



54-сурет. Зерттеу ауданының аумағы

43-кесте

Елдің (өңірдің) атауы	Халықаралық мамандандуды анықтайтын тұрткіжайттар	Саланы халықаралық мамандандыру	Басқа елдермен өндірістік байланыс



### Менің көзқарасым

Афоризмдерді оқып, олардың мағынасын түсіндір:

- «Градустық тор – Жер шарының көше желісі» (Ю.М. Шокальский).
- «Дүниежүзі елдерін тану – адам ақыл-ойының әшекейі мен тамағы» (Леонардо да Винчи).
- «Мемлекет – бұл велосипед сияқты қарапайым: жоғарғы руль, тізбектің төменгі жағында дөңгелегі» (Виктор Шендерович).
- «Қай жерде өзіңді еркін сезінесің, сол жер сенің отаның» (Әбу-л-Фарадж).

107

## Тарихи-географиялық аудандастырудың кешенді географиялық үлгісі

**Оқу мақсаты:** тарихи-мәдени аудандастырудың кешенді-географиялық үлгісін ұсыну

### КЕШЕНДІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАСТЫРУ

#### 1. Кешенді географиялық аудандастыру

Кешенді географиялық аудандастыру геожүйелердің физикалық-географиялық, ландшафттық-геофизикалық үлгілері. Үлгілеу физикалық география мен ландшафттану үшін таным тәсілі ретінде үлгілердің үш қасиетімен байланысты ерекше маңызға ие:

1. Үлгі табиғи жүйелердің өлшемдерін қолайлы шамаға дейін масштабтау арқылы өзгертеді.


2. Табиғи процестердің динамикасын зерттеу қиындықтарға итермелейді: көптеген үдерістің жүру жылдамдығы аз (бұл қиындық үлгілердің басқа сипаттамасын жеңуге көмектеседі – уақыт масштабы).

3. Үлгілеу географиялық жүйелердің күрделілігін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Үлгілер бірнеше топқа бөлінеді:

- геожүйелердің кеңістіктік құрылымын зерттеу үшін қолданылатын үлгілер (континуалды-үздіксіз, дискреттік-үздікті);
- жалпы тасымалдау үлгісі: қарапайым баланстық үлгілер мысалында биогенді тасымалдау, беттік шайылу үлгісі, топырақтағы тік (вертикальді) көші-қон.

Геожүйелердің дәрежесіне байланысты үлгілер *жергілікті, өңірлік, жаһандық* болып жіктеледі. 55-суретте бір жердің топографиялық және профильдік кескінінің мысалдары берілген.



55-сурет. Геожүйелердің ландшафттық-геофизикалық үлгілері

## 2. Тарихи-мәдени аудандастыру

*Тарихи-мәдени аудандастыру* материалдық мәдениетте – дәстүрлі тұрғын үй типінде, қозғалыс құралдарында, тағамдары мен ыдыс-аяқтарында, киім, аяқкиім, әшекейлер, т.б. бұйымдарында, сондай-ақ дәстүрлі рухани мәдениет (күнтізбелік салт-дәстүрлер, дін, т.б.) көрініс табады.

Дүниежүзінің мәдени аудандарын бөлу – зерттеу мақсаты мен оның негізіне қойылған қағидаларға (критерийлерге) байланысты әртүрлі шешуге болатын күрделі зерттеу міндеті. Бірақ әртүрлі көзқарастарды жақындастыратын ортақ нәрсе бар, бұл – әлемнің тұтас көрінісіне деген ұмтылыс.

*Этнография* – халықтардың өмір салтындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, табиғи ресурстарды, шаруашылық пайдалану дағдыларын зерттеумен айналысатын ғылым.

Дүниежүзі халықтарының этностық алуан түрлілігі шаруашылық-мәдени типтердің – шығу тегі әртүрлі, бірақ ұқсас географиялық жағдайларда мекендейтін және әлеуметтік-экономикалық дамудың бірдей деңгейінде болатын шаруашылық пен мәдениеттің тарихи қалыптасқан кешендерінің бөлінуіне негізделеді.

Осылайша, этнографтардың айтуынша, бір шаруашылық-мәдени тип әртүрлі халықтарға тән болуы мүмкін.

Адамзаттың жаңа ландшафттарды игеруі мен қоныстануы географиялық орта мен қоғамның өзара байланысы негізінде пайда болған әртүрлі шаруашылық-мәдени түрлерінің қалыптасуымен сипатталады.

Өнеркәсіптік төңкеріс қалыптасқан шаруашылық-мәдени түрлерін өзгертті, бірақ олардың көпшілігі қазір де бұрынғыша өмір сүруде.

Осылайша, материалдық мәдениеттің ерекшеліктері – қазіргі ландшафтқа бейімделу құралы ретінде рухани мәдениеттің географиялық ортасында алдын ала анықталады.

## 3. Дүниежүзінің тарихи-мәдени аудандары

Дүниежүзінің тарихи-мәдени салалары туралы алғаш рет Геродот қозғаған. Ол ежелгі парсы патшаларының әулеті үстемдік еткен кезде екі облысты: Еуропа мен Таяу және Орта Шығыс елдерінің эллин полистерін (қалаларын) ерекшеледі. Қоршаған әлем туралы білім жинақталуына қарай тарихи-мәдени облыстарға Эфиопия мен Скифия қосылды.




XIX ғасырдағы мәдени-тарихи мектептің ең танымал ғалымы – неміс географы *Фридрих Ратцель*, ал XX ғасырда – *А. Тойнби* болды.

Мәдени-тарихи мектептің басты қағидасы: әрбір мәдени саланың өз даму жолы бар.

*Геотарихи аймақтар* – тарихтың «әрекет етуші тұлғалары», олар ерекше өркениет әлемін қалыптастыра отырып, тарихтың әрбір кезеңінде ерекше рөл атқарады.

Өркениет әлемінің шегарасы мен құрамы тұрақты емес, олар тарихи даму барысында өзгереді.

Дүниежүзі мәдени аудандарының шегаралары өркениеттер қалыптасуының ерте кезеңдерінде анықталды. Олар шын мәнінде физикалық-географиялық шегара болып табылады, оларда мәдени этностар қалыптасты. Халықтардың қоныс аударуына, діндер мен философиялық ілімдердің таралуына, аумақтарды шаруашылық игеру мен отарлауға қарамастан, бұл шегаралар тұрақты болып қала береді. (56-сурет).



56-сурет. Өркениетті әлем және геотарихи аймақтар  
(В. Л. Крицюнас бойынша)

Ескі дүниеде тарихи-мәдени аймақтар қатарына жатқызылды:

- Таяу Шығыс немесе Ливия – Азия мен Солтүстік Африканы қамтитын ислам мәдени аймағы;
- Еуропалық мәдени аймақ;
- XX ғ. басындағы шаруашылық-мәдени типтері;
- Үндістан;
- Қытай (немесе Шығыс-Азиялық);
- Үндіқытайлық;
- Тынық мұхиты аралдық субмәдениет аймағы;
- Еуразиялық далалар (Дешті Қыпшақ).

Жаңа дүниедегі тарихи және мәдени аймақтар:

- Сахараның оңтүстік бөлігіндегі Африка (Мезоафрикалық және Оңтүстік Африка мәдени аймақтары);
- Рудиментарлы (сақталып қалған) этносты циркумполярлы аймақ;
- Америкада ағылшын-саксон және Латын Америка тарихи-мәдени аймақтары.

Әрбір нақты зерттеуде аумақты мәдениеттің маңызды элементтері негізінде бөлуге болады. Мәселен, әрбір облысты әлеуметтік ұйым, материалдық мәдениет, тіл, дін негізінде бөлшектеуге болады. Ұсақ мәдени қауымдастықтарды сипаттаған кезде мәдениеттің кейбір элементтері неғұрлым маңызды болып табылады. Мысалы, Африкада банту тайпаларының мәдени микроөңірін еңбек құралдары мен өндірістік дағдылардың сипатты жиынтығы негізінде – жер өңдеу, қоныс сипаты мен тілдік белгісі бойынша – жақын туыстық тілдердің жиынтығы ретінде бөліп көрсетуге болады.

Аудандастырудың әрбір келесі кезеңінде зерттелетін мәдени макроөңір азая түсіп, таралу аймағы тарылады. Бірақ негізгі міндет – мәдениеттің жергілікті ерекшеліктерін зерделеп, әлемнің мәдени аудандарының жалпы көрінісін жіберіп алмау.



### Өзіңді тексер

1. Физикалық-географиялық аудандастыру қандай қағидаларға негізделеді?
2. «Этностар – мәдениет тасымалдаушылар ретінде» ұғымының мазмұнын түсіндір.
3. БҰҰ жұмыс барысында қандай ресми және жұмыс тілдерін қолданатынын анықта.

**Өзіндік жұмыс**

1. 40° ш.б. меридиан бойынша кешенді физикалық-географиялық профилін сипатта (талдау).

**Кешенді физикалық-географиялық профиль (КФГП)  
құру бойынша тапсырма нұсқалары**

Нұсқа	Меридиан	Жартышар	Нұсқа	Меридиан	Жартышар
1	120 ш.б.	СЖШ	6	100 б.б.	СЖШ
2	110 ш.б.	СЖШ	7	120 б.б.	СЖШ
3	100 ш.б.	СЖШ	8	60 б.б.	ОЖШ
4	90 ш.б.	СЖШ	9	20 ш.б.	ОЖШ
5	80 ш.б.	СЖШ	10	10 ш.б.	ОЖШ

## КЕШЕНДІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАСТЫРУ

108

Дүниежүзінің тарихи-географиялық аймағының шығармашылық нысаны, олардың құрамы мен ерекшеліктері, географиялық сипаттамасы

**Оқу мақсаты:** дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде көрсету

### АЙМАҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ • ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕРЛЕР

**Экономикалық аймақ** – халықшаруашылығының аумақтық ұйымы және аймақтардағы өндірісті ұтымды бөлудің негіздемесі.

Алынған білімді жүйелеу үшін оларды аймақтың сипаттамасы жоспарына сәйкес тәжірибеде қолдану қажет.



### САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС



### Топтық жұмыс

#### Графикалық органиайзерлер

*Графикалық (көзбен шолу) органиайзерлер* білімді, тұжырымдамаларды, идеяларды, сондай-ақ олардың арасындағы өзара байланыс пен қатынастарды, графикалық нотацияны пайдаланатын жазба коммуникация құралдарын білдіреді. Иллюстрациялық, коммуникативтік және когнитивтік функцияларды орындайтын дидактикалық құрал ретінде графикалық органиайзерлер ақпаратты тасымалдаушы ғана емес, сонымен қатар білім беру жобаларын жоспарлау, мәселелерді шешу, шешімдер қабылдау, зерттеулер жүргізу кезінде білім алушылардың қызметін қолдау үшін де қолданылады.

**Өңірлерді салыстырудағы көзбен шолу органиайзерлердің негізгі түрлері:**


1. *Тізбекті органиайзерлер (sequential organizers)* – бірліктікке немесе уақытша шәкілмен сәйкестендірілуі мүмкін ақпаратты ұсыну үшін пайдаланылады.

2. *Салыстыру және салыстыру графикалық органиайзерлер (compare/contrast organizers)* – аймақ нысандарының екі немесе одан да көп санаттары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сәйкестендіру үшін қолданылады.

3. *Иерархиялық органайзерлер* (hierarchical organizers) – элементтерді (нысандарды, элементтерді, мәндерді, ұғымдарды) деңгейлері, қасиеттері бойынша реттеу.

4. *Тұжырымдамалық органайзерлер* (conceptual organizers) – түйіннің мағынасын, тақырып бойынша түйінді идеяларды ашады (түрткі-жайттар, мінездемелер, сипаттамалар).

5. *Графикалық деректер органайзерлер* (data representation organizers) – графиктер, гистограммалар, дөңгелек диаграммалар, торлар, кестелер – сандық деректерді сызбалық нысанда көзбен көруге арналған (*б-диаграмма*).



*б-диаграмма.* Қазақстандағы және дүниежүзіндегі пайдалы қазбалар мен қалпына келетін энергия көздерінің үлесі

Көзбен шолу органайзерлерді құру үшін бірегей қасиеттерге ие графикалық бейнелерді жасауға мүмкіндік беретін компьютерлік құрал-саймандық құралдардың кең мүмкіндіктері қолданылады. Олар: көрнекілік, дағдылық, шеберлік, бейнелілік, ақпаратты қашықтық, метафориялылық, көпөлшемділік.

Мысалы, 57-суретте әртүрлі нарық түрлері өндірісті, тауар мен бағаны қалай біріктіретіні ұсынылған. Ал табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі 6-диаграммада дүниежүзі мен Қазақстанның табиғи ресурстарының өзгермелі басымдықтары өте жақсы көрсетілген.

Графикалық органиайзерлердің кең спектрі (ақпаратты зерттеу және ұйымдастыру процесінде идеяларды жинақтау, көзбен шолу, құрылымдау, мәселелерді шешу, шешімдер қабылдау).



57-сурет. Тұжырымдамалық органиайзер



### Өзіңді тексер

*Сипаттама бойынша елді анықта. Жақшадағы сандарды мағынасы бойынша сәйкес сөздермен ауыстыр. Демографиялық мәселені шеш.*

Бұл мемлекет (1) дүниежүзінің екі бөлігінде орналасқан (2, 3). Оның ЭГЖ-сінің оң белгісі – теңіз жағдайы: төрт теңіз (4, 5, 6, 7), екінші мұхит бассейніне жататын (8) ғаламшарда осы мемлекеттің жағалауына ұласады. Мұндай жағдай елге үш есе пайда береді: белсенді сыртқы экономикалық қызметке ықпал етеді, жағажай туризмінен және осы теңіздерді қосатын бұғаздарда кемелердің өтуі үшін көлік алымдарынан экономикалық пайда әкеледі. Бұғаздардың бірінің жағасында елдің ең ірі қаласы орналасқан (9), оның 1930 жылға дейін басқа ресми, халықаралық қабылданған атауы (10) болған. Бұл қала 1923 жылдан бастап осы елдің астанасы емес, бірақ 1500 жылдан астам уақыт бойы бірнеше империяның басты қаласы болды.

Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан индустриялық ел. Елдің экономикасындағы өнеркәсіптің үлесі 2012 жылы шамамен 28%-ды, ауылшаруашылық 9%-ды, құрылыс 5%-ды, қызмет көрсету саласы 58%-ды құрады. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде ең үлкен салмақ өңдеу өнеркәсібі (84%, құрылысты қоса алғанда) бар. Тоқыма, былғары, тамақ, химия, фармацевтика салалары, энергетика, металлургия, кеме жасау, автомобиль жасау және электр тұрмыстық тауарлар өндірісі дамыған.

Туристік қызмет (елдің ЖІӨ-нің 4%-ы) және инфрақұрылым жақсы дамыған. Шетелдік туристердің келуі бойынша және туризмнен түсетін табыс көлемі бойынша ел 10 көшбасшы елдің қатарына кіреді.

Елдің халқы көпұлтты, бірақ елдің тұрғылықты халқы (12) 70-80%-ды құрайды. Елді мекендейтін келесі ірі этностар ... (13), олардың үлесі

18%-ды құрайды. Жалпы саны 50 миллион адам болатын бұл этнос елдің шығысында және тағы үш көрші елдің аумағында жинақы тұрып, өз мемлекетін құру жолында күресуде. Жұмбақ елде арабтар, әзербайжандар, ассириялықтар, сығандар, басқа да халықтар көп. Діни сенім бойынша ел тұрғындарының 99%-ы мұсылман.

### Өзіндік жұмыс

1. Егер бір жыл ішінде 1 283 062 адам дүниеге келсе, табиғи өсім коэффициенті 12 ‰, ал халық саны 75 627 384 адамды құрады. Ел ішіндегі дүниеден қайтқандар көрсеткішін (‰) анықта.


2. Ұсынылған тізімнен бір елге қатысты кем дегенде алты ұғымды таңда. Елді, оның астанасы мен ресми тілін анықта.

*ЛАК, сауытты аң, Үндіқытай, Парана, туризм, Мариан аралдары, фирн, самум, буддизм, скрэб, Оңтүстік-Қытай теңізі, тайландтықтар, қара топырақ, пампа, казуар, тропиктік ормандар, друмлиндер.*

3. Жеке елді сипаттайтын әрбір нұсқада бір қосымша сөзді тап:

- Германия: рейхстаг, гастарбайтер, хмель, Опель, айнтопф, Висла.
- Швеция: шаңғы, қағаз, Рур бассейні, туризм, балық, Вольво, Готланд.
- Бельгия: Меркатор, король, гауһар, Амстердам, НАТО, фламанд.
- Монако: емен, монегаски, орман ресурстары, туризм, казино, князьдік.

4. 58-суреттегі картада қою жасыл түспен көрсетілген аймақтан энергетиканы дамыту көрсеткіші бойынша 10 елді ретімен жаз.



58-сурет. Дүниежүзілік энергетиканы дамыту

## 6.2. ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІ

### САЛЫСТЫРМАЛЫ ЕЛТАНУ

109

Дүниежүзінің елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер

**Оқу мақсаты:** дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын белгілерді анықтау

#### САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДІС • ЭМПИРИКАЛЫҚ ӘДІС

##### 1. Салыстырмалы әдіс

*Салыстырмалы әдіс* зерттеудің жалпы ғылыми әдістеріне жатады. Өзінің мақсаты мен пайдалану тәсілдері бойынша эмпирикалық болып табылады.

*Эмпирикалық әдіс* – эксперимент немесе бақылау арқылы алынған деректер. Тәжірибеде оның бірқатар нысаны бар. Мысалы:

- әртекті нысандардың табиғатын анықтайтын *салыстырмалы әдіс*;
- *салыстырмалы-тарихи-типологиялық*, – шығу тегі бойынша байланысы жоқ құбылыстардың генезис пен дамудың бірдей жағдайларымен ұқсастығын ашатын әдіс.

Қолданбалы зерттеулерде салыстырмалы әдіс жіктеу, типология, бағалау, генерализациялау кезінде негізгі ретінде қолданылады. Ол зерттелетін нысандар мен олардың даму процестерінің жалпы және ерекше белгілері мен қасиеттерін бөлуге мүмкіндік береді.

Салыстырмалы әдісті сәтті қолдану келесі көрсеткіштер бойынша, елдердің салыстыруында бастапқы деректер мен алынатын нәтижелерді стандарттауды қоса алғанда, бақылау тәсілдерін біріздендіруді білдіреді:

- ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;
- ЖҰӨ – жалпы ұлттық өнім;
- САҚ – сатып алу қабілеті;
- гендерлік теңсіздік.

**Жан басына шаққандағы ЖІӨ (САҚ)** – сатып алу қабілетінің (САҚ) тепе-теңдігі бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) – экономиканың даму деңгейін, өсуін айқындайтын нақты сипаттама.

*Паритет* (лат. *paritas* – теңдік) – қандайда бір параметрлер бойынша екі немесе одан да көп тараптардың өзара қатынасының теңдігі.



Салыстыруға арналған барлық көрсеткіштер бірыңғай валюта – АҚШ долларымен көрсетіледі. Халықаралық экономикалық салыстырулар кезінде қабылданғандай, ұлттық валюталардан қайта есептеу валюталардың нарықтық айырбас бағамдары бойынша емес, сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша орындалады.

**Жан басына шаққандағы ЖҰӨ (САҚ).** Жалпы ұлттық өнім – бұл белгілі бір уақыт кезеңінде (әдетте жыл) экономикада өндірілген түпкілікті тауарлар мен қызметтердің толық көлемінің жалпы нарықтық құны. Елдің шаруашылық қызметі мен экономикалық белсенділігінің басты көрсеткіші болып табылады.

ЖҰӨ-ге елдің өзінде де, шетелдерде де осы елге тиесілі өндіріс түрткіжайттарын пайдалана отырып жасалған өнімнің құны енгізіледі. Жалпы ішкі өнімнен айырмашылығы, ЖҰӨ көрсеткіші халық тұтынған тауарлар мен қызметтердің, мемлекеттік сатып алудың, күрделі салымдардың құнын қамтиды.

**Сальдо** белгісіне байланысты (итальянша *saldo – есен, қалдық*) – белгілі бір уақыт аралығындағы түсімдер мен шығыстар арасындағы айырмашылық, ЖҰӨ ЖІӨ-ден артық немесе аз болуы мүмкін. ЖҰӨ қосылған құндарды қосу әдісімен, шығындар ағынының және кірістер ағынының әдістерімен есептелуі мүмкін. ЖҰӨ таза ұлттық табыстың (жаңадан құрылған құнның) және амортизациялық аударымдардың сомасы мен тозған негізгі құралдарды қайта жаңартуға тең.

**Амортизациялық аударымдар** – өнімнің өзіндік құнына енгізілетін өндіріс шығындарының элементтерінің бірі.

**Сатып алу қабілетінің паритеті.** Global Finance Magazine американдық басылымы 185 мемлекет қосылған дүниежүзінің ең бай елдерінің рейтингісін құрады. Тізім Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорының деректері негізінде жасалды.

Басылым халықтың жан басына шаққандағы сатып алу қабілетінің тепе-теңдігін ескереді, ол елдердің салыстырмалы өмір құны мен инфляция деңгейін назарға алады.

Бұрынғы кеңестік кеңістіктің ең бай елдері Литва (41-орын) мен Эстония (42-орын) болды. Жан басына шаққандағы ЖІӨ тиісінше 28 245 және 27 729 долларды құрайды. Бұдан әрі Қазақстан – 50-орын, жан басына шаққандағы ЖІӨ – 25 367 доллар болды.

Ресей мен Латвия журнал рейтингінде 51-ші және 52-орындарды иеленді (осы елдердегі жан басына шаққандағы ЖІӨ – 25 350 және 25 195 доллар). Әзербайжан мен Беларусь – 64-ші және 65-орындарда. Түркіменстан 77-орында орналасқан. Сонымен қатар тізімде Украина (109-орын), Армения (116), Өзбекстан (127), Молдова (132), Қырғызстан (142), Тәжікстан (153) көрсетілген.

*Global Finance Magazine*-нің есебінше, дүниежүзіндегі ең бай ел Катар (жан басына шаққандағы ЖІӨ – 146 000 доллар). Екінші орында Люксембург (94 167), үшінші орында – Сингапур (84 821).


Израиль Испания мен Мальтаның арасында 33-орында, БАӘ 7-орында. Жақында олар үшінші ондықтың жанында болды. Ислам мұнай монархиясы соңғы жылдары халықтың жан басына шаққандағы табыс деңгейі бойынша елдер рейтингінде тұрақты түрде жоғары жылжуда. Рейтинг бойынша (2016 ж.) ең бай мемлекеттер қатарына Катар, Люксембург, Сингапур, Бруней, Кувейт, Норвегия, БАӘ, Гонконг, АҚШ, Швейцария, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Нидерланд, Ирландия, Аустралия, Аустрия, Швеция, Германия, Тайвань, Канада, Дания, Оман, Исландия, Бельгия, Франция кірді.

**Гендерлік теңсіздік.** Гендерлік теңсіздік мәселелері қоғамның қазіргі даму кезеңінде өзектілігі бойынша соңғы орында емес. Айқын прогреске қарамастан, гендерлік кемсітушілік қоғамның көптеген салаларын қамтиды. Мысалы, ресурстарға қол жеткізу және оларға билік ету саласында, экономикалық мүмкіндіктер саласында, билік және мүдделерді білдіру саласында. Осы себепті гендерлік теңдікке қол жеткізу әрбір елдің дамуының орталық көрсеткіші болып табылады.

Барлық елдер еуропалық, ал жаһандану жағдайында қазіргі заманғы қоғам гендерлік теңсіздік мәселесіне бір рет болса да қарауға мәжбүр екенін ұмытпаған жөн.

Гендерлік теңсіздік – бұл әлеуметтік құрылымның сипаттамасы, оған сәйкес әртүрлі әлеуметтік топтар (бұл жағдайда – ерлер мен әйелдер) тұрақты айырмашылықтарға және олардан туындайтын қоғамдағы тең емес мүмкіндіктерге ие (*59-сурет*).

Әйел қоғамның толыққанды мүшесі деп танылуы үшін қанша уақыт қажет болғанын түсіну маңызды. XIX-XX ғасырлардың шебінде әйелдер мен ерлердің тең құқығы үшін күрес серпін алып, белсенді әрекеттер басталды. Бұл тақырып бұрын көтеріліп, 1791 жылы «Әйел мен азамат құқығының Декларациясы» деп аталатын Олимпия де Гуждың кітабы шықты. Шамамен жарты ғасырдан кейін,



59-сурет. Гендерлік теңсіздік

1848 жылдың шілде айында 2 белсенді әйел: Лукреция Мотт пен Элизабет Стэнтон Нью-Йорк штатында, Сенека Фоллзде әйелдер құқығына арналған бірінші конференция ұйымдастырды. Сол кезде 68 әйел мен 32 ер адам қол қойған «Сезім декларациясын» қабылдады. Бұл декларация өзінің мәні бойынша әйел жыныстылардың қоғамға, атап айтқанда ер жынысты өкілдеріне шағымдарының өзіндік тізімі болды.

Ерлер мен әйелдер үшін еңбек нарығына тең қол жеткізу түпкілікті өнім көлеміндегі шығындарға, еңбек нарығындағы ұсыныстың тарылуына (қысқамерзімді кезеңде), үй шаруашылығында тиімсіз технологияларды молайтуға әкеп соғады.

Екі жыныста да өмірдегі рөлі, жағдайы, мәртебесі, әртүрлі құндылық бағдарлары туралы түсінік бар. Бұл себептер қазіргі қоғамдағы ерлер мен әйелдердің өзара қарым-қатынасындағы көптеген процестерді негіздейді.



### Өзіңді тексер

1. Ұсынылған тізімнен астаналары халық саны бойынша өз елдерінің ірі қалалары емес елді таңда.

а) Канада, ә) Аустралия, б) АҚШ, в) Чили, г) Индонезия, д) Египет

2. Таңдаған бір елдің астанасы мен ірі қаласының атауын жаз. Сен таңдаған елдердің қай аумағында суретте көрсетілген жер бедерінің түрі кездеседі? (60-суреттегі криогенді жер бедерінің түрі кездесе ме?)



60-сурет. Жер бедерінің түрі

3. Сипаттама бойынша елді анықта. Демографиялық мәселені шеш.

Бұл мемлекет дүниежүзінің екі бөлігінде орналасқан, аумағы бойынша дүниежүзінде тоғызыншы орында. Оның ЭГЖ-нің теріс белгісі – ішкі континенттік жағдайы. Рас, бұл ел Ішкі ағын бассейніне жататын теңізге шығады. Бұл осы мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін кеңейтуге ықпал етеді, себебі бұл теңіз бойынша ол екі елмен шектеседі.

Елдің мамандануы мен экспорт салаларын дамыту үшін негіз болып табылатын өте бай табиғи-ресурстық базасы бар. Ол дүниежүзінде мырыш, вольфрам мен бариттің барланған қоры бойынша бірінші орынды иеленеді, екінші – күміс, қорғасын және хромиттер, үшінші – мыс және флюорит, төртінші – молибден және уран, бесінші – алтын. Ол хром, мыс, боксит, темір рудасы, уран өндіру бойынша он елдің қатарына кіреді.

Елдің және бүкіл құрлықтың ең төменгі нүктесі теңіз деңгейінен 132 м төмен, ал ең жоғарғы белгі – екі ел шегарасындағы Хан-Тәңірі шыңы орналасқан, олардың атаулары жұмбақ ел атауымен бірдей әріптен басталады.

Мемлекеттің қазіргі астанасы елдің ең ірі миллионер қаласы емес.

Елдің халқы көпэтносты, бірақ елдің байырғы халқы басым. Елді мекеңдейтін келесі ірі этнос ... , үлесі 23,7% құрайды. Содан кейін өзбектер, украиндер, ұйғырлар, татарлар, немістер, т.б. бар. Халық тығыздығы Ауғанстанға қарағанда төмен.

4. Егер жыл ішінде 319 905 сәби дүниеге келсе, табиғи өсім көрсеткіші 13,6 ‰ құрады, ал халық саны 17 417 447 адам болғанда, өлім көрсеткішінің ‰-ын анықта.

110-111

## Дүниежүзінің елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштердің бірін есептеу әдісі

**Оқу мақсаты:** дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштердің бірін есептеу әдісін түсіндір (таңдау бойынша: жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), оның ішінде жан басына шаққанда, сатып алу қабілетінің паритеті (СҚП), гендерлік теңдік)

### ЖІӨ ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ • ЖҰӨ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ • СҚП ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ

#### 1. ЖІӨ есептеу әдістері

Теориялық тұрғыдан алғанда, ішкі өнім таза негізде анықталуы керек, яғни негізгі капиталды таза тұтыну. Барлық елдер мұндай есептерді жасамайды, өндірушілер түрлі әдістерді қолданады. Осылайша, ЖІӨ-нің деректері қол жетімді және елдер арасында салыстырмалы болып табылады, сондықтан ЖІӨ-нің индикаторы таза ішкі өнімге қарағанда кеңінен таралған.

ЖІӨ мынадай үш әдісті пайдалана отырып есептелуі мүмкін:

- қосылған құнның жалпы сомасы ретінде (өндіру әдісі);
- түпкі пайдалану құрамдас бөлігі ретінде (түпкі пайдалану әдісі);
- бастапқы табыстың сомасы ретінде (тарату әдісі).

*Өндірістік әдісті* есептеу кезінде ЖІӨ салалық немесе салалық түрде топтастырылған резиденттердің барлық өндірістік бірліктерінің жалпы қосылған құнының жиынтығы бойынша есептеледі.

*Жалпы қосылған құн* – өндірілген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің (өндірістің) өзіндік құны мен өндіріс процесінің (аралық тұтыну) толық көлемде тұтынылатын тауарлар мен қызметтердің құны. ЖІӨ-нің түпкілікті пайдалану әдісі мынадай құрамдастардың жиынтығы ретінде анықталды: тауарлар мен қызметтерді түпкілікті тұтыну шығыны, жалпы капиталдың қалыптасуы, сондай-ақ тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импорты. ЖІӨ бөлу әдісімен анықтаған кезде ол резиденттердің өндірістік бірліктерімен төленетін бастапқы табыстың келесі түрлерін қамтиды: қызметкерлердің еңбекақысы, өндіріс пен импортқа таза салықтар (өндіріс пен импортқа салынатын салықтар, өндіріс пен импорт бойынша субсидияларды қоспағанда), жалпы пайда және жалпы аралас кіріс.

Ең қарапайым жағдайда ЖІӨ 4 негізгі құрамдас бөлік ретінде ұсынылған: тұтыну (C, Consumption), инвестиция көлемі (I, Investments),

мемлекеттік шығындар ( $S$ , Government spending) және таза экспорт, яғни толық экспорттан толық импортты азайту ( $E-M$ , Export – Import):

$$\mathbf{GDP = C + I + S + (E - M)}$$

Тұтыну құрылымында ( $C$ ) әдетте 3 тармақшаға бөлінеді: ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларды (3 жылдан артық) пайдалану (durable goods – мәшинелер, жиһаз, т.б.), қысқамерзімді (кемінде 3 жыл) пайдалану (non-durable goods – киім, тамақ, дәрі-дәрмек, т.б.) және қызмет көрсету (services).

Мысалы, Құрама Штаттарда, пайыздық қатынаста, ұзақ уақыт бойы тамақ өнімдері жалпы тұтынудың шамамен 15%-ын құрайды, баяу өнімдер – шамамен 31%, ал қызметтер – 54%. Жалпы,  $C$  қазіргі уақытта АҚШ ЖІӨ-нің шамамен 56%-ын анықтайды, осылайша оның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Инвестиция көлемі ( $I$ ) ЖІӨ-нің шамамен 14%, мемлекеттік шығындар ( $S$ ) – әлеуметтік жеңілдіктер, қару-жарақ, мемлекеттік облигация бойынша пайыздар, т.б. үшін жауап береді.  $S$  – 17%, ал ең соңында экспортқа ( $E-M$ ) – шамамен 13%. АҚШ-тың таза импортының соңғы құрамдас бөлігін таза импорт деп санауға болар еді, себебі бұл ел экспортқа қарағанда әлдеқайда көп тауарлар мен қызметтерді импорттайды (яғни  $E-M$  мәні жағымсыз).

ЖҰӨ дүниежүзіндегі бір елдегі өмір сүру деңгейін ЖІӨ-ге қарағанда толықтай көрсете отырып, халықтың жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімнің көрсеткіші болып табылады. Бұл көрсеткіш ЖІӨ-нің ел халқына қатынасы ретінде есептеледі және жылына елде өндірілетін, құндық тұрғыдан көрсетілетін жалпы өнімнің қанша бөлігі осы елдің 1 тұрғынына тиесілі екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш, бірінші кезекте, белгілі бір мемлекетте халықтың өмір сүру деңгейін анықтау үшін пайдаланылады.

## 2. ЖҰӨ есептеу әдістері

Жалпыұлттық өнім үш жолмен өлшенуі мүмкін:

- осы жылы өндірілген тауарлар мен қызметтерді сатып алуға компанияның барлық шығындарының жиынтығы;
- сол жылғы өндірістің нәтижесінде алынған ақшалай кірісті қосу арқылы;
- немесе қосылған мәндерді жинақтау арқылы.

**ЖҰӨ шығындарын есептеу әдісі** (түпкілікті пайдалану әдісі).

$$\mathbf{ЖҰӨ = C + I_g + G + X_n},$$

мұндағы  $C$  – жеке тұтыну шығыны;  $I_g$  – жалпы ішкі инвестиция;

$G$  – мемлекеттік тауарлар мен қызметтерді сатып алу;

Xп – таза экспорт. ЖҰӨ-нің әрбір компонентін қысқаша сипаттайық:  
 – *жеке тұтыну шығындары* – ағымдағы және ұзақмерзімді тұтыну тауарларына, азық-түлік пен әртүрлі қызмет көрсету бағытындағы, тұрғын үй сатып алу шығындарын есептемегендегі, үйшаруашылық шығындары;

– *өндірістік капитал салымымен қоса алғандағы жалпы ішкі инвестиция* (жаңа өндіріс нысандары мен жабдықтарды сатып алудағы фирмалар шығыны); тұрғын үй құрылысына инвестиция салу; қосымша қор инвестициялары. Жалпы инвестицияны таза инвестицияның жалпы жиынтығы ретінде, жыл ішінде орын алатын қосымша инвестициялар, сондай-ақ АҚ-ның амортизациялық аударымдары ретінде қарастыруға болады;

– *тауарлар мен қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алу* – трансферттік төлемдерді қоспағанда, мемлекеттік аппаратты, әскерлер, мектептерді, т.б. қамтамасыз ету үшін барлық мемлекеттік шығындар;

– *таза экспорт* – бұл елдің экспорты мен басқа елдерден тауарлар мен қызметтер импорты арасындағы айырмашылық.

### **ЖҰӨ табысы бойынша есептеу әдісі (тарату әдісі)**

$$\text{ЖҰӨ} = W + R + i + P + AO + KN,$$

мұндағы W – жалақы; R – жалдау ақысы; i – пайыз; P – пайда; AO – амортизациялық аударымдар; KN – бизнеске жанама салықтар

ЖҰӨ құрамдас бөліктерін екі топқа бөлуге болады:

*Өндіріс түрткіжайттары бойынша кірістер.* Бөлудің критерийі – табыс алудың тәсілі. Оларға мыналар жатады:

- *жалақы* (өндіріс коэффициентінен түсетін табыс – еңбек) – жалдамалы қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу;
- *жалдау* (өндірістік түрткіжайттардан түсетін табыс – жер) – жер ресурстарын, жылжымайтын мүлікті (оның ішінде жалға алынған) жоғары экономикалық пайдалануды көздейтін тұлғалардың табысы;
- *пайыз* (өндіріс коэффициентінен түсетін табыс – капитал) – ақшалай капитал жеткізуші жеке кәсіпкерліктің ақшалай табысын төлеу;
- *табыс* (өндірістік түрткіжайттардан түсетін табыс – кәсіпкерлік) – корпоративтік емес корпоративтік сектордың меншігі мен корпоративтік пайдасының табысы.

**СҚП есептеу әдістері.** Сатып алу қабілетінің паритеті – осы валюталардың тиісті сомалары үшін салыстырмалы елдерде шамамен тең тауарларды немесе қызметтерді сатып алуға болатын валюталардың қатынасы.

Индекс елдің жетістіктерін гендерлік теңдік деңгейі бойынша үш негізгі көрсеткіш бойынша өлшейді:

- өнімді денсаулық.
- азаматтық құқықтар мен мүмкіндіктер.
- еңбек нарығындағы мүмкіндіктер.

### Өзіңді тексер

1. 44-кестеде пайдаланып, Қазақстанның ең қарапайым жағдайдағы ЖІӨ құрамдас бөліктерінің бірін анықтау

44-кесте

Мазмұны	Мөлшері
Экспорт	54,7 млрд долл
Импорт	29,7 млрд долл
Инвестиция	4 885,0 млн долл.
Шығын	30,9 млрд долл
ЖІӨ	159,41 млрд долл

2. Деректерге сүйене отырып, елдегі ЖҰӨ-ны анықта.

Тұтынушы шығыны – 500 теңге. Кәсіпкерлік секторының шығындары 125, экспорт 20, импорт 23 теңгені құрайды. Тауарлар мен қызметтердің мемлекеттік сатып алулары 28-ге тең.

3. Тұтынушыларға арналған үй шаруашылықтары 640 а. б. құрайды.

- Үкіметтің шығындары (ЖҰӨ бойынша) 180 а.б.
- импорт – 54, экспорт – 62 а.б.
- бизнесті кеңейтуге арналған инвестициялық шығындар – 164 а.б.
- амортизация 100 а.б.
- ЖҰӨ-ны анықта.

4. Төмендегі деректердің қайсысы ЖҰӨ-ге қосылатынын анықта:

а) отбасы пәтерді ескі үйде 750 а.бірлікке сатты, жаңа салынған үйден 10 800 а.бірлікке жаңа пәтер сатып алды;

ә) Фермер А. Жақыпбеков қолданылған мәшинені 200 а.бірлікке сатып алды.

б) CAR автомобиль зауытынан 72 500 ақша бірлікке 25 автокөлік сатып алды.

в) Баспа үйі өткен жылы жарияланған кітаптарды жалпы құны 5 000 а.бірлікке және ағымдағы жылы 10 000 а.бірлікке сатты.



112-113

## Көрсеткіштердің бірі бойынша дүниежүзі елдерінің рейтингісі

**Оқу мақсаты:** көрсеткіштердің бірі бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингісін көрсету (таңдауы бойынша)

### СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕК • ЕЛДЕР РЕЙТИНГІСІ

#### 1. Статистикалық деректер

**Елдердің рейтингісі** – аймақ бойынша, табиғи ресурстар, өмір сүру деңгейі, экономика, т.б. тұрғысынан жетекші орын алатын елдер тобы.

Қолданбалы статистикадағы зерттеу нысаны – бақылау немесе эксперимент нәтижесінде алынған статистикалық деректер.

*Статистикалық деректер* – оларды сипаттайтын нысандардың жиынтығы (бақылау, жағдай) мен белгілер (айнымалылар).

Мысалы, зерттеу нысандары – дүниежүзі елдері – олардың географиялық және экономикалық көрсеткіштері:

- құрлық; теңіз деңгейінен биіктігі;
- орташа жылдық температура;
- елдің өмір сүру сапасы тізіміндегі орны, жан басына шаққандағы ЖІӨ үлесі;
- денсаулық сақтау, білім, әскери бағыттағы мемлекеттік шығындар;
- орташа өмір сүру ұзақтығы; жұмыссыздық, сауатсыздық үлесі;
- өмір сүру сапасының индексі, т.б.

**Айнымалы мәндер** – өлшеу нәтижесінде әртүрлі мағына беретін мәндер.

Тәуелсіз айнымалы мәндерді эксперимент кезінде өзгертуге болады, ал тәуелді айнымалы мәндері тек өлшенеді.

Айнымалыларды түрлі шәкілде өлшеуге болады. Шәкілдердің өзара айырмашылығы олардың ақпараттық мазмұнымен анықталады. Ақпараттылықты арттыру тәртібімен ұсынылған шәкілдердің келесі түрлерін қарастырайық: «номиналды», «реттік», «интервал», «қатынас ауқымы», «абсолютті». Шәкілдер рұқсат етілген математикалық іс-әрекеттердің саны бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. «Ең кедей» шәкіл номиналды, себебі бір арифметикалық рәсім де анықталмайды, ал «бай» шәкіл абсолютті.

*Номиналды (жіктеу) шәкіл бойынша бағалау* – белгілі бір топқа нысанның (байқаудың) тиесілігін анықтауды білдіреді. Мысалы, гендерлік, әскери, мамандық, құрлық, т.б. Бұл масштабта тек топтағы нысандар санын ғана санауға болады (жиілік және салыстырмалы жиілікті).


Кейде номиналды және *реттік* айнымалылар санаттық немесе топтық деп аталады, себебі олар оқу нысандарын кіші топтарға бөлуге мүмкіндік береді.

*Интервал* шәкілінде бақылауды дәлдікпен орындай аламыз. Себебі екі өлшем арасы нақты белгілі тіркелген нүктеге ие екендігін білдіреді. Шартты нөл болғанда, еркін санау нүктесі алынады. Мысалы, ауа температурасы, уақыт, теңіз деңгейінен есептелген жергілікті жер биіктігі.

Қатынас ауқымы шәкілінің тіркелген есептеу нүктесі абсолюттік нөл, өлшем масштабы ерікті. Мысалы, ұзындық, салмақ, ағымдағы күш, ақшалай қаражат, қоғамның денсаулық сақтау, білім беру, әскери, өмір сүру ұзақтығы, т.б. Бұл масштабтағы өлшеулер толыққанды сандар, кез келген арифметикалық өлшемін табуға болады.

Статистикалық әдістердің көпшілігі болжамды статистиканың әдістеріне қатысты.

*61-суретте* Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) бойынша халықтың өмір сүру деңгейі тұрғысынан елдердің картасы көрсетілген.



61-сурет. БҰҰ халқының өмір сүру деңгейі

Біріккен Ұлттар Ұйымының ғалымдары жыл сайын мұндай талдамалық жұмыстарды жүргізіп, адам дамуы туралы баяндамада өмір сүру деңгейі бойынша дүниежүзі елдерінің рейтингісін жариялайды. Оны құрастырған кезде, авторлар халықтың кірісінің деңгейінен дүниежүзіндегі гендерлік кемсітушілікке дейінгі ауқымды критерийлер арқылы бағалайды. 2015 жылдың қорытындысы бойынша: Норвегия рейтингіде көшбасшы, ал әлемдік аутсайдер – Африка құрлығының батысында орналасқан Нигер Республикасы.

### Өзіңді тексер

Сатып алу қабілеттілігі паритеті (ЖІӨ-дегі СҚП) бойынша есептелген елдердің тізімі – дүниежүзіндегі елдердің жалпы ішкі өнімнің көлеміне сәйкес, яғни бір жылда елдің экономикасында сатылатын барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің құны (долларлық эквивалентте). Тізімдер Халықаралық Валюта Қоры мен Дүниежүзілік Банк нұсқаларында берілген.

1. Төмендегі деректердің қайсысы ЖІӨ-ге енгізілетінін анықта:

а) Ескі қала аймағынан 750 долларға үйін сатып, жаңа қала аумағынан 10 800 долларға көп қабатты үйден пәтер сатып алды;

ә) А. Т. Дүйсенов ауылшаруашылық жұмысы үшін 700 долларға пайдаланылған трактор сатып алды;

б) фирма автокөлік зауытынан жалпы алғанда 87 000 долларға 30 жеңіл автокөлік сатып алды;

в) баспахана өткен жылы жарияланған жасөспірімдерге арналған кітаптарды жалпы құны 7 000 долларға сатса, ал ағымдағы жылы кітаптарды 14 000 долларға сатты.

2. Төмендегі деректерге негізделген ЖІӨ-ді анықта:

а) Зейнеткер Жанайдаров қосымша жұмыстарға орналасып, өз капиталына айына 15 000 теңге түсірді;

ә) Л. Т. Бектасова басқа облыста жоғарғы оқу орнында оқып жатқан балаларына 50 000 теңге салды;

б) Бизнесмен Әубәкіров 4500000 теңгеге шетелдік компания акцияларын сатып алды;

в) Ж. Ж. Жолтаева 60 мың теңгеге дүкеннен жаңа қамзол сатып алды;

г) «Ars Dent» кәсіпорны 1 000 000 теңге мөлшерінде тіс емдеуге арналған бор шығарды.



## САЛЫСТЫРМАЛЫ ЕЛТАНУ

Дүниежүзі елдерінің рейтингісі мен индекстерінің сипаттамасы. Көрсеткіштердің жиынтығы бойынша анықталған дүниежүзі елдерінің рейтингісін графикалық түрде көрсету

### Оқу мақсаты:

- Жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингілерін сипаттау (есепке/бағалауға алынатын көрсеткіштер, бағалау субъектісі, нәтижелерді қолдану аясы)
- Жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің рейтингісін графикалық түрде көрсету

### ИНДИКАТОРЛАР • ИНДЕКС • БАҚЫТ ИНДЕКСІ • АДАМ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ ИНДЕКСІ

#### 1. Индикаторлар

**Индикатор** – әдетте өзгерістерді түсіндіру үшін қолдануға болмайтын бастапқы деректерден шығарылатын көрсеткіш.

Индикаторлармен қатар индекстер әзірленіп, практикада қолданылады.

**Индекс** – бірнеше басқа индикаторларға немесе деректерге негізделген агрегацияланған немесе өлшенген индикатор.

Индекстерді байланыстың себеп-салдары түсінікті болғанда пайдалану қолайлы.

Әдетте индикаторлар қоршаған табиғи ортаның құбылыстарын немесе жай-күйін сипаттап, әрдайым тікелей қараудан тыс жерде тұрған нәрселерді көрсетеді. Болашаққа қатысты ақпараттың маңыздылығы жоғары. Әзірленген индикаторлардың көптігі осы болашақ туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Мысалы, болашаққа арналған іс-шараны жоспарлау кезінде біз ауа райы болжамына жүгінеміз: барометрге қарап, ауа қысымын білеміз, ол болашақ ауа райы жағдайының индикаторы болып табылады.

Акция бағасының индексі инвесторлар үшін нарықтың болашаққа жалпы тенденциясының индикаторы (мысалы, Нью-Йорк қор биржасының Доу Джонс индексі).

Болашақ индикаторлары көптеген күнделікті шешімдер үшін міндетті, бірақ олар, әрине, кемшіліксіз емес, тіпті егжей-тегжейлі пысықтау кезінде олардың жетілмегендігін аңғаруға болады.

*Индикаторлар неге қажет?*

1) Индикаторлар сандық бағалау мен оңайлату арқылы қабылданылатын шешімді негіздеу үшін пайдаланылады.

2) Индикаторлар өзгерістерді түсіндіруге көмектеседі.

3) Индикаторларды пайдалану табиғатты пайдаланудағы кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

4) Индикаторлар пайдаланушылардың әртүрлі санаттары үшін ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

5) Индикаторлар ғылыми-техникалық ақпарат алмасуды жеңілдетеді.

Шешімдер мен жоспарлауды қолдау құралы бола отырып, индикаторлар да маңызды коммуникативтік функцияны орындай алады. Осылайша, қоршаған орта жай-күйінің индикаторлары қоғамды хабардар етіп, белгілі бір экологиялық қатерлерге назар аударады. Бұл адамдарды билік өкілдеріне немесе жеке компанияларға қажетті шараларды өз бетінше қабылдау немесе көмек көрсетуге жұмылдырады.

Орнықты даму индикаторларын әзірлеу саласындағы дүниежүзілік тәжірибе оларды құрудың екі тәсілі бар екенін көрсетеді:

1) әрқайсысы тұрақты дамудың жекелеген аспектілерін көрсететін индикаторлар жүйесін құру. Жалпы жүйе шеңберінде көрсеткіштердің мынадай кіші жүйелері бөлінеді:

- экологиялық,
- экономикалық,
- әлеуметтік,
- институционалдық.

2) негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың орнықтылық дәрежесі туралы айтуға болатын интегралды, біріктірілген индикаторды құру. Агрегациялау көрсеткіштердің үш тобы негізінде жүзеге асырылады:

- экологиялық-экономикалық,
- экологиялық-әлеуметтік-экономикалық,
- экологиялық.

Тұрақты даму индикаторлары жүйесін қамту бойынша ең толық жүйелердің бірі БҰҰ ТДИ-ы әзірленді. Индикаторлар негізгі топтарға бөлінген:

- тұрақты дамудың әлеуметтік аспектілерінің индикаторлары.
- тұрақты дамудың экономикалық аспектілерінің индикаторлары.
- тұрақты дамудың экологиялық аспектілерінің индикаторлары (судың, құрлықтың, атмосфераның, басқа да табиғи ресурстардың, сондай-ақ қалдықтардың сипаттамасын қоса алғанда).
- тұрақты дамудың институционалдық аспектілерінің индикаторлары (саясатты бағдарламалау және жоспарлау, ғылыми әзірлемелер, халықаралық құқықтық құралдар, ақпараттық қамтамасыз ету, халықтың негізгі топтарының рөлін күшейту).

Жобада ұсынылған индикаторлар арнайы өзгерістерді, нақты жағдайларға бейімдеуді, ал кейбір жағдайларда – жекелеген елдер үшін кеңейтуді талап етеді.

Индикаторлар олардың мақсатты бағыттылығын ескере отырып, үш санатқа бөлінген:

- индикаторлар – тұрақты дамуға әсер ететін адами қызметті, процестер мен сипаттамаларды сипаттайтын қозғаушы күш;
- тұрақты дамудың түрлі аспектілерінің ағымдағы жағдайын сипаттайтын жағдай индикаторлары;
- ағымдағы жағдайды өзгерту үшін әрекет етудің саяси немесе қандайда бір басқа тәсілін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әрекет ету индикаторлары.

## 2. Адам әлеуетінің даму индексі (АӘДИ)

**АӘДИ** – адамның даму деңгейін (халықтың өмір сүру деңгейін) өлшеуге және елді (өңірлерді) жалпыға танылған көрсеткіштердің жиынтығы бойынша салыстыруға мүмкіндік беретін интегралдық көрсеткіш.

АӘДИ үш тең құрамдас бөліктерден тұрады:

- АҚШ долларында сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша жалпы ішкі өнімнің (жалпы өңірлік өнімнің) көрсеткішімен анықталатын кіріс;
- сауаттылық көрсеткіштерімен анықталатын білім (салмағы 2/3) және 7-ден 24 жасқа дейінгі балалар мен жастар арасындағы оқушылардың үлесі (салмағы 1/3);
- туу кезінде алдағы өмір сүру ұзақтығы арқылы анықталатын ұзақ өмір сүру (күтілетін өмір сүру ұзақтығы).

Әрбір жеке индекс үшін ең төменгі және ең жоғарғы мәндер белгіленген:

- туылған кездегі өмір сүру ұзақтығы – 25 және 85 жас; ересек тұрғындардың сауаттылығы – 0% және 100%; балалар мен жастар арасындағы оқушылардың жиынтық үлесі – 0% және 100%;
- жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ (САҚ) 100 және 40 мың АҚШ долл.

Жеке индекстер мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Индекс} = \frac{(X_i - X_{\min})}{(X_{\max} - X_{\min})}$$

Кіріс индексі есептеледі:

$$W(Y) = \frac{(\log y_i - \log y_{\min})}{(\log y_{\max} - \log y_{\min})}$$

Адам әлеуетін дамытудың қорытынды индексі үш компоненттің орташа геометриялық мәні ретінде есептеледі: ұзақ өмір сүру индексі, білім индексі (2/3 салмағы бар сауаттылық индексінен және 1/3 салмағы бар оқумен қамту индексінен тұратын) табыс индексі.

Алғашқы ондық елдер бойынша (АӘДИ 2017 ж.).

1. Норвегия 0,955 (1) 2. Аустралия (1) 3. АҚШ доллары (1)  
4. Нидерланд (1) 5. Германия (4) 6. Жаңа Зеландия (1) 7. Ирландия (1)  
8. Швеция (2) 9. Швейцария (2) 10. Жапония (2).

Соңғы 10 елдің АӘДИ рейтингісін 176, Гвинея-Бисау (3), Сьерра-Леоне (7), Бурунди Гвинея (1), ОАР (4), Эритрея (7), Мали (2), Буркина Фасо (1), Чад (1), Мозамбик (1), ДР Конго Нигер 0.304.

Ресей және көршілер 50 (15), Беларусь (3), Уругвай (1), Черногория (3), Палау (8), Кувейт (11), Ресей (6), Румыния (4), Болгария (1), Сауд Арабиясы (8), Куба (1), Панама 0.780.

(1) Қырғызстан (2) Тәжікстан (1) Вьетнам (8) Намибия, Никарагуа, Марокко (1) Ирак 0.590.

Жер бетіндегі халық саны үнемі өзгеріп отырады: елдердің пайда болуы, жоғалуы немесе бірігуі мүмкін. Кейбір аумақта азаматтарды нақты санау тіпті мүмкін емес. Бұл олардың өсуі мен халықтың көші-қонымен байланысты. Осы уақытқа дейін Жер шарында жаңа бақыланбайтын аумақтардың пайда болуы мен жоғалуы сияқты құбылыс байқалады. Мысалы, Бразилияда тіркелмеген азаматтардың тұтас қоныстары бар. Бутан туралы да осыны айтуға болады.

Халықтың тығыздығы – маңызды көрсеткіш. Дүниежүзінің әрбір елі халқының тығыздығын есептеу – адам тұрмайтын аумақтарды, сондай-ақ су кеңістіктерін алып тастау арқылы жүргізіледі. Халықтың жалпы тығыздығынан басқа, оның жекелеген көрсеткіштері ауыл тұрғындары үшін де, қала тұрғындары үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Адамдардың орналасу көрсеткішінің басты өлшемі – халықтың тығыздығы. Бұл көрсеткіш өзгеруі мүмкін, жергілікті жердің орналасуына тікелей тәуелді. Кейбір аумақта оның мәні шаршы километрге 2 мың адамға, ал басқаларында шаршы километрге 1 адамға тең болуы мүмкін.

Халықтың тығыздығы ең төмен елдер: Аустралия, Намибия, Ливия, Моңғолия, Гренландия.

Бұдан басқа, жер шарында өмір сүруге жарамсыз аумақ санатына жататын жерлер бар. Әдетте олар жердегі төтенше жағдайларға байланысты. Мұндай жерлерге бүкіл құрлықтың шамамен 15%-ы келеді.

Қазақстанға келетін болсақ, жер аумағы айтарлықтай үлкен екеніне қарамастан, ол төмен қоныстанған мемлекеттер санатына жатады. Қазақстан бойынша халық тығыздығының орташа көрсеткіші 1 шаршы шақырымға 5,5 адамға тең.

Дүниежүзі үнемі өзгерістер үстінде, бала туудың төмендеуі, өлім-жітім көбеюі байқалады. Мұндай жағдай халықтың тығыздығы мен саны жақын арада шамамен бір деңгейде сақталатынын көрсетеді.

Мәселені егжей-тегжейлі түсіну үшін халық бойынша дүниежүзінің ең кішкентай елдеріне қатысты статистиканы зерделеу орынды. Бұл жағдайда құрамына қауымдасқан елдер енгізілген бірнеше тәуелсіз мемлекеттердің градациясын қарастыру жеткілікті. Елдердегі азайған адамдар саны келесідей:

- 49 мың 898 халқы бар Сент-Китс және Невис;
- Лихтенштейн, 35 мың 870 адам халқы бар;
- Сан-Марино, ел азаматтарының саны 35 мың 75 адамды құрайды;
- Палау – Америка Құрама Штаттарының қауымдастығында орналасқан мемлекет, адам саны 20 мың 842 адам;
- 19 мың 569 халқы бар Кук аралдары;
- Мальта ордені, құрамында 19 мың 569 адам бар;
- 10 мың 544 халқы бар Тувалу;
- Науру – ел халқы 9 мың 322 адамды құрайды;
- Ниуэ – 1 мың 398 халқы бар арал.

Халық саны бойынша ең кішкентай мемлекет Ватикан деп саналады. Қазіргі уақытта елде барлығы 836 адам тұрады.



### Өзіңді тексер

1. Дүниежүзілік банк ұсынған деректер бойынша Қазақстан, Ресей, АҚШ, Үндістан, Боливия, Қытай, Бразилия үшін әртүрлі әдістермен есептелген адам әлеуетінің даму индексындағы айырмашылықты анықта. Алынған нәтижелерді түсіндір.

2. Дүниежүзінің бай және кедей аймақтарының орналасуына баға бер.

3. ЖҰТ-та ауылшаруашылығының ең жоғары үлесі бар елдер қай аймақтарда орналасқан, қандай аймақтарда – ең төмен үлесі бар елдер орналасқан? Неліктен?

ЖҰТ-тағы ауылшаруашылық үлесі мен ЖҰТ-ты жан басына бөлу арасы тәуелділік бар ма?



116-117

## Зерттеудің түрлі әдістерін қолдану

**Оқу мақсаты:**

- Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстырмалы әдістерді қолдану
- Зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолдану
- Зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану

**МАТРИЦА****САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС**

**Матрица** – үлгі, қалып, ел зерттеу құралы дегенді білдіреді. Матрица дүниежүзі елдерінің өндіруші және өңдеуші өнеркәсібінің шаруашылық қызметінің табиғи ресурстарын бағалауға мүмкіндік береді.

**Сабақтың мақсаты:**

- 1) шаруашылық қызметтің, тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінің табиғи ресурстарын бағалаудың матрицалық әдісімен танысу;
- 2) табиғи ресурстардың бар болуы, тау-кен өнеркәсібі, өңдеу және өнеркәсіп, дүниежүзі елдерінің шаруашылық қызметіне баға беру үшін әртүрлі матрицалық типтер салу;
- 3) орындалатын жұмыстарды қорғау.

**Құрал-жабдық:** жазбалар, қалам, қарындаш, географиялық атластар үшін жұмыс кітабы, тақырып бойынша қосымша әдебиеттер, интернет.

**Тапсырмалар:**

1. Табиғи ресурстардың негізгі түрлерін анықта. Тау-кен және өңдеу өнеркәсібінің қызметі, экономикалық қызметтің ел экономикасына әсері.
2. Экономикалық қызметтегі экономиканың өсуін анықтау үшін әртүрлі матрицалық типтерді құрастыр. Матрицаны пайдалану – елдер экономикаларының өсуін немесе әлсіреуін бағалау әдістерінің бірі.
3. Ұсынылған шаруашылық қызметіне қоршаған ортаға әсер ету бағасын (ҚОӘБ) жүргізу туралы матрицаның барлық түріне қорытынды жаса. Түсіндірмелері бар матрицалардағы экономикалық әрекеттердің ең жақсы нұсқасын анықта.

**Негізгі материал:**

1. Табиғи ресурстарды бағалаудың матрицалық әдісін қолдана отырып, тау-кен өнеркәсібі мен өңдеу өнеркәсібінің тізімін жасау.
2. Экономиканың өзгеруіне әсер ететін шаруашылық қызметтің нысандары.
3. Табиғи ресурстарды, экономикаға әсер ететін шаруашылық нысандарының себеп-салдарын анықтайтын матрицалар.

45-кесте

**Табиғат компоненттеріне әсер ету түрлері мен компоненттердегі өзгерістер (1-матрица)**

Шаруашылық түрлері			
Табиғат ресурстары	Өлшеу (резервтер, өндіру және өңдеу)		
	Кен орындары, орналасуы	Өндіру	Өңдеу
Отын және энергия			
Минералды			
Топырақ			
Орман			
Климаттық			
Гидроресурстық			
Флора мен фауна			

46-кесте

**Экономикалық өзгерістерге әсер ететін өңдеу өнеркәсібі нысандары (2-матрица)**

Табиғат ресурстары	Интенсивті шаруашылық әрекетін жүргізу			
	Өлшемдері (қоры)		Дамыған елдер	Дамушы елдер
	Өндіру	Өңдеу		
Отын және энергия				
Минерал				
Топырақ				
Орман				

46-кесте жалғасы

Климаттық				
Гидроресурстық				
Флора мен фауна				

47-кесте

### Табиғи ресурстарды қарқынды пайдаланатын қызмет түрлері (3-матрица)

Шаруашылық салалары					
Табиғат ресурстары	Металлургия	Құрылыс	Азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп	Химия өнеркәсібі	Ауыл-шаруашылық
Отын және энергия					
Минерал					
Топырақ					
Орман					
Климаттық					
Гидроресурстық					
Флора мен фауна					

Матрицалық әдіс елдердің экономикалық өсуінің барлық компоненттерін қамтиды: ЖІӨ, өмір сүру деңгейі, тұтыну қоржынының деңгейі.

Сонымен бірге іс-қимыл шәкілі, сандық, статистикалық көрсеткіштердің өзгеруі, осы мемлекеттердің болжамдары зерттеледі.

*Жұмыс нұсқаулары:*

1. 1-матрицаны толтыру үшін өлшеуде (миллион тонна, га, т.б.) жетекші елдердің ондығына арналған табиғи ресурстардың айтарлықтай қорларын көрсету қажет.

Мысалы, көмірдің, мұнайдың ірі кен орындары.

2. Экономикалық қызмет түрлерімен айналысатын елдер көшбасшылары мысалында 2-және 3-матрицаларда жетекші көшбасшылардың үштігін ескеру қажет.




### Өзіңді тексер

1. Табиғат ресурстарына анықтама бер.
2. Табиғат ресурстарын бағалаудың мақсаттары қандай?
3. Табиғат ресурстарының көлемі қандай?
4. 2030 жылға табиғат ресурстарын болжау мәселесі бойынша зерттеу әдістерін анықта.
5. Табиғат ресурстары сарқылған жағдайда, адамзат қалай өмір сүреді?



62-суретті зертте. 2019 жылы шикі мұнай экспортының негізгі бағыттарының болжамын талда. Аймаққа сәйкес бағаларды салыстыр. Әр аймақтың жағдайын түсіндір. Қорытынды жаса.



62-сурет. 2019 жылы шикі мұнай экспортының негізгі бағыттарын болжау

118-119

## Зерттеудің сандық әдістері. Елтану

**Оқу мақсаты:**

- Зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолдану
- Зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану

**ЕЛДЕР ИНТЕГРАЦИЯСЫ • ШЫҰ ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕР****САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС**

Елдердің экономикалық бірлестігі – өңірлік экономикалық блоктарды қалыптастыру, дүниежүзілік экономиканы аймақтандыру. Елдерді географиялық көршілік, экономикалық, мәдени, діни және этностық ұқсастық ретінде ажырату қажет. Сол деңгейде әлеуметтік-экономикалық даму, халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, ЖІӨ өсу қарқыны, инфляция, жұмыссыздық, тең дәрежеде бірлескен жобаларға мүмкіндік бермейтін кедейлер мен байлардың одағы мүмкін емес.

Дүниежүзі елдерінің интеграциясы – бір аймақ бойынша аумақтық болып табылатын елдерді қамтитын экономикалық белсенділіктің ең жоғары интернационализациясы.

Қазіргі интеграция – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Еуропалық Одақ, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы (ASEAN), Азия-Тынық мұхиты ынтымақтастығы (АТҮ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), т.б.

ШЫҰ-ны 1996 жылғы 26 сәуірде Шанхайда (Қытай) ортақ шегарасы бар бес ел – Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Тәжікстан және Ресей ұйымдастырды. Бұл елдердің жалпы аумағы Еуразияның 3/5 бөлігін құрайды, халқы – дүниежүзі халқының 1/4 бөлігі.

2001 жылғы 15 шілдеде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшыларының саммиті болып өтті.

2017 жылғы 9 шілдеде Үндістан мен Пәкістан ШЫҰ-ның толыққанды мүшесі болды. Ұйымның ұраны: «Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтас-тық». Саммиттің басты оқиғасы – шегаралас аумақта қарулы күштерді өзара қысқарту, терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес бойынша әскери салаға деген сенімді нығайту туралы келісім.

ШЫҰ-ға қатысушы елдер: Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, ҚХР, Пәкістан, Ресей, Өзбекстан және Тәжікстан.

Бақылаушы елдер: Ауғанстан, Беларусь, Иран, Моңғолия.

Шанхай ұйымына бақылаушы мемлекет ретінде қатысатын елдер: Бангладеш, Сирия, Египет, Израиль, Мальдив, Украина, Ирак, Вьетнам, Бахрейн, Катар.

Диалог серіктестері: Армения, Әзербайжан, Камбоджа, Непал, Түркия және Шри-Ланка.

ШЫҰ мемлекет басшыларының саммитіне шақырылған елдер: Түркіменстан, ТМД, АСЕАН, БҰҰ.



### Өзіңді тексер

1. Оқулықты және қосымша деректерді пайдаланып, 48-кестені толтыр.

48-кесте


Елдердің интеграциясы	Құрылған жылы	Мүше мемлекеттер	Мамандырылуы
АСЕАН			
РВХ			
ЕО			
НАФТА			
ОПЕК			
ТМД			
ШЫҰ			

2. 49-кесте бойынша дүниежүзіндегі ірі корпорацияларды шығаратын өнімдерімен сәйкестендір:

49-кесте

1	Тойота	A	Электроника
2	Нестле	B	Энергетика өнеркәсібі
3	Байер	C	Автомобиль шығару
4	Экссон	D	Кондитерлік өнімдер
5	Роял Датч (Шелл Форд)	F	Фармацевтика
6	АББ	E	Ақпараттық қамтамасыз ету
7	ИБМ	H	Мұнайгаз өнімдері


3. 63-суретті қара. Карталардағы елдердің негізгі интеграциясын тауып, ата.



63-сурет. Дүниежүзілік интеграция


#### 4. 2018 жылы ТМД елдерінің экспорт және импортының тауар құрылымын сипатта.

##### ЭКСПОРТ



азық-түлік және ауылшаруашылық шикізаттары	19,2
отын-энергетикалық тауарлар	4,4
химиялық өнімдер	61,4
орман материалдары	1,4
металдар және одан жасалған бұйымдар	3,9
мәшинелер және құрал-жабдықтар	72,9
басқа тауарлар	1,8

##### ИМПОРТ



азық-түлік және ауылшаруашылық шикізаттары	35,1
отын-энергетикалық тауарлар	1,2
химиялық өнімдер	6,9
орман материалдары	5,3
металдар және одан жасалған бұйымдар	24,4
мәшинелер және құрал-жабдықтар	14
басқа тауарлар	8

7-диаграмма. ТМД елдерінің экспорты мен импорты (2018 ж.)



## ЗАМАНАУИ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

120-121

### Картографиялық зерттеу әдістерін қолдану

#### Оқу мақсаты:

- Зерттеу тақырыбына сәйкес картографиялық әдістерді қолдану
- Тақырып бойынша Microsoft Excel бағдарламасын қолдана отырып географиялық деректер базасын құру

### MICROSOFT EXCEL БАҒДАРЛАМАСЫ

**Microsoft Excel бағдарламасын** Microsoft корпорациясы жасап шығарған. Электрондық кестелермен жұмыс жасауға арналған. Экономикалық-статистикалық есеп жасау, графикалық құралдармен жұмыс істеу мүмкіндіктерін ұсынады.

**Картография** – табиғат пен қоғам құбылыстарының үйлесуі мен өзара байланысуын, олардың кеңістіктегі орналасуы мен уақыт бойынша өзгеруін картографиялық кескіндеудің (бейнелеудің) көмегімен зерттейтін ғылым.

Географиялық картография мен картографиялық әдіс барлық география ғылымдарының дамуында ең басты рөл атқарады. Карта мен картографиялық әдістердің әмбебаптығы – картографиялық шығармалардағы географиялық мәліметтердің өте көп болуы. И.П. Герасимов картография мен кешенді елтанудың теориялық, практикалық мәдени мүмкіндігін жоғары бағалаған болатын.

Картограмма тәсілімен белгілі бір аумақ үшін орта болып келетін құбылыстың салыстырмалы көлемін бейнелейді. Картодиаграмма сияқты картограмма – әрі карта салыстыру тәсілі, әрі картаның өзі. Картограммамен басым әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды бейнелейді: тұрғындардың тығыздығын, барлық тұрғындар санына қатысты бір белгісі бойынша ажыратылған тұрғындардың үлесін (жас, жастық-жыныстық, кәсіптік бойынша); ажыратылған ауданның толық аумағына қатысты белгілі бір түрінде жерді пайдалануына қатынасы (орманның, егістік жердің, шабындықтың т.с.с.). Картограммада барлық егістік жерден белгілі бір дақылға ажыратылған жер үлесін көрсетеді. Картограммада құбылыстың көлемін бояумен және штрих сызықтармен көрсетеді. Ажыратылған ауданда құбылыстың көрсеткіші жоғары болған сайын бояу немесе штрих

сызығы тығыздау болады. Картограмма жасауда, ажыратылған ауданда құбылыстың көлемін сипаттайтын сандар қатары сатылы шәкілде өсетін немесе азаятын түрінде орналастырылады.

Диаграмманы оқу рәсімі оның мәнмәтіндігі туралы жалпы түсінік алудан басталады. Әдетте жүйе туралы көріністі жоғары деңгейде жаңғырту үшін бастапқы диаграмма қолданылады. Бастапқы диаграмманы жылдам оқу аз уақыт алады және тәжірибе көрсеткендей, бұл оқу одан әрі не істеу керектігі туралы алдын ала білуге көмектеседі. Сондықтан біз әрқашан диаграмманы мұқият зерттеу алдында салалық диаграмманы түсіну үшін, бастапқы диаграмманы оқып аламыз. Диаграмманы оқып, дәстүрлі емес бөлшегін дайындап, тапсырманы орындау функциясына ерекше назар аудара отырып, тапсырманы орындау керек.



## САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС

### Картограммалар мен диаграммалардың мазмұнын талдау



#### Тапсырманың мақсаты:

Картограммалар мен диаграммалардың мазмұнын оқып-үйрену; легенда құру қағидаларымен танысу.

**Тапсырманы орындау:** әлеуметтік-экономикалық мазмұндағы картограммалар мен диаграммалардың легендасын оқып білу; легенда арқылы картограммалар мен диаграммалардың мазмұнын оқып білу; картограммалар мен диаграммалардың аннотациялық сипаттамасын құрастыру.

*Тапсырманы орындауға нұсқау:*


Жұмыс нәтижелерін картограммалардың қысқаша аннотациялық сипаттамасы және оның легенда құру диаграммалары түрінде ұсыну. Аннотация мәтіні логикалық толық, әдеби тілде жазылған болуы керек:

1. Бірінші кезеңде осы диаграмманың бөлшектерін түсіну қажет.
2. Екінші кезең – диаграмманың мәнмәтініне назар аудару.
3. Үшінші кезеңде үлгідегі диаграмма орнын нақтылау керек.
4. Төртінші кезең авторлық баяндаудан тұрады.

 **Өзіңді тексер**

1. Қазіргі қоғам үшін картографияның мәні қандай?
2. Картографияның дамуының негізгі кезеңдерін ата.
3. Ақпараттық-ізвестіру елтану алдына қандай міндеттер қояды?
4. Еуропаның қандай елдерінде халықтың тығыздығы жоғары екенін анықта.

Еуропа халқының тығыздығын осы елдердің экономикасымен қалай байланыстыруға болады?



64-сурет. Еуропа халқының тығыздығы

5. 65-суреттегі картаны зерттеп, қандай елдерде сауаттылық деңгейі төмен екенін анықта. Сауаттылық деңгейіне Еуропаның экономикалық әлеуеті қалай әсер ететінін түсіндір.




65-сурет. Еуропа халқының сауаттылық деңгейі



6. 66-суретті зерттеп, сұраққа жауап бер.

- 1) Қандай елдер халықтың өсуіне бейім?
- 2) Экономикалық дамыған еуропалық елдерде халықтың өсуі немен байланысты?



66-сурет. Еуропа халқы өсуінің төмендеу үлесі

7. 50-кестені пайдаланып, Еуропа елдері халқының тығыздығы бойынша бағанды диаграмма жаса.

Халықтың тығыздығы қандай көрсеткіштермен байланысты екенін түсіндір.

50-кесте

### Еуропа елдері халқының тығыздығы

№	Елдер, аумақ	Тығыздық (адам/км <sup>2</sup> )
1	Нидерланд	406,37
2	Бельгия	342,49
3	Ұлыбритания	260,37
4	Германия	226,87
5	Италия	204,76
6	Люксембург	201,34
7	Швейцария	195,24
8	Чехия	134,75
9	Дания	129,23
10	Польша	122,64
11	Франция	121,13
12	Португалия	117,04
13	Словакия	111,45
14	Венгрия	106,62
15	Молдова	105,88
16	Албания	105,06
17	Сербия	102,64
18	Словения	98,17
19	Аустрия	98,06
20	Испания	94,57
21	Румыния	91,49
22	Македония	82,57
23	Грекия	81,67
24	Хорватия	79,07
25	Украина	76,71

Ескерту: ауданы 1000 км<sup>2</sup>, одан да жоғары елдер мен аумақ CIA деректері бойынша берілді (2018 ж.)

## 7 БӨЛІМ. АДАМЗАТТЫҢ ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 7.1 ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

122-123

Жаһандық мәселелердің географиялық аспектілері

**Оқу мақсаты:**

- *Адамзаттың дамуындағы мәселелерін топтастыру*
- *Жаһандық мәселелердің критерийлерін анықтау*

### ЗАМАНАУИ ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

#### 1. Адамзат дамуының мәселелерін топтастыру

*Заманауи жаһандық мәселелер* – адамзаттың әлеуметтік прогресі мен өркениетті сақтауға байланысты әлеуметтік-табиғи мәселелердің жиынтығы. Жаһандық мәселелер – бұл: біріншіден, барлық елдердің, халықтардың, әлеуметтік топтардың мүдделері мен тағдырын қозғайтын барлық адамзатқа қатысты мәселелер; екіншіден, айтарлықтай экономикалық және әлеуметтік шығындарға әкеледі, олар шиеленіскен жағдайда адам өркениетінің өзіне қауіп төндіруі мүмкін; үшіншіден, жалпы ғаламшарлық ауқымдағы ынтымақтастық кезінде ғана шешілуі мүмкін.

Адамзаттың басым мәселелері (51-кесте):

51-кесте

Жаһандық мәселелер	бейбітшілік пен қарусыздану мәселесі
	экологиялық
	демографиялық
	энергетикалық
	шикізат
	азық-түлік
	дүниежүзілік мұхит ресурстарын пайдалану
	ғарышты бейбіт игеру

**Бейбітшілік және қарусыздану мәселесі.** Әлемнің нығаюы мәселесі бүкіл жүйеде қазіргі заманғы жаһандық мәселелерді айқындаушы деп санауға барлық негіз бар.



67-сурет. Дүниежүзі және қарусыздану мәселесі

XVII ғасырда тек Еуропа аумағында ғана 3,3 млн адам, XVIII ғасырда – 5,4 млн, 1801-1914 жылдары – 5,7 млн адам қаза тапты. Бірінші дүниежүзілік соғыста 20 млн астам адам, ал екінші дүниежүзілік соғыста 70 млн адам қаза тапты (бұл жанама шығындарды санамағанда). Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дүниежүзінде ғаламшардың әртүрлі аймақтарында 300-ден астам әскери қақтығыстар

байқалды, ал Кубаға қатысты КСРО мен АҚШ арасындағы және Үндістан мен Пәкістан арасындағы қақтығыстар ядролық қақтығыстарға соқтыра жаздады. (67-сурет)

БҰҰ қару-жарақты қысқарту мәселесін шешуге үлкен үлес қосады, оның қарарымен мына қаруларды қолдануға тыйым салынады:

- химиялық;
- бактериологиялық;
- ядролық;
- адам ағзасына аса қауіп төндіретін оқ түрі.

Минаға тыйым салу бойынша халықаралық жұмыс жүргізілуде.

Бірақ қарусыздану мәселесі әлі де өзекті екені түсінікті. Қару-жарақ шығындары әлі де үлкен.

**Дүниежүзінің экологиялық мәселесі.** Қазіргі заманғы техногенді өркениет, тұрмыстық жайлылық деңгейінің ұлғаюымен қатар дүниежүзінде экологиялық жағдайдың қарқынды нашарлауына алып келді. Уақыт өте келе, бүлінген экология өркениетті апатты салдарға әкелуі мүмкін.

**Орман жамылғысын жою.** Ғаламшарда ормандар жаппай жойылу-да. Біріншіден, өндірісте сүректі пайдалану үшін кесуден; екіншіден, өсімдіктердің қалыпты тіршілік ету ортасын жоюынан. Ағаштар мен басқа да орман өсімдіктері үшін басты қауіп – электрстансыларынан күкірт қос тотығының шығарылуына байланысты түсетін қышқыл жаңбыр. Бұл шығарындылар тікелей шығу орнынан алыс қашықтыққа көшуге қабілетті. Тек соңғы 20 жылда жер сілкіністері салдарынан

200 млн га құнды орман алқабы жоғалды. Ғаламшардың өкпесі болып саналатын тропиктік ормандардың сарқылуы ерекше қауіп тудырады.

**Дүниежүзінің демографиялық мәселесі.** «Демографиялық даму» ұғымына халық санының артуы ғана емес, урбандалу, босқындар мәселесі, ұлттар арасындағы қарым-қатынас тәрізді сан-салалы мәселелер енеді. Сондықтан ғаламдық демографиялық мәселелер – демография, экономика мен саясаттың өзара күрделі байланысы. Жер үшін ең үлкен мәселе – тез өсіп келе жатқан халық саны. Қазіргі таңда Африка, Азия, Оңтүстік Америка елдерінде «демографиялық жарылыс» – халық санының күрт өсуі орын алуда. Адамзат тарихы мен эволюциясының ерекше түрткіжайттарымен қатар халық санының шектен тыс артуын жұқпалы індеттер мен аштықтан болатын өлім санының кемуімен түсіндіруге болады. Абсолюттік саны бойынша ең үлкен өсімді ірі азиялық елдер – Қытай, Үндістан, Индонезия берсе, ең жоғары өсу жылдамдығы Африка мен Латын Америкасында байқалады.

Бірқатар дамыған елдерде халықтың ұдайы өсуінің бұзылуы, оның тез қартаюуы, санының азаюы демографиялық дағдарыспен сипатталады. Демографиялық дағдарысты *халық санының азаюы (депопуляция)* деп атайды.

*Экологиялық демография* – демографияның жаңа бағыты, ол демографиялық процестердің адамның мекен ету ортасына байланысын зерттейді. Халық санының тұрақтануы «*демографиялық өтпелі даму кезеңі*» деп аталады.

**Дүниежүзінің энергетикалық мәселесі.** Бұл – ең алдымен адамзатты отын және шикізатпен сенімді қамтамасыз ету міндеті. Ресурстардың шектеулілігі, олардың сарқылуы адамзатты шикізат пен энергияны қатаң үнемдеуге, жаңа, ресурс үнемдеуші технологияларды пайдалану қажеттілігіне үндейді.

**Адамзаттың азық-түлік мәселесі.** Азық-түлік мәселесі – дүниежүзілік қауымдастықтың мақсаты – қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде жер шары халқын тамақ өнімдерімен тұрақты қамтамасыз ету. Азық-түлік – адам өмірінің ең қажетті, баламасыз бөлігі. Азық-түлік бағдарламасы шиеленіскен жағдайда адамның тіршілігі мен оның денсаулығына, сонымен бірге шаруашылық механизмінің бірқалыпты жұмыс істеуіне зор қауіп төндіреді. Жер шарындағы көптеген халықтың, әсіресе дамушы елдердегі аштық пен толыққанды тамақтанбау қазір жаһандық мәселеге айналуда.

Азық-түлік мәселесінің шешімі қоректену өнімдері өндірісінің ұлғаюымен ғана емес, сонымен бірге азық-түлік ресурстарын ұтымды



пайдалану стратегияларын әзірлеумен байланысты. Олардың негізінде адамның тамақтанудағы қажеттілігінің сапалық және сандық аспектілері. Азық-түлік мәселесі Азия, Африка, Латын Америкасында ерекше байқалады.

Адамзат қоғамы үшін азық-түлік мәселесі оның өмір сүруінің негізі ретінде өзінің өзектілігін әрдайым сақтайды. Сондықтан, адам еңбегінің алғашқы нысаны ретінде танылған ауылшаруашылық, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыздандыруда өз басымдықтарын арттыра түсетіні сөзсіз.

**Дүниежүзілік мұхит ресурстарын пайдалану мәселесі.** Олар өндіргіш күштердің теңіз жағалауына жылжуы салдарынан пайда болды, сол арқылы дүниежүзілік мұхиттың көптеген аудандарына жүктемені ұлғайтады. Қарқынды шаруашылық қызметі мұхиттың ластануына, оның биологиялық өнімділігінің азаюына алып келді.

Әрине, жаһандық мәселелер жоғарыда аталғандармен шектелмейді. Жаһандық мәселелерге кейде мәдениет дағдарысы, қауіпті аурулардың таралуы, т.б. жатады. Қазіргі уақытта олардың шешімі ғылыми саясатқа ғана емес, сонымен қатар өткір идеологиялық күрес тақырыбына айналды. Ғалымдар адамзат дамуының көптеген жаһандық болжамдарын әзірледі, оларда екі қағидалы көзқарас айқын байқалады: оптимистік және пессимистік.

**Ғарышты бейбіт игеру мәселесі.** Ғарыш – адамзаттың ортақ игілігі, жаһандық орта. Енді ғарыш бағдарламалары айтарлықтай күрделенген кезде, олардың орындалуы көптеген елдер мен халықтардың техникалық, экономикалық, зияткерлік күш-жігерін шоғырландыруды талап етеді. Сондықтан ғарышты игеру – маңызды халықаралық жаһандық мәселелердің бірі. Ғарышты бейбіт игеру әскери бағдарламалардан бас тартуды көздеп, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктеріне негізделеді. Болашақ ғарыштық индустрия, ғарыштық технологиялар, ғарыштық энергияны қолдану барған сайын арта түсуде.

**Дамушы елдердің артта қалуын еңсеру.** Саяси тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін көптеген мемлекеттер экономикалық және әлеуметтік дамуда елеулі табыстарға қол жеткізді. Бірақ оларда отарлық режимнің мұрасы экономикалық артта қалуында әлі сезіледі. Дамушы елдердің артта қалушылығын еңсерудің басты жолы – олардың өмірінің барлық салаларында түбегейлі өзгерістер жүргізу. Егер бұл мәселе шешілмесе, онда дамушы елдердегі сақталып отырған жағдай дүниежүзілік ауқымдағы әлеуметтік-экономикалық күйзеліске ұшырап, басқа да жаһандық мәселелердің шиеленісуіне әкеп соғады.




### Өзіңді тексер

1. «Дүниежүзінің жаһандық мәселелерінің жіктелуі қандай қағидалар бойынша айқындалады?» деген сұрақ бойынша өз пікіріңді білдір.
2. Бейбітшілік пен қарусыздану мәселелерінің маңыздылығы неде?
3. Латын Америкасы елдері демографиясының келешегін бағала.



### Картамен жұмыс

1. 68-суретті пайдаланып, 52-кестені толтыр.



68-сурет

52-кесте

### Ғаламшардың орман жамылғысы

Елдің атауы (өңір)	Орман жамылғысының қысқаруын анықтайтын түрткіжайттар	Саланы халықаралық мамандандыру	Орман жамылғысының қысқаруын шешу жолдары



### Менің көзқарасым

Афоризмдерді оқып, мағынасын түсіндір:

«Табиғатты тек оның заңдарына сүйенген жеңеді» (Фрэнсис Бэкон).

«Табиғат өзін-өзі қорғайды» (Марк Цицерон).

«Дамымаған елдерде су ішу, дамыған елдерде – ауамен тыныс алу қауіпті» (Джонатан Рейбан).

«Табиғат қателеспейді және қателерді кешірмейді» (Р. Эмерсон).

## ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

124-125

Жаһандық мәселелердің себептері мен салдары

**Оқу мақсаты:** жаһандық мәселелердің себептері мен салдарын анықтап, топтастыру

### ЗАМАНАУИ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

#### 1. Жаһандық мәселелердің себептері мен салдары

Жаһандық мәселелердің пайда болуы, олардың салдарлары, қауіптілігінің артуы, оларды болжау мен шешу тәсілінде ғылым алдына жаңа міндеттер қояды.

*Жаһандық мәселелер:*

- дүниежүзілік термоядролық соғысты болдырмау, барлық халықтардың әлеуметтік дамуы үшін бейбіт жағдайды қамтамасыз ететін зорлық-зомбылыққа қарсы әлем құру;
- елдер арасындағы экономикалық, мәдени даму деңгейінде өсіп келе жатқан алшақтықты еңсеру, дүниежүзінде экономикалық артта қалуды жою;
- биосфераға адамның әсерінен туындайтын экологиялық дағдарысты еңсеру.

**Жаһандық мәселелер** – бұл жалпығаламшарлық өркениет, дүниежүзілік-тарихи процестер мен құбылыстарды зерттеу.

Жаһандық мәселелер, бір жағынан, табиғи, екінші жағынан әлеуметтік сипатқа ие. Осыған байланысты оларды табиғатқа теріс әсер еткен адам қызметінің қорытындысы ретінде қарастыруға болады.


Жаһандық мәселелер туындауының екінші нұсқасы – дүниежүзілік қауымдастық мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастардың барлық кешенін қозғайтын адамдар арасындағы қарым-қатынастағы дағдарыс.

Жаһандық мәселелер тән белгілері бойынша топтарға біріктіріледі. Жіктеу олардың өзектілік дәрежесін, теориялық талдаудың жүйелілігін, әдістемелер мен шешімнің жүйелілігін анықтауға мүмкіндік береді. Оның негізінде мәселенің өткірлігі мен оны шешудің жүйелілігін анықтау міндеті тұр. Осыған байланысты үш жаһандық мәселені атап өтуге болады:

- ғаламшардағы мемлекеттер мен аймақтар арасында жанжалдарға жол бермеу, экономикалық тәртіпті орнату;
- экологиялық (қоршаған ортаны қорғау, отын шикізат ресурстарын қорғау және бөлу, ғарыш пен дүниежүзілік мұхитты игеру);
- қоғам мен адам арасындағы мәселе (демография, денсаулық сақтау, білім беру, т.б.).

Заманауи жаңандық мәселелер адамзаттың техникалық құдіреті қоғамдық ұйымның қол жеткізген деңгейінен асып түскен кезде, саяси ойлау саяси болмыстан артта қалған, ал адамдардың басым көпшілігі қызметінің ынталандыру мотивтері мен олардың адамгершілік құндылықтары дәуірдің әлеуметтік, экологиялық және демографиялық императивтерінен өте алыс жағдайда туындаған.


Экологиялық мәселенің себептерінің бірі – қоғамдық өндірістің тиімсіздігі, табиғатты жыртықшытықпен пайдалану, қоршаған ортаның ластануы. Экологиялық қарама-қайшылық дүниежүзінің көптеген елдеріне тікелей немесе жанама әсер етеді. Табиғатқа ойсыз, тиімсіз қарым-қатынас күтпеген салдарларға әкелуі мүмкін (69-сурет).



69-сурет. 2018 жылғы мұнай өндіру үлесі (%)

Экологиялық мәселенің басты құрамдас компоненттері – ресурстар (шикізат, энергетикалық) және табиғат қорғау қызметінің стратегиясы. Ресурстарға тек шикізат пен энергия ресурстары ғана емес, сонымен қатар онсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес ресурстар да жатады. Маңызды мәселе – ауызсу, ол барлық судың тек 2,5-3%-ын құрайды. Жер бетінде тұщы су азайып келеді. Көптеген өзен, көлдер мен теңіздер әртүрлі қалдықтарды төгу орындарына айналады. Көптеген қалаларда ауызсудағы зиянды заттардың шоғырлануы рұқсат етілген нормадан ондаған, жүздеген есе асып кеткен.

Атмосфераның тазалығы мен оттегінің құрамы – маңызды мәселе. Мұхит суының фитопланктоны атмосфераның 50% оттегін өндіреді, басқа 50%-ын орман өндіреді. Соңғы 30 жылда ормандардың 30%-ы жойылды. Егер алдағы уақытта да олар осындай қарқынмен шабылса, онда бірнеше онжылдықтан кейін толығымен жоғалып, бұл бүкіл ғаламшардың климатына әсер етеді.



70-сурет. Ауаның ластануынан туындаған өлім көрсеткіші

Табиғат қорғау стратегиясына өндіріс пен тұтынуды шектеу жағдайы. Өндірістің кез келген өсуі табиғатқа қысымның өсуіне әкеледі. Адамзаттың тұрақты даму концепциясын тұжырымдаған Рио-де-Жанейро (1992) саммиті қазіргі заманғы қоғам ресурстарды тұтынуды шектеуі немесе халық санын азайтуы тиіс деген қорытындыға келді, әйтпесе біз өркениетті жоюға қабілетті жаһандық мәселеге тап боламыз. Табиғат қорғаудың тағы бір стратегиясы – табиғат пен қоғамның өзара іс-қимылын оңтайландыру. Соңғы стратегия – биотехнологиялардың тұйық циклдарын пайдалану және қалдықсыз өндіріс. Бүгінде дүниежүзінде қалдықтар мен металл сынығынан әрбір үшінші тонна болат, төртінші тонна қағаз, бесінші тонна түсті металл өндіріледі. Жапония макулатурадан 80% газет қағазын шығарады.



### Өзіңді тексер

1. Экожүйелердің ауысуын тудыратын процестерді ретімен орналастыр.
  - а) бастапқы қорлардың болуы үшін қажетті ресурстардың азаюы;
  - ә) мекендейтін ортаға басқа түрлерді қоныстандыру;
  - б) бастапқы түрлердің санын қысқарту;
  - в) экологиялық тұрткіжайттар әсерінен тіршілік ету ортасының өзгеруі;
  - г) жаңа экожүйе қалыптастыру.

2. Тұжырымды негізде:

Жаһандық ауқымда энергетикалық және шикізат мәселелері XX ғасырдың 70-жылдарында алғаш рет байқалды.

### Тест

1. Энергетикалық мәселенің туындау себебі:

- а) энергияны тұтынудың өсуі
- ә) отын ресурстары сапасының төмендігі
- б) дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану

2. XX ғ. демографиялық жарылыс:

- а) дүниежүзіндегі қалалар санының өсуі
- ә) дамыған елдердегі өнеркәсіп дамуының жоғары деңгейі
- б) дамушы елдерде өлім деңгейінің елеулі төмендеуі

3. Адамзаттың жаһандық мәселелерін еңсеру жөніндегі жұмысты халықаралық ұйымдардың қайсысы үйлестіреді?

- а) АСЕАН
- ә) ЕО
- б) БҰҰ


4. Дүниежүзілік мұхиттың қандай бөліктері ең ластанған?

- а) аумақтық сулар
- ә) ашық су айдыны
- б) қайраңдық аймақтар



### Картамен жұмыс

1. 71-суретті пайдаланып 53-кестені толтыр.



71-сурет. Мұнай өндіру жөніндегі халықаралық ұйымдар картасы

**Мұнай өндіру**

Мұнай өндіру жөніндегі халықаралық ұйымдар	Елдің атауы	Саланы халықаралық мамандандыру
ОПЕК елдері		
Солтүстік теңіздегі мұнай өндіретін елдер		
АҚШ-тың мұнай өндіруші штаттары		
Канаданың мұнай өндіруші провинциялары		
Басқа да ірі мұнай өндіруші елдер (Ресей, Қытай, Мексика, Бразилия)		
Басқа да мұнай өндіруші елдер		

**Менің көзқарасым**

Афоризмдерді оқып, олардың мағынасын түсіндір:

«Табиғаттағы жеңістеріміз үшін мақтанудың қажеті жоқ. Әрбір осындай жеңісіміз үшін ол бізден кек алады» (Фридрих Энгельс).

«Табиғатты қорғау – Отанды қорғау» (Михаил Пришвин).

«Табиғат әзілді мойындамайды – ол әрдайым шынайы, әрқашан байыпты, әрқашан қатаң, ол әрқашан ақиқат, ал қателіктер мен жаңылысу адамдардан шығады» (Иоганн Вольфганг Гёте).

## ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

126-127

Жаһандық мәселелердің жалпыгеографиялық әдістері. Зерттеу әдістерінің түрлері

**Оқу мақсаты:** жаһандық мәселелер тақырыбына салыстырмалы әдістерді қолдану

**Жаһандық мәселелер** – бір елдің немесе бір адамның күшімен шешілмейтін, бүкіл адамзат өркениетінің тағдыры оларды шешуге байланысты мәселелер.

*Жаһандық мәселелердің пайда болу себептері неде?*

Ғалымдар жаһандық мәселелердің туындауына әкелген екі үлкен себеп тобын бөліп көрсетті:

- Дүниежүзіндегі жергілікті мәселелер, қақтығыстар мен қарама-қайшылықтардың артуы (бұл жаһандану процесіне, адамзаттың бірігуі мен жинақталуына байланысты).
- Табиғатқа, саяси жағдай мен әлеуметке әсер ететін адам қызметінің белсенді жаңғыртушылық әрекеті.

Жалпыға бірдей қабылданған ұғым ретінде «жаһандық мәселелер тұжырымдамасы» ХХ ғасырдың 70-жылдарында Рим клубында (1972 ж.) «өсу шегі» деп аталды. Жаһандық мәселелер қазіргі дүниежүзінің көптеген аспектілеріне әсер етеді: әлеуметтік-экономикалық; саяси; этномәдени; географиялық.

Болжам болашақта 15–20 жылғы аумақтың болашақ экономикалық және табиғи жағдайына баға беруден тұруы мүмкін. Мысалы, қолайсыз жағдайды алдын ала болжау үшін экономикалық және экологиялық оңтайлы дамуды жоспарлау арқылы оны уақытында өзгертуге болады. Бұл – географиялық ғылымға тән болжау нысанын бақылауға мүмкіндік беретін кері байланыс сияқты белсенді болжам. Қазіргі заманғы география мен географтар болжамының мақсаттары арасындағы барлық айырмашылық, оның өткен және қазіргі бағаларын негізге ала отырып, географиялық ортаны болашақ мемлекеттің ғылыми негізделген болжамын жасаудан асқан маңызды міндет болмайды. Өндіріс, техника мен ғылым дамуының жоғары қарқыны жағдайында, адамзат әсіресе осындай ақпаратқа мұқтаж болғандықтан, біздің іс-әрекеттеріміздің алдын ала болжамы болмауы салдарынан қоршаған орта мен адами қарым-қатынас мәселесі пайда болды. Ормансыздану мәселесін қарастырайық.



Ағашты өнеркәсіптерде (ағаш, химия, т.б) қолданады. Өндірілетін ағаштың жартысы отындық мұқтаждыққа, ал үштен бірі құрылыс үшін пайдаланылады. Қолданылатын барлық дәрі-дәрмектің төрттен бірі тропик орман өсімдіктерінен алынады.

Ормандар жаңартылатын ресурс болғанына қарамастан, оларды кесу жылдамдығы тым жоғары, қалпына келу жылдамдығы оны қамтамасыз ете алмайды. Жыл сайын миллиондаған гектар жапырақты және қылқанжапырақты ормандар жойылады.

Орманды көп қырқудан жасыл өскін екі есе азайып кетті. Олар жердің 14%-ын ғана қамтыған, қазір тек 6%. Үндістанда жарты ғасыр бойы ормандардың саны екі есе азайды. Америка мен Кариб бассейнінде ормандарды өртеу үлкен ауқымды ормансыздануға алып келді. Мұнда ормандардың саны 500 мың гектарға азайды.


Азияда ормандарды кесу ауданы барлық жердің 98%-на жетті. Мұнда ағаштар негізінен тұрғын үйге қолданылады. Еуропада бұл мәселе осындай пропорцияға жете қойған жоқ, бірақ жоғалған ресурстарды қалпына келтіруге бағытталған бағдарламалар әзірленуде.

Парагвай, Қытай, Аргентина мен Малайзия өз аумағындағы ағаштың ең аз мөлшерін кеседі. Қытай басқа елдерден ағаш сатып алады. 10 жыл ішінде ағашты кесу бойынша әр минутта 20 гектарға жуық ағаш орманынан айырылып жатырмыз. Адамзатқа табиғаттың байлығын қолданумен қатар оны толықтыру жолдарын қарастыруға үйренетін уақыт келді.

## Өзіндік жұмыс

### I. Сұрақтар:

1. Борнео аралының деградациясы кезеңінде қашықтықтан зерттеу үшін түсірілген суреттерді мұқият қараңдар (72-сурет). Бұл табиғи нысанды атластың географиялық карталары мен қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып зерттеңдер.



72-сурет. Борнео аралы

2. Жағдайды талдап, Борнео аралының мониторингісі негізгі көрсеткіштерінің тұжырымдамалық кестесін жасаңдар. Осы табиғи нысанға мониторинг жүргізу үшін тағы қандай көрсеткіштер болуы керек деп ойлайсыңдар? Қорытынды жасаңдар.

3. Топтарыңда «Борнео аралын құтқару жобасын» жасап, қорғаңдар. Қорытынды жасаңдар.

**II. Сұрақтар:**

- 1) 73-суретті, қосымша ақпарат көздерін, интернет ресурстарын, Жерді қашықтықтан зондылау деректерін пайдаланып, Жерді ормансыздандыру мәселесін талда.
- 2) Зерттеу тақырыбында постер құрастыр. Қорытынды жаса.
- 3) Алынған мәліметтер негізінде дүниежүзінің географиялық атласын қолданып, «Ормансыздандыру» кескін картасын толтыр. Қорытынды жаса.



73-сурет. Жердің ормансыздануы

**III. Дүниежүзінің екі өңірінің жаһандық мәселелерін қарастырып, талда. 54-кестені толтыр.**

54-кесте

Дүниежүзінің өңірлері	Атауы	Ұқсастықтар	Айырмашылықтар	Атауы
Жаһандық мәселелер				
Пайда болу себептер				
Шешімін табу жолдары				

1. Осы өңірлердегі жаһандық мәселелерді шешуге жоспар жаса.
2. Өз жұмысыңды таныстыр.

128-129

## Жаһандық мәселелердің сандық әдістері

**Оқу мақсаты:** жаһандық мәселелер тақырыбы бойынша сандық әдістерді қолдану

## ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ

**Жаһандық жылыну** – соңғы кезеңдегі қоршаған ортаның орташа температурасының өсу көрсеткіші. 1970 жылдан бастап, бұл көрсеткіш бірнеше есе жылдам өсе бастады. Негізгі себеп – адамның белсенді индустриялық қызметі. Тек су ғана емес, сондай-ақ ауа температурасы шамамен  $0,74^{\circ}\text{C}$ -ға көтерілді.

Жаһандық жылыну саласындағы зерттеулер температуралық режимдердің өзгеруі ғаламшарда барлық кезеңде жүргенін хабарлайды. Мысалы, климаттың өзгеруінің дәлелі – Гренландия. Тарих XI–XIII ғасырларда бұл жерді норвегиялық теңізшілер «жасыл жер» деп атағанын растайды, өйткені бүгінгідей қар мен мұз жамылғысы болмаған.

XX ғасырдың басында жылу қайтадан басталды, ол Арктика мұхиты мұздықтарының ауқымы азаюына алып келді. Содан кейін, шамамен 40-жылдардан бастап, температура төмендеді. Оның көтерілуінің жаңа кезеңі 1970-жылдардан басталды.


Біз жаһандық жылыну туралы айтқанда, бізді қоршаған орта мен атмосферада жыл бойы, бір маусым емес, ұзақ уақыт бойы болып жатқан өзгерістер туралы айтамыз. Климаттың өзгеруі ғаламшардың гидрологиясы мен биологиясына әсер етеді. Табиғатта барлығы, соның ішінде жел, жаңбыр мен температура да өзара байланысты. Ғалымдар жердің климаты өзгеруінің ұзақ тарихы бар екенін: мұз дәуіріндегі ең төмен температурадан өте жоғары температураға дейін өзгеретінін атап көрсетеді. Бұл өзгерістер кейде бірнеше онжылдықта болса, ал кейде мыңдаған жылға созылды. Қазіргі климаттың өзгеруінен біз не күтеміз?

Мұздықтардың мұндай ауқымда еруі таяудағы жылдары ірі ғаламшарлық апаттың себебі болуы мүмкін.

Орташа жаһандық температура Цельсий бойынша  $0,8$  градусқа көтерілді. Компьютерлік модельдеу ғалымдарға, егер осындай қарқын жалғаса берсе, не болуы мүмкін екенін болжауға мүмкіндік береді. XXI ғасырдың соңына қарай орташа температура Цельсий бойынша  $1,1-6,4$  градусқа дейін көтерілуі мүмкін.

Жер температурасының артуы Арктикада Майами сияқты жылу болады дегенді білдірмейді, бұл теңіз деңгейі айтарлықтай көтеріледі дегенді білдіреді. Температураның артуы су деңгейінің көтерілуімен қалай байланысты? Жоғары температура мұздықтар, теңіз мұзы мен полярлық мұздар ериді деп болжайды, осыдан теңіздер мен мұхиттардағы судың мөлшері артады.

Ғалымдар, мысалы, Гренландия мұзының еруінен көтерілген судың АҚШ-қа әсерін өлшеп көрді: Колорадо өзеніндегі судың мөлшері бірнеше есе артады екен. Ғалымдардың болжамы бойынша, Гренландия мен Антарктиканың шельфті мұздықтары еруінен теңіздердің деңгейі 2100 жылға қарай 6 метрге дейін көтерілуі мүмкін. Бұл – Индонезияның көптеген тропиктік аралдары мен ең төменгі аудандар су астында қалады дегенді білдіреді (74-сурет).



74-сурет. Жаһандық жылыну. Солтүстік Мұзды мұхит мұздықтарының еруі

Нидерланд корольдігі – жазық жерде орналасқан, оның 40%-дан астамы теңіз деңгейінен төмен жатыр. Голландықтар ежелден бері алған беттерінен қайтпай, бөгет тұрғызып, ел аумағын үлкейтумен айналысып келеді.

Нидерландтың 1/3 аумағы нөлдік белгіден төмен орналасқан. Егер бөгет болмаған жағдайда аумақтың 50%-ға жуығы, халықтың ¾ бөлігі су астында қалар еді. 9-12 м төбелер көптеген елді мекен орналасқан баспана қызметін атқарады. Оны *терп* немесе жасанды төбелер («терп» – фриз тілінде «ауыл»), ал солтүстік теңіздің неміс жағалауында – *верф* деп атайды. Ең ескі жасанды төбелердің жасы 2000 жылдан астам, олар римдіктер иелігінен бері үйіле бастады. Елдің батыс бөлігінде 16 метрлік жасанды төбе (терп) бар. Оның терраса түріндегі беткейлері жайылымдық жер ретінде қолданылады.



75-сурет. Дания бөгеттері




### Өзіңді тексер


1. Зерттеудің сандық әдісі адамзаттың жаһандық мәселелерін зерттеуге қалай көмектеседі?
2. Адамзаттың жаһандық мәселелерін зерттеудегі сандық әдіс неге сүйенеді? Өз ойыңды айт.
3. Адамзаттың жаһандық мәселелерін зерттеуде картометрияны пайдаланудың тиімділігі неден, қалай байқалады?
4. Адамзаттың жаһандық мәселелерінде статистикалық әдіс қалай қолданылады?

### Өзіндік жұмыс

33, 34-сызба деректері бойынша ағаш дайындау көлемін және қағаз бен қатырмақағазды жан басына шаққандағы орташа тұтыну динамикасын талда. Қорытынды жаса.



33-сызба. Ағаш даярлау мөлшері (млн³)




34-сызба. Қағаз бен қатырмақағазды адам басына шаққандағы орташа тұтыну динамикасы (кг/адам)



### Картамен жұмыс

76-суреттегі «Мұздықтардың еруін болжау және су басу аймағының салдары» картасын пайдаланып:

- а) су басу аймағына қандай материктер кіргенін түсіндір.
- ә) құрлықтың қандай бөлігі бұзылмайтынын анықта.



76-сурет. Мұздықтардың еруін болжау және су басу аймағының салдары картасы

130

## Жаһандық мәселелердің аумақтық көріністері

**Оқу мақсаты:** жаһандық мәселелердің аумақтық көріністерін анықтау

### ЖЫЛУЛЫҚ ӘСЕР

#### 1. Жаһандық мәселелердің аумақтық көріністері


XX ғасырдың екінші жартысында неғұрлым дамыған өңірлердің (Солтүстік Америка, Еуропа, Аустралия) экономикалық әлеуеті өсуді жалғастыруда. Сонымен бірге Оңтүстік Америка мен Африканың экономикалық әлеуеті қарқынды түрде өсе бастады, ал ең үлкен өсім Азияда байқалды. Қазіргі уақытта Азия ЖІӨ көлемі бойынша Еуропа мен Солтүстік Америкадан 1,5 есе асып түседі. XX ғасырдың соңында экономикалық даму деңгейі жоғары елдерде Жер халқының төрттен бірінен астамы өмір сүрді. Бұл халықтың тығыздығының, урбанизацияның жоғары деңгейіне, өнеркәсіптік және көліктік әлеуеттің дамуына себепші болды.

1-кезең – бастапқы капитал жинақталғаннан кейін қаржы өз ресурстары мен отар елдер ресурстарын тұтынуға, сондай-ақ бөтен аумақтарды басып алу жөніндегі әлеуметтік-саяси қақтығыстардың туындауына бағытталады. Бұл кезең екінші дүниежүзілік соғыспен аяқталды.

2-кезең – соғыстан кейінгі кезеңде басталды, соғыста экономикасы бұзылған елдердің экономикалық өсуі сандық, сапалық өзгерістермен қатар жүреді. Жаңа технологиялар мен ғылымды қажетсінетін өндірістер дамыды. XXI ғасырдың басында энергия сыйымды, ресурс сыйымды және экологиялық қауіпті өндірістер дамушы елдерге ауысуда. Демек, техногендік жүктеме басқа аумақтарға таралады, антропогендік әсердің аумақтық шегаралары өзгереді.

Экономикалық өсу қоршаған орта үшін тұрақсыздандырғыш түрткіжайт ретінде әрекет ете бастады. Өндірістің өсуі мен тұтынылатын ресурстардың ұлғаюы атмосферада жылыжайлық газдардың, әсіресе көміртегі мен күкірт диоксидтерінің, азот оксидтерінің шоғырлануының ұлғаюына, озон қабатының бұзылуына, су мен топырақтың ластануына, шөлейттенуге, ормансыздандыруға, ландшафттардың бұзылуына ықпал етеді. Мамандардың бағалауы бойынша, шығарылатын және тұтынылатын ресурстардың шамамен 23%-ы өнім түрінде пайдаланылады, қалған бөлігі аумақтың экологиялық қасиеттерінің өзгеруіне әкелетін қалдықтар түрінде қоршаған ортаға қайтарылады. Демек, экономикалық даму деңгейі жоғары аймақ – бірінші кезекте экологиялық мәселелерді жаһандық деңгейде қалыптастыратын аумақтар.

Жаһандық экологиялық мәселелердің аумақтық негізделген антропогендік әсерден туындауының нақты мысалдары – *жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруі*. Көміртегі диоксиді, азот оксиді, метан тәрізді шығарындылар өнеркәсіптік дамыған аумақтарда (Еуропа, Солтүстік Америка, Азия) атмосфераға өте көп мөлшерде түсіп, Күн радиациясын жерге еркін өткізетін, бірақ жерден шағылысқан ұзын толқынды жылу сәулесін тежейтін қабатты қалыптастырады. Жер бетіндегі температураның жоғарылауы атмосфераның үстіңгі қабаттарында жылу энергиясының жиналуынан болады (77-сурет).



77-сурет. Жылыжайлық әсер

Жылыжайлық әсерді қалыптастыруға атмосфераға түсетін көмірқышқыл газы үлкен үлес қосады, ол жанартаудың атқылауы, өсімдіктердің тыныс алуы мен жануарлардың органикалық ыдырауы есебінен қалыптасады.

Жылыжайлық газ – метан шығарындыларының көзі – мұнай өндіру мен мұнай өңдеу. Метанның құрамы жылына 1%-ға өсіп отырады. Қоршаған ортаға метанның түсуі де аумақтық сипатта болады. Бірінші кезекте экономикалық дамыған елдер: Қытай, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері. Атмосфераға басқа жылыжайлық газдардың түсуі де аумақтық ерекшеліктерге ие, ол жеке мемлекеттің ұлттық экономикасының дамуына байланысты. Алайда жылыжайлық әсер мен климаттың өзгеруі тұтастай алғанда жаһандық сипатқа ие.

Жылыну көбіне солтүстік ендікке тән, ылғалдылықтың өзгеруі орташа ендікке әсер етеді, сонымен қатар циклдық қызмет күшейтіледі, тайфундар мен дауылдардың пайда болу жиілігі мен күші артады. Климаттың өзгеруі сондай-ақ жағалаудағы мемлекеттердің мүдделерін қозғайтын дүниежүзілік мұхит деңгейін арттыруға алып келеді.



Жаһандық экологиялық мәселелерді қалыптастырудың тағы бір ошағы – Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия аймағы. Бұл өңірде 20-дан астам мемлекет орналасқан, дүниежүзі халқының 45%-ға жуығы тұрады. Соңғы онжылдықта осы өңірде ауылшаруашылығы жерлерін пайдалануға байланысты мәселелер пайда болды, бұл негізінен топырақтың тозуымен, ормандылықтың төмендеуімен, шөлейттенумен байланысты. Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде өңделетін жер алаңына қатысты халықтың ең жоғары тығыздығы байқалады – 1 км<sup>2</sup>-ге 400-ден астам адам. Жердің құнарлылығы төмендеуімен қатар халық саны тез өсіп келеді. Өңірдің индустриялық дамуы техногендік жүктеменің күрт өсуімен, табиғи ресурстарды экстенсивті пайдаланумен, соның салдарынан қоршаған орта жағдайының күрт нашарлауымен және оның ассимиляциялаушы әлеуетінің төмендеуімен қатар жүреді. Өңірдегі экологиялық жағдайдың нашарлауы кедейліктің, аштықтың, медицинаның төмен сапасы және өлім-жітімнің жоғары деңгейі мәселелерін шиеленістіре отырып, өз кезегінде мемлекеттердің шаруашылық дамуын тежеуші түрткіжайт болып саналады.

Экономикалық себептерден туындайтын мәселелердің барлығы адам өмірінің түрлі салаларын қамтып, біртіндеп жаһандық ауқымға ие болады.

Дәстүрлі жіктемеге сәйкес экономикалық даму деңгейі бойынша елдердің бөлінуі олардың шеткі және орталыққа қатыстылығына байланысты. Орталық – дүниежүзілік экономика көшбасшылары бастаған өнеркәсіптік дамыған елдерді құрайды, олар дүниежүзілік экономиканың жүйе құраушы елдері. Бұл ядроға дүниежүзілік шаруашылық тәртіпті айқындайтын озық технологиялық, ұйымдық басқару, әлеуметтік және экономикалық стандарттар қалыптасады. Экономикалық даму деңгейі бойынша артта қалған елдер – шеткері елдер, олар *әлі дамушы елдер* деп аталады. Бұл елдердің көпшілігі әлі аяқталмаған индустриаландырудың түрлі кезеңдерінде өмір сүріп жатыр. Осы мемлекеттердің көпшілігінің ұлттық экономикасы шикізатқа бағытталған, экономикалық дамудың тиімді тетігі аз.

Жаһандық экология түрлі элементтер өзара әрекеттесетін экосистемалердің тұтастығын қарастырады. Сонымен қатар жаһандық экология географиялық кеңістіктік-аумақтық байланыстарға сүйенеді.

Жаһандық экологиялық процестер – биотикалық және абиотикалық компоненттердің функцияларына сүйенетін, сондай-ақ адамзаттың әлеуметтік-экономикалық дамуына негізделген адам өмірінің түрлі салаларымен байланысты процестер.

Экологиялық мәселе – адамзаттың жалпы мәселелерінің бір бөлігі. Олардың ауқымы жекелеген мемлекеттер мен тұтас өңірлер шеңберінен шығып, серпінділігімен, кешенділігімен және өзара байланыстылығымен сипатталады.




### Өзіңді тексер

1. Дамушы елдердегі қалалардың өсуі мен халықтың тығыздығына қандай түрткіжайттар әсер еткенін анықта. Дамушы елдерді қайта қоныстандыру мәселесін шешу жолдарын ұсын.
2. Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы экологиялық мәселені сипатта.
3. Сен қалай ойлайсың, әртүрлі элементтер өзара әрекеттесетін экожүйелердің тұтастығын қарастыру неліктен қажет?
4. БҰҰ-ның жаһандық мәселелерін шешудің келешегін бағала.



### Картамен жұмыс

1. 78-суреттегі картаны, интернет дереккөздерін пайдаланып, түрлі елдердегі өмір деңгейінің жоғарылығы мен экологияның өзара байланысын түсіндір.



78-сурет. Қоршаған ортаның ластануы



### Менің көзқарасым

Афоризмдерді оқып, мағынасын түсіндір:

«Ойлар – жаһандық, әрекет – жергілікті» (*Эмилия Вагнер*).

«Дүниежүзі кез келген адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті үлкен, бірақ адамның ашкөздігін қанағаттандыру үшін тым аз» (*Махатма Ганди*).

131

## Жаһандық мәселелерді аудандастыру әдістері

**Оқу мақсаты:** жаһандық мәселелерді аудандастыру әдістерін қолдану

### ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕ • АЗЫҚ-ТҮЛІК МӘСЕЛЕСІ

#### 1. Африка мәселесі

Африка – көптеген мәдениеттер, тілдер және әртүрлі даму деңгейлері бар континент.

Африкада 1,2 миллиард адам тұратын 53 ел, мыңдаған тілдер бар. Елдерді, әсіресе осындай әртүрлілігі басым құрлықтағы елдерді салыстыру қиын.

Африканың балама көрсеткіштері адамдардың осында қалай өмір сүретінін түсінуге мүмкіндік береді және осы елдердің әрқайсысының дамуына жалпы барометр болып табылады. Осындай негізгі көрсеткіштерге: қалалық тұрғындардың үлесі, 100 адамға шаққандағы ұялы телефондардың саны, орташа жасы, халықты жұмыспен қамтудағы қызмет көрсету секторының үлесі, бір әйелге шаққандағы бала саны жатады.

Бүгінде Африканың халқы шамамен 1,2 млрд. Ғалымдардың пікірінше, 50 жылдан аз уақыт ішінде бұл көрсеткіш екі еселенеді. ЮНИСЕФ-тің деректері бойынша, 2030 жылы ең ыстық континенттегі балалар саны 750 миллионға дейін өседі. 18 жасқа толмаған Африка халқы 2055 жылға қарай миллиардтан асады.

Африка халқы санының көбеюі білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы бірқатар мәселелерге әкеп соғады. ЮНИСЕФ қызметкерлері осы мәселелерге халықаралық қоғамдастықтың назарын аударады. Олар сондай-ақ әйел құқығын қорғауды күшейту мақсатында әйелдерді кемсіту тақырыбына назар аударуды ұсынады. Сарапшылардың пікірінше, 10-15 жылда Африка құрлығында мұғалімдер мен медицина қызметкерлерінің тапшылығы байқалады. 5,8 миллиондай мұғалімдер, 5,6 миллион дәрігерлер мен басқа да медициналық қызметкерлер қажет болады.

Африкадағы халық саны жөнінен көшбасшы ел – Нигерия. Мұнда 194,6 миллион адам тұрады (2018 жылғы дерек). Табиғи өсім – 2,67%. XX ғ. екінші жартысында мемлекет демографиялық жарылыс деңгейіне

жетті. Халықтың көбеюі өткен ғасырдың 60-жылдарында басталып, қарқынды өсу бүгінгі күнге дейін жалғасуда. 55 жыл ішінде Нигериядағы халық саны 45,2-ден 186 миллионға дейін өсті. Ғалымдар бұл елді «демографиялық жарылыс елі» деп атайды. XXI ғасырдың соңына қарай Нигерия халқы бойынша Қытай мен Үндістаннан кейін үшінші орында тұр. Африка – кедей құрлық. Балалар өлімінің деңгейі жоғары, ал өмір сүрудің орташа ұзақтығы шамамен 50 жас. Табиғи өсім, өмір сүрудің төмен деңгейі халқын өз отанының шегінен тыс жерлерге шығуға мәжбүр етеді. Нигерия диаспорасы дүниежүзінің әр бұрышында кездеседі.

Африка халқы жыл сайын қарқынды өсіп келе жатыр. Бірақ орташа өмір сүру ұзақтығы өте төмен. Бұл түрлі жұқпалы аурулардың пайда болуына, білікті медициналық көмек жетіспеуіне байланысты. Континент тұрғындарының өмір сүру ұзақтығы – 65 жыл. Африкада ұзақ өмір сүретін екі мемлекет – Тунис пен Ливияда орташа өмір сүру ұзақтығы – 73 жас. Шығыс және Орталық Африканың жергілікті тұрғындары 43 жас қана өмір сүреді. Ең нашар көрсеткіш Зимбабве мен Замбияда – 32-33 жас. Өмір сүрудің мұндай төмен деңгейі ЖИТС-ке байланысты.

## **2. Азық-түлік мәселесі**

«Қара континенттің» бірқатар елдерінде аштық тыйылар емес. 2016 жылы БҰҰ есебі бойынша, 20 миллионнан астам адам аштықтан зардап шекті. Бұл тек ресми деректер ғана.


2017 жылдың басында Йемен, Нигерия, Сомали және Оңтүстік Судан сияқты елдер аштықтың эпицентрі болды, осы елдердің көпшілігі кедейлік шегінен төмен өмір сүріп, азық-түлік тапшылығын бастан кешуде. БҰҰ-ның есебінше, жағдайды шешу үшін 4,4 млрд доллар қажет. Африкадағы аштық мәселесін зерттеп, оны жою, азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту дереу жеңілдету шаралары мен іргелі құрылымдық өзгерістерді талап етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Африка бойынша Экономикалық Комиссиясы (ЕСА) және Африка Даму Банкі (АФДВ) сарапшыларының пікірінше, ауылшаруашылығына инвестициялардың ұзақмерзімді және ауқымды өсуі Африкадағы осы мәселені түбегейлі шешу үшін маңызды болуы керек. Сондай-ақ жалған немесе, керісінше, қауіпті көмек емес, нақты жәрдем қажет. АҚШ пен Еуроодақтың ГМО өнімдерін, биологиялық, химиялық қару-жарақтарын және есірткі заттарын сынау үшін Африканы сынақ алаңы ретінде пайдалануын тоқтататын уақыт келді.

### ✓ **Өзінді тексер**

1. Неліктен азық-түлік мәселесі жаһандық сипат алды?
2. Қандай түрткіжайттар жаһандық азық-түлік мәселесіне әсер етеді?
3. Не себепті дамыған елдер жаһандық мәселелерді шешуде неғұрлым аз дамыған елдерге көмектеседі?

### **Өзіндік жұмыс**

1. Төмендегі *8-диаграмманы* пайдаланып, дүниежүзі аймақтарында тоя тамақтанбау дәрежесін талда. Қорытынды жаса.



*8-диаграмма. Дүниежүзі аймақтары бойынша тамақтану деңгейінің төмен ауқымының масштабы*

132-133

## Жаһандық мәселелердің картографиялық әдістері

**Оқу мақсаты:** зерттеу тақырыбына сәйкес картографиялық әдістерді қолдану

### ЖАҒАНДЫҚ МОНИТОРИНГ • ҒАРЫШТЫҚ ТҮСІРУ • ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДЫЛАУ



#### САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС

1. Тақырыптық карталардың мазмұнын талдау.

##### Жұмыстың мақсаты:

Тақырыптық картаның мазмұнын оқып-үйрену; карта легендасымен танысу.

*Міндеттерді орындау:* табиғат картасының легендасын немесе әлеуметтік-экономикалық мазмұнды картасын зерттеу; карта мазмұнын оқып, мәтінді оқып шығып; аннотация жасау.

*Тапсырманы орындау бойынша нұсқаулар:*

Жұмыстың нәтижелері картаның қысқаша аннотациялық сипаттамасы және оның аңызын жасау сызбасы түрінде ұсынылуы тиіс. Аннотация мәтіні қисынды, толық, әдеби тілмен жазылуы тиіс:

1. Картаның атауы мен шығу деректері (басылымның жылы мен орнын, картаны дайындаған ғылыми және өнеркәсіптік ұйымдардың атауын, карта авторлары алынған мәліметтердің дереккөздеріне сілтеме).

2. Картаның математикалық негізін анықта (масштабы мен картографиялық проекциясы).

3. Географиялық базаның ерекшеліктерін сипатта (осы тақырыптық картаның географиялық негізін құрайтын жалпыгеографиялық картаның элементтерін қарастыр).

4. Тақырыптық мазмұнның ерекшеліктерін сипатта:

– картада бейнеленген қандай табиғи немесе әлеуметтік-экономикалық нысандар оның тақырыбын ашады;

– сапалық және сандық сипаттамаларын анықта;

– нысандарды бейнелеуде қандай картографиялық әдістер қолданылған?

– әрбір картографиялық әдіс үшін қандай жобалау құралдары пайдаланылады?

5. Картаның легендасын мұқият тексеріп, оның түрін анықта:

- жердің экономикалық ерекшеліктерінің жекелеген элементтерінің біржақты сипаттамасы бар *қарапайым легенда*;
- осы құбылыстың ғылыми таксономиялық классификациясы негізінде *типологиялық легенда*;
- аумақтың экономикалық сипаттамаларының екі немесе одан көп құрамдас бөліктерін көрсетуді біріктіретін *күрделі легенда*;
- табиғи жағдайларды, экономикалық нысандарды, олардың қосылыстарын, тұтастай немесе топтардағы қарым-қатынастарды немесе құбылыстардың жеке сандық көрсеткіштерін көрсететін *кешенді немесе синтетикалық легенда*.

6. Аңыз құрылысының ерекшеліктерін мәтіндік сипаттама түрінде белгіле; көлденең және тік сипаттамалардың орналасуымен кестелік көрініс; жіктеу бірліктерінің қарпін немесе басқа әдісті бөлу; абсолютті және шартты масштабты үздіксіз пайдалану. Түсіндірменің түсін, дизайнын сипатта, пайдаланылған графикалық әдістерді көрсет.

7. Карта легендасын құру сызбасын сыз.

8. Карточкалық жабдықтың элементтерін, аумақтың сипаттамаларын (картографиялық тордың тығыздығы туралы ақпарат, қолданыстағы құрылымы және шегінен тыс құрылым, шәкілдің түрлері, мәтіннің қолжетімділігі, кестелік деректер, қосымша карталар, профильдер, сызбалар, т.б.) анықтау.

Картаның орналасуын сипатта (картаның аумағын, оның шегараларын, картографиялық кадрға қатысты орташа меридианды талдауын оңтайлы нұсқаға келтір).

134

## Жаһандық мәселелердің статистикалық деректерін талдау

**Оқу мақсаты:** статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды құру

### ДИАГРАММАНЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ СИНТЕЗДЕУ

Энергетикалық ресурстардың статистикалық деректерін талдау мәселесі қазіргі уақытта талқылау үшін өте маңызды және жиі кездесетін тақырып. Көрсетілген кезеңдегі статистикалық деректерге талдау жасай отырып, пайдалы қазбаларды өндіру, сондай-ақ экспорт деректерінің елеулі айырмашылығын атап өтпеуге болмайды. Бұл айырмашылық шикізаттың белгілі бір түрлеріне, дүниежүзілік бағаның белгіленуіне, мемлекеттің қатыстылығына, сондай-ақ сұраныс-ұсыныстың шикізат нарығындағы дүниежүзілік жағдайға байланысты.

Сондықтан Excel бағдарламасындағы статистикалық зерттеулерді бүкіл әлемнің аналитиктері кеңінен қолданады.



### САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС

1. Картограммалар мен диаграммалардың мазмұнын талдау.

**Тапсырманың мақсаты:** картограммалар мен диаграммалардың мазмұнын оқып-үйрену; легенда құру қағидаларымен танысу

*Тапсырманы орындау:* әлеуметтік-экономикалық мазмұндағы картограммалар мен диаграммалардың легендасын зерттеу; легенданы пайдаланып, картограммалар мен диаграммалардың мазмұнын оқу; картограммалар мен диаграммалардың аннотациялық сипаттамасын құрастыру.

*Тапсырманы орындауға нұсқау:*

Жұмыс нәтижелерін картограммалардың қысқаша аннотациялық сипаттамасы және оның легендасын құру диаграммалары түрінде ұсыну. Аннотация мәтіні қисынды, толық әдеби тілде жазылған болуы керек:


1. Бірінші кезеңде осы диаграмманың бөлшектерін түсіну қажет.
2. Екінші кезең – диаграмманың жақын мәнмәтініне назар аудару.
3. Үшінші кезеңде үлгідегі диаграмма орнын нақтылау керек.
4. Төртінші кезең авторлық баяндаудың сындарлы сынынан тұрады.



Бұл төрт қадам жоғарыда көрсетілген тәртіппен орындалады. Нақты диаграмма бөлшектерін зерттеу оның жақын мәнмәтіндегі рөлін түсіну үшін қажет. Диаграмманың жақын мәнмәтінің түсіне отырып, үлгінің басқа диаграммаларымен байланысын зерттеуге кірісуге болады. Тек диаграмманы толық түсіну жұмысты терең және егжей-тегжейлі түсіндіруге мүмкіндік береді.


### Өзіңді тексер

1. Қандай елдер таскөмірге жоғары қажеттілікті бастан кешуде? Бұл қажеттілікті осы елдердің экономикасымен қалай байланыстыруға болады?



9-диаграмма. 2018 жылғы елдер бойынша таскөмір экспорты

2. Қандай елдер таскөмір өндірудің жоғары көлемін көрсетеді? Бұл қажеттілікті осы елдердің экономикасымен қалай байланыстыруға болады?



10-диаграмма. Елдер бойынша 2018 жылға таскөмір өндіру

135-136

## Power Point бағдарламасы

**Оқу мақсаты:** АКТ графикалық редакторларында тақырыптық карта-сызбалар құру

## POWER POINT БАҒДАРЛАМАСЫ

**Power Point бағдарламасы** – слайд-шоу жасауға арналған бағдарлама. «Трансформация» функциясымен толықтырылған ол бізге ең батыл дизайнерлік ойларды іске асыруды қамтамасыз ететін анимациялық өтуді жасауға мүмкіндік береді.



## САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС


**Сабақтың мақсаты:** Географиялық міндеттерді шешу үшін жалпыгеографиялық әдістерді қолдану бойынша білімді жинақтап, бекіту. Картография әдістерін және географиялық ақпараттың негізгі көздерін қолдана отырып, географиялық міндеттерді шешу кезінде жеке зерттеу жүргізу.

**Құрал-жабдықтар:** жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, географиялық атлас, өткен тақырыптар бойынша оқу және қосымша әдебиеттер, интернет, магниттер, постерлер, маркерлер, скотч.

**Жұмыс барысы:** Power Point қосымшасында анимацияланған картаны жасау үшін, қолайлы картаны *jpeg* ішінде жақсы ажыратымдылықпен сканерлеу қажет. Бұл кескін карталар үшін өте ыңғайлы, себебі қажет болған жағдайда қосуға болатын «қосымша». Photoshop сияқты графикалық редакторда жоюға болатын артық бөлшектер болуы мүмкін. Немесе қандай да бір қажетсіз элементті (мысалы, жазу немесе автофигура немесе салынған сурет) «жабу».

Дайындалған графикалық файлды болашақ картаның негізі ретінде слайдқа қою керек.

Орнату үшін «формат – слайдты белгілеу – бос слайд» таңда. Суретті слайдқа қоюға болады (кірістіру – сурет – файлдан; немесе сурет салу панеліндегі белгіше («сурет қосу») арқылы (егер ондай болмаса – «құрал-сайман» панелінен – «сурет салу» арқылы қою). Егер картаны бүкіл слайдқа айналдыру қажет болса, суретті фон ретінде қоюға болады (формат – фон – құю тәсілдері (79-суретті қара).




79-сурет. «Формат - фон - құю» тәсілдері

Одан әрі жаңа терезеде «сурет» (үстіңгі бетбелгі) – «сурет» (ортасында батырмасы) және ашылған терезеде дайындалған суретті таңдау. Кеңес: егер осы жолды таңдасаң, картаны монитор экранының пропорциялары бойынша «кесу» қажет, әйтпесе карта өшіріледі. Ол бірден емес, тағы екі қадамға кері жол (OK қолдану).

Негізі дайын. Картаны мазмұнмен толтыру. Анимацияланған карталардың басты элементтерінің бірі – көрсеткілер. Олардың мысалында жұмыстың негізгі алгоритмдерін қарастырайық.

Көрсеткілерді әртүрлі жасауға болады. Олар «Автофигуралар – сызықтар» немесе жұқа (сурет салу панеліндегі түйме) сурет салу панелінде бар.

Мысалы, сен өзің сурет салуыңа болады: автофигуралар – сызықтар – сызылған қисық (80-суретті қара).



80-сурет. «Автофигуралар – сызықтар – сызылған қисық»







**Өзіңді тексер!**



1. 55-кестеге Каспий теңізінің мұнай дақтарымен ластануы анимациясын жасаңдар.
2. Дүниежүзіндегі ең лас қалаларды көрсету анимациясын жасаңдар.

55-кесте

**Жапандық мәселе. Салдары. Шешу жолдары**

Мәселе	Салдары	Шешу жолдары
		
		
		
		

1-қосымша  
1-кесте**Дүниежүзі елдерінің ЖІӨ құрылымы**

№	Елдер	2016 млрд. \$	2017 млрд. \$
1	ҚХР	21314	23208
2	АҚШ	18707	19485
3	Үндістан	8715	9474
4	Жапония	5250	5443
5	Германия	4022	4199
6	Ресей	3881	4016
7	Индонезия	3035	3250
8	Бразилия	3156	3247
9	Ұлыбритания	2824	2925
10	Франция	2739	2856
11	Мексика	2368	2463
12	Италия	2240	2317
13	Түркия	1997	2186
14	Корея Республикасы	1938	2035
15	Испания	1695	1778
16	Сауд Арабиясы	1757	1775
17	Канада	1689	1774
18	Иран	1551	1640
19	Аустралия	1198	1248
20	Таиланд	1168	1236
21	Египет	1134	1204
22	Тайвань	1134	1189
23	Польша	1056	1126
24	Нигерия	1091	1121
25	Пәкістан	988	1061
26	Малайзия	865	933
27	Нидерланд	882	924
28	Аргентина	880	922
29	Филиппин	807	877
30	ОАР	743	767
31	Колумбия	686	712
32	БАӘ	678	696
33	Бангладеш	631	690

34	Ирак	651	649
35	Вьетнам	596	649
36	Алжир	610	630
37	Бельгия	511	529
38	Сингапур	500	528
39	Швейцария	505	523
40	Швеция	498	518
41	Румыния	444	483
42	Қазақстан	452	479
43	Гонконг (ҚХР)	431	456
44	Чили	437	452
45	Аустрия	420	441
46	Перу	412	430
47	Венесуэла	435	382
48	Норвегия	367	381
49	Чехия	354	376
50	Украина	353	370
51	Ирландия	321	353
52	Катар	328	340
53	Мьянма	303	330
54	Израиль	301	317
55	Португалия	300	314
56	Грекия	290	299
57	Марокко	281	299
58	Кувейт	294	290
59	Венгрия	273	290
60	Дания	276	288
61	Шри-Ланка	262	275
62	Финляндия	233	244
63	Өзбекстан	208	223
64	Эфиопия	177	200
65	Эквадор	184	193
66	Ангола	186	186
67	Жаңа Зеландия	180	189
68	Судан	178	187
69	Оман	184	187
70	Словакия	170	179

71	Беларусь	172	179
72	Доминикан Республикасы	162	172
73	Әзербайжан	169	172
74	Кения	153	163
75	Танзания	150	162
76	Болгария	145	153
77	Гватемала	132	138
78	Тунис	131	135
79	Гана	121	134
80	Пуэрто-Рико	129	121
81	Сербия	102	105
82	Панама	96,9	104
83	Түрікменстан	95,5	103
84	Хорватия	96,9	101
85	Кот-д'Ивуар	88,3	96,9
86	Литва	86,3	91,2
87	Иордания	85,6	89,1
88	Камерун	84,6	88,9
89	Уганда	83,4	88,7
90	Ливан	85,1	87,7
91	Коста-Рика	79,8	83,9
92	Боливия	78,8	83,6
93	Непал	71,8	78,6
94	Уругвай	74,5	78,1
95	Макао	64,5	71,8
96	Словения	66,5	71,1
97	Бахрейн	67,1	70,4
98	Ауғанстан	66,7	69,6
99	Замбия	65,3	68,9
100	ҚДР	65,0	68,5
101	Парагвай	64,3	68,3

102	Ливия	37,0	64,4
103	Камбоджа	59,0	64,3
104	Люксембург	59,5	62,7
105	Сальвадор	54,7	57,0
106	Латвия	50,7	53,9
107	Лаос	45,2	49,2
108	Гондурас	43,3	46,2
109	Босния және Герцеговина	42,7	44,6
110	Сенегал	39,6	43,2
111	Тринидад және Тобаго	43,4	43,0
112	Эстония	38,9	41,6
113	Мали	38,2	41,0
114	Мадагаскар	37,5	39,7
115	Моңғолия	37,1	39,7
116	Грузия	37,2	39,7
117	Ботсвана	37,4	38,9
118	Йемен	44,0	38,6
119	Мозамбик	35,1	36,7
120	Габон	35,8	36,7
121	Никарагуа	34,1	36,4
122	Албания	34,0	36,0
123	Буркина-Фасо	33,0	35,8
124	Зимбабве	32,4	34,0
125	Бруней	32,8	33,5
126	Кипр	29,9	31,6
127	Македония	30,4	31,0
128	Экваторлық Гвинея	31,2	30,4
129	Папуа-Жаңа Гвинея	29,7	28,9
130	Конго Республикасы	29,0	28,6
131	Чад	30,6	29,0



132	Тәжікстан	26,0	28,4
133	Армения	25,8	28,3
134	Маврикий	26,0	27,5
135	Намибия	26,3	26,5
136	Гвинея	24,4	26,5
137	Ямайка	25,4	26,1
138	Бенин	23,6	25,3
139	Руанда	22,8	24,6
140	Қырғызстан	21,6	23,0
141	Малави	21,1	22,4
142	Нигер	20,4	21,8
143	Молдавия	19,0	20,1
144	Гаити	19,4	19,9
145	Косово Республикасы	18,5	19,6
146	Мальта	17,8	19,3
147	Оңтүстік Судан	20,7	18,7
148	Сомали	18,0	18,7
149	Исландия	16,7	17,6
150	Мавритания	16,4	17,3
151	Того	12,2	12,9
152	Багам	11,2	11,6
153	Сьерра-Леоне	10,9	11,5
154	Свазиленд	11,1	11,3
155	Черногория	10,4	11,0
156	Эритрея	8,78	9,38
157	Фиджи	8,19	8,65
158	Суринам	8,36	8,51
159	Бурунди	7,85	7,99
160	Бутан	6,52	7,03
161	Лесото	6,63	6,96

162	Мальдив	6,45	6,89
163	Шығыс Тимор	7,26	6,75
164	Гайана	6,05	6,29
165	Либерия	5,85	6,10
166	Барбадос	5,11	5,24
167	Кабо-Верде	3,53	3,74
168	Джибути	3,34	3,63
169	Гамбия	3,42	3,60
170	ОАР	3,19	3,37
171	Белиз	3,13	3,21
172	Гвинея-Бисау	2,92	3,14
173	Антигуа және Барбуда	2,29	2,39
174	Сент-Люсия	2,42	2,54
175	Сан-Марино	1,99	2,05
176	Гренада	1,52	1,61
177	Сент-Китс және Невис	1,46	1,53
178	Соломон аралдары	1,26	1,32
179	Комор	1,26	1,31
180	Сент-Винсент және Гренадин	1,23	1,27
181	Самоа	1,09	1,13
182	Доминика	0,81	0,79
183	Вануату	0,73	0,77
184	Сан-Томе және Принсипи	0,64	0,68
185	Тонга	0,56	0,59
186	Микронезия	0,33	0,35
187	Палау	0,29	0,29
188	Кирибати	0,22	0,23
189	Маршал аралдары	0,18	0,19
190	Науру	0,15	0,16
191	Тувалу	0,04	0,04

## ГЛОССАРИЙ

**Автономия** – Конституцияда бекітілген мемлекеттің қандай да бір бөлігін дербес басқару және мемлекеттік мәселелерді шешу құқығы.

**Агломерация** – ірі қаланың айналасындағы қала қоныстарының (серіктес қалалардың) шоғырлануы.

**Адам әлеуетінің даму индексі (АЭДИ)** – адамның даму деңгейін (халықтың өмір сүру деңгейін) өлшеуге және елді (өңірлерді) жалпыға танылған көрсеткіштердің жиынтығы бойынша салыстыруға мүмкіндік беретін интегралдық көрсеткіш.

**Адаптация** – адам ағзасының қоршаған ортаның өзгермелі табиғи және әлеуметтік жағдайларына бейімделуі.

**Азия-Тынық мұхит аймағы** – Азия мен Американың материктік бөлігі мен Тынық мұхит аймағы елдерін қамтитын өңір.

**Акционерлік қоғам (АҚ)** – капиталы акционерлердің (пайшылардың) жарналарынан құралатын кәсіпорын.

**Амортизациялық аударымдар** – элементтерінің бірі өндіріс шығындары, өнімнің өзіндік құнына қосылады.

**Анализ** – зерттелетін затты немесе құбылысты оның құрамдас бөліктеріне ойша бөлу, яғни олардың жекелеген бөліктерін, белгілері мен қасиеттерін бөліп алу.

**Анклав** – бір мемлекет аумағының барлық жағынан басқа мемлекеттердің аумақтарымен қоршалған бөлігі.

**Антецеденттік шегаралар** – олар қоршап жатқан аймақтардың дамуынан және түпкілікті қоныстануынан бұрын жүргізіледі.

**Ассимиляция** – бір халықтың (немесе оның бір бөлігінің) тілді, мәдениетті меңгеру және өз тілін, мәдениетін және ұлттық сана-сезімді жоғалту жолымен басқалармен бірігуі.

**Аудандастыру** – елді бір-бірінен тарихи, табиғи, экономикалық, геоэкологиялық және басқа да ерекшеліктерімен, адамдардың өмір сүру жағдайларымен ерекшеленетін аудандарға бөлу.

**Аудан** – экономикалық, әлеуметтік, физикалық-географиялық, әкімшілік, ресурстық, экологиялық көрсеткіштер негізінде бөлінетін аумақ.

**Әкімшілік-аумақтық бөлініс** – мемлекеттің аумақтық ұйымдастыру жүйесі, оның негізінде мемлекеттік билік және басқару органдары құрылады және жұмыс істейді.

**Әлем елдерінің интеграциясы** – бұл шаруашылық қызметтің жоғары кірігуі, ол әдетте негізінен бір өңірге аумақтық кіретін елдерді қамтиды

**Әскери-өнеркәсіптік кешен (ӘӨК)** – әскери өнеркәсіп, әскер және онымен байланысты мемлекеттік аппарат пен ғылымның бөлімдері.

**Баланс** – теңестіру (таразы).

**Гендерлік теңсіздік** – бұл әлеуметтік құрылымның сипаттамасы, оған сәйкес әртүрлі әлеуметтік топтар (бұл жағдайда – ерлер мен әйелдер) тұрақты айырмашылықтарға ие және олардан қоғамда туындайтын тең емес мүмкіндіктерге ие.

**Геосаясат** – мемлекеттердің сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастардың елдің географиялық жағдайына және басқа да физикалық-экономикалық-географиялық факторларға негізделген саяси, әскери-стратегиялық, экологиялық, экономикалық байланыстарға тәуелділігін зерттейтін ғылыми бағыт.

**Геосаяси аудандастыру** – мемлекеттің саясаты (негізінен сыртқы) географиялық факторлармен алдын ала анықталады.

**Геосаяси жағдай** – елдің саяси картадағы орнын бағалау, оның түрлі мемлекеттерге қатынасы.

**Графикалық** (синоним – визуалды) органайзерлер білімді, тұжырымдамаларды, идеяларды, сондай-ақ олардың арасындағы өзара байланыс пен қатынастарды қайта таныстырылымдау үшін графикалық нотацияны пайдаланатын жазбаша коммуникация құралдарын білдіреді.

**Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)** – ел аумағында жыл ішінде өндірілген барлық өнімнің көлемі.

**Жалпы қоғамдық өнім** – белгілі бір уақыт кезеңінде қоғам өндірген материалдық өнімдердің сомасы.

**Жалпыұлттық кіріс (ЖҰК)** – шетелге ауыстырылған шетелдік компаниялардың пайдасын және шетелдік жұмысшылардың жалақысын шегере отырып, елдің аумағында бір жыл ішінде өндірілген барлық өнімдердің көлемі және шетелден түсетін ұқсас түсімдер.

**Жалға беру** – адамдар тобына белгілі бір мерзімге жерді, мәшинелерді, жабдықтарды, жекелеген кәсіпорындарды, фермаларды уақытша пайдалануға беру шарты.

**Жасыл революция** – азық-түлік мәселелерін шешу үшін ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру мақсатында дамып келе жатқан елдерде өткізілетін іс-шаралар кешені.

**Жаһандық жылыну** – бұл соңғы кезеңдегі қоршаған ортаның орташа температурасының өсу көрсеткіші.

**Дүниежүзілік шаруашылық** – өзара байланысты ұлттық шаруашылықтар жүйесі, оның негізінде халықаралық еңбек бөлінісі, түрлі экономикалық, саяси және басқа да қатынастар жатыр.

**Заңды аудандастыру** – қандай да бір үкіметтік органның, яғни Президенттің, Парламенттің, кеңестің және т. б. өкілеттік мерзімі. Басқаша айтқанда, бұл нақты орган ел, облыс немесе кез келген басқа әкімшілік бірлік рөлінде қалатын уақыт бөлігі.

**Импорт** – тауарларды басқа мемлекеттерден елге әкелу.

**Индекс** – бірнеше басқа индикаторларға немесе деректерге негізделген біріктірілген немесе өлшенген индикатор.

**Индикатор** – көрсеткіш (әдетте өзгерістерді түсіндіру үшін қолдануға болмайтын бастапқы деректерден шығарылады).

**Индустрияландыру** – шаруашылықтың барлық салаларында, әсіресе өнеркәсіпте ірі машина өндірісін құру; нәтижесінде елдің аграрлықтан индустриялық жүйеге айналуы орын алады.

**Инновациялардың диффузиясы** – бұл жаңа идеялар мен технологиялардың әртүрлі мәдениет арқылы қалай, неге және қандай жылдамдықпен таралатынын түсіндіруге ұмтылатын теория.

**Интеграция** – қандай да бір бөлікке немесе элементке біріктіру.

**Инфрақұрылым** – халықтың қалыпты жұмыс істеуі мен күнделікті өмірін қамтамасыз ету үшін қажетті құрылыстардың, ғимараттардың, жүйелер мен қызметтердің жиынтығы. Өндірістік инфрақұрылымға әдетте көлік, байланыс, энергетика, сумен жабдықтау жатады; әлеуметтік инфрақұрылымға (қызмет көрсету саласына) – ағарту, денсаулық сақтау, бөлшек сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, т. б. жатады.

**Кешенді географиялық аудандастыру** – геожүйелердің физикалық-географиялық ландшафттық-геофизикалық модельдері.

**Қазіргі заманның жаһандық мәселелері** – бұл адамзаттың әлеуметтік прогресі мен өркениетті сақтауға байланысты әлеуметтік-табиғи проблемалардың жиынтығы.

**Қалдықсыз, қалдықсыз технология** – өнеркәсіптік дамудың маңызды бағыты, шикізатты кешенді және толық қайта өңдеуге немесе су айналымы құралдарын (мұнай өңдеу және өнеркәсіптің басқа салаларында) пайдалануға мүмкіндік беретін өндіріс процестерінің жүйесі.

**Логист** – тауарды жеткізумен, оны одан әрі жинаумен кәсіби айналысатын адам, сондай-ақ жеткізудің ең тиімді сызбасын әзірлейтін адам. Бұл – сенімді серіктестерді іздейтін, есеп жүргізетін, көлік қызметтері нарығын талдаумен айналысатын, қажетті құжаттарды дайындайтын адам. Егер тапсырыс берушіге тиісті сапада қажетті мөлшерде және көлемде қажетті мерзімде құралдар мен күштердің аз шығындарымен жеткізілсе, логистің міндеті толық орындалған болып саналады.

**Матрица** («matrix» латын сөзінен алынған) – штамп, үлгі, ел зерттеу құралы.

**Мемлекеттік егемендік** – өз шегарасы шегінде мемлекет және оның халықаралық істердегі дербестігі.

**Мемлекеттік тіл** – мемлекеттегі ең көп тілде сөйлейтін ұлттың тілі.

**Microsoft Excel бағдарламасы** – Microsoft корпорациясы жасаған электрондық кестелермен жұмыс істеуге арналған. Ол экономикалық-статистикалық есептеулерге, графикалық құралдарға мүмкіндік береді.

**Облыс** – әкімшілік-аумақтық бірлік, халықтың ұлттық құрамының ерекшеліктерімен ерекшеленетін және автономия бастауларында өлке немесе республикаға тікелей кіретін облыс.

**Өнеркәсіптік аудан** – өнеркәсіптің бір немесе бірнеше саласы кәсіпорындарының үйлесуімен және өндірістік өзара байланыстарымен түзілетін салалық экономикалық аудан.

**Өңір** – «аудан» ұғымының синонимі ретінде де, нақты сызылған шегарасы жоқ аумақтарды сипаттау үшін де пайдаланылады.

**Паритет** (лат. *paritas* – тепе-теңдік) – екі немесе одан да көп тараптардың қандай да бір параметрлер бойынша өзара қарым-қатынасының теңдігі.

**Рекреация** – адам күшін қалпына келтіру; демалыс. Рекреациялық ресурстар – адам денсаулығын қалпына келтіруге ықпал ететін, жақсы демалуға жағдай жасайтын ресурстар.

**Power Point бағдарламасы** – слайд-шоуды жасауға арналған бағдарлама «Трансформация» функциясымен толықтырылды, ол ең батыл дизайнерлік ойларды іске асыруды қамтамасыз ететін анимацияланған өтуді жасауға мүмкіндік береді.

**Саяси-географиялық** – жағдайы қандайда бір елдің оның бейбітсүйгіш саясат жүргізетін басқа мемлекеттерге қатысты жағдайын білдіреді.

**Синтез** – жекелеген элементтердің, бөліктердің және белгілердің біртұтас бүтін оймен қосылуы.

**Субсеквентті шегара** – антеценттік шегараға қарама-қарсы, яғни аймаққа қоныстанғаннан кейін жүргізіледі.

**Табиғи жағдайлар** – адамдардың қоныстануына, олардың өмірі мен денсаулығына, өндірістің орналасуына және адам қызметінің басқа да нысандарына тікелей әсер ететін табиғаттың (аумақ, жер бедері, климат, мұздық, топырақ және т. б.) қасиеттері мен ерекшеліктері.

**Табиғи ресурстар** – адамның шаруашылық қызметінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін табиғат компоненттері мен олардың қасиеттері.

**Ұлттық табыс** – ел немесе оның өңірі экономикасында белгілі бір уақыт ішінде жаңадан құрылған құн. Жалпы қоғамдық өнімнің бір бөлігінен оны өндіруге арналған материалдық шығындар шегеріледі.

**Физикалық географиялық аудандастыру** – ішкі біртұтастыққа және табиғаттың өзіндік жеке ерекшеліктеріне ие табиғи аймақтар жүйесін анықтауға және зерттеуге негізделген жер бетін аумақтық бөлу жүйесі.

**Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)** – елдер арасындағы валюталық-қаржылық қатынастарды абаттандыру жөніндегі мамандандырылған мекеме.

**Халықаралық еңбек бөлінісі (ХЕБ)** – олар басқа елдермен алмасатын өнімдер мен қызметтердің белгілі бір түрлерін өндіруде әлемнің жекелеген елдері шаруашылығының мамандануы.

**Халықаралық экономикалық ынтымақтастық нысандары, сыртқы сауда, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, несие** – қаржылық қатынастар, халықаралық туризм, қазіргі заманғы кәсіпкерлік, түрлі қызметтер көрсету және т.б.

**Экономикалық-географиялық жағдай (ЭГЖ)** – елдің экономикалық картасында экономиканың негізгі аудандары мен орталықтарына қатысты жағдайын бағалауға мүмкіндік береді.

**Экспорт** – тауарларды бір елден екінші елге шығару.

**Эмпирикалық әдіс** (ежелгі грек. εμπειρία [empeiria) – эксперимент немесе бақылау арқылы алынған деректер.

Оқулық басылым      Учебное издание

Тулепбекова Светлана Карагуловна  
Аманжолов Айдын Иманкешович  
Жылкайдарова Айнаш Муйтеновна

## ГЕОГРАФИЯ

2-бөлім Жаратылыстану-математика бағытындағы жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларына арналған оқулық	Часть 2 Учебник для учащихся 10 класса общеобразовательной школы естественно- математического направления
--	--

Редакторы / Редактор – Ә. Б. Орынбаева  
Әдіскер / Методист – Ф. С. Лекерова  
Корректоры /Корректор – Б. М. Жампеисова  
Дизайн – Е. С. Жузбаев  
Мұқаба / Обложка – А. М. Әбдіразақ, Б. Б. Булатов, Е. С. Жузбаев  
Беттеуші / Верстка – Г. А. Матакбаева

Басуға 13.06.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 70x100 <sup>1</sup> / <sub>16</sub> , Есептік баспа табағы 10,93. Шартты баспа табағы 15,48. Офсеттік басылым. Әріп түрі «Open Sans». Офсеттік қағаз. Таралымы 42 000 дана. Тапсырыс № 2148  Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй, «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС, тел. +7 (727) 250 29 58, факс +7 (727) 292 81 10. e-mail: info@almatykitap.kz  Сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай. Сертификация қарастырылмаған. Сақтау мерзімі шектелмеген.	Подписано в печать 13.06.2019 г. Формат 70x100 <sup>1</sup> / <sub>16</sub> . Уч.-изд. л. 10,93. Усл. печ. л. 15,48. Печать офсетная. Гарнитура «Open Sans». Бумага офсетная. Тираж 42 000 экз. Заказ № 2148  С претензиями по качеству обращаться: Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111, ТОО «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ», тел. +7 (727) 250 29 58; факс +7 (727) 292 81 10. e-mail: info@almatykitap.kz  Соответствует всем стандартам качества и безопасности. Сертификация не предусмотрена. Срок годности не ограничен.
--	--

Түркияда басылды / Отпечатано в Турции  
Avea Basım Yayın San.Tic.Ltd.Sti.  
Baha Is Merkezi A Blok Kat: 2 Cihangir Mah. Guvercin Cad. №3 Acılar - Istanbul

Оқулықтар мен көркем әдебиетті «АЛМАТЫКІТАП» кітап дүкендерінен сатып алуға болады:

Нұр-Сұлтан қаласы:

- Иманов көшесі, 10, тел.: +7 (7172) 53 70 84,  
27 29 54;
- Б. Момышұлы даңғылы, 14, тел.:  
+7 (7172) 42 42 32, 57 63 92;
- Жеңіс даңғылы, 67, тел.: +7 (7172) 29 93 81;  
29 02 12.

Сауда бөлімі, тел.: +7 (727) 292 92 23, 292 57 20,  
e-mail: sale1@almatykitap.kz

Интернет-дүкен: [www.flip.kz](http://www.flip.kz)  
Электронды оқулықтар: [www.opiq.kz](http://www.opiq.kz)

Алматы қаласы:

- Абай даңғылы, 35/37, тел.: +7 (727) 267 13 95,  
267 14 86;
- Гоголь көш., 108, тел.: +7 (727) 279 29 13,  
279 27 86;
- Қабанбай батыр көш., 109, тел.:  
+7 (727) 267 54 64, 272 05 66;
- Жандосов көшесі, 57, тел.: +7 (727) 303 72 33,  
374 98 59;
- Гагарин даңғылы, 76, тел. +7 (727) 338 50 52;
- Майлин көшесі, 224а, тел. +7 (727) 386 15 19;
- Төле би көш., 40/1, тел.: +7 (727) 273 51 38,  
224 39 37.

Кітаптар мен басылымдар туралы мағлұматтарды [www.almatykitap.kz](http://www.almatykitap.kz) сайты арқылы білуге болады.